Балбалы, одни из старейших и молчаливых свидетелей тюркской цивилизации. Одна из древнейших цивилизаций в мире важна с точки зрения прояснения таких вопросов, как система верований, образ жизни и мировоззрение тюркской культуры. Балбалы, являющиеся свидетелями тысячелетней истории, высеченной на камне на обширной территории Средней Азии, прародины тюрков, также имеют очень большое значение с точки зрения того, чтобы быть народным достоянием. Для этого следует поощрять научные/академические исследования, чтобы балбалы, которые являются одними из древнейших очевидцев нашей истории, заняли то место, которое они заслуживают в научном мире. Сохранение и передача каменных изваяний будущим поколениям предотвратит разрыв связи между прошлым и будущим. Дарить и защищать ту ценность, которую заслуживают балбалы – сохранять тысячелетнюю память нации.

Литература

1. Байбосынов К. Каменные изваяния Жамбылской области. – Алматы: Онер. 1996. – 176 с.
2. Бейсенов А. Балбал. Түркістан. Халықаралық энциклопедия. – Алматы, 2000. – 173 б.
3. Веселовский Н.И. Современное состояние вопроса о каменных бабах или «балбалах». – Одесса, 1915. – 40 с. + 14 табл.
4. Войтов В.Е. Каменные изваяния из Унгету. Центральная Азия: новые памятники письменности и искусства: сб. ст. / отв. ред. Б.Б. Пиотровский, Г.М. Бонгард-Левин. – М.: Наука. 1987. С. 75-83.
5. Дашкевич Я.Р., Трыярска Э. Каменные бабы Причерноморских степей: коллекция из Аскании-Нова. – Вроцлав: Институт истории материальной культуры ПАН, 1982. – 370 с.
6. Досымбаева А.М. История тюркских народов. Традиционное мировоззрение тюрков. – Алматы: Seuvic Press, 2013. – 250 с.
7. Досымбаева А.М. Западный Тюркский каганат. Культурное наследие казахских степей. – Алматы: Комплекс, 2006. – 168 с.
8. Красильников К.И., Тельнова Л.И. Половецкие изваяния среднего Подонцовья: Типология, эволюция, хронология (по материалам коллекций Луганской области). Степи Европы в эпоху средневековья. – Донецк: Донецкий национальный университет. Т. 1. 2000. – С. 227-244.
9. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. Тексты и исследования. – Москва, 1951. – 451 с.
10. Пилипчук Я.В. «Половецкие бабы» как источник по социальной истории кыпчаков. Казахская цивилизация. №3 (52). – Алматы, 2013. – С. 57-68.
11. Умарходжиев А. Тайные Знаки «Балбалы». – Алматы: Продюсерский центр Gala Tv, 2013.
12. Федоров-Давыдов Г.А. Кочевники Восточной Европы под властью золотоордынских ханов. Археологические памятники. – Москва, 1966. – 276 с.
13. Худяков Ю., Табалдиев К. Древние тюрки на Тянь-Шане. – Новосибирск: Изд-во ИАЭТ СО РАН, 2009. – 292 с.
14. Шер Я.А. Каменные изваяния Семиречья. – Москва: Наука, 1966. – 140 с.
15. Belli O. Archaeological Surveys in Kazakhstan and Kyrgyzstan. İstanbul University's Contributions to Archaeology in Turkey (1932-2000). – İstanbul, 2001. pp. 427-435.
16. Ciro L. M. Archaeological Traces of Early Turks in Transoxiana: An Overview. Coins, Art and Chronology II. – Vienna, 2010. pp. 429-442.
17. Choruhlu Yaşar. Ranniy period turkskogo iskusstva. – Stambul: Kabalj, 1998. – 158 p.
18. Rasim E. Kamennaya Plastika Azerbaidzhan. – Baku: Ishyk, 1986. pp. 42-47.

References

1. Baybosynov K. Kamennyye izvayaniya Zhambylskoy oblasti. – Almaty: Oner. 1996. – 176 p.
2. Beisenov A. Balbal. Turkistan. Halykaralyk enciklopedya. – Almaty, 2000. – 173 p.
3. Veselovskiy N. Sovremennoye sostoyaniye voprosa o kamennykh babah ili «balbalah». – Odessa, 1915. – 40 p. + 14 tabl.
4. Voytov V.E. Kamennyye izvayaniya iz Ungetu. Tsentralnaya Aziya: novyye pamyatniki pismennosti i iskusstva: sb. st. / отв. ред. Б.Б. Пиотровский, Г.М. Бонгард-Левин. – М.: Nauka, 1987. pp. 75-83.
5. Dashkevich Y.R., Tryarski E. Kamennyye baby Prichernomorskikh stepey: kolleksiya iz Askanii-Nova. – Vrotslav: Institut istorii material'noy kul'tury PAN, 1982. – 370 p.
6. Dosymbayeva A.M. Istoriya tyurkskikh narodov. Traditsionnoye miovozzreniye tyurkov. – Almaty: Seuvic Press, 2013. – 250 p.
7. Dosymbayeva A.M. Zapadnyy Tyurkskiy kaganat. Kulturnoye naslediye kazakhskikh stepey. – Almaty: Kompleks, 2006. – 168 p.
8. Krasil'nikov K.I., Tel'nova L.I. Polovetskiye izvayaniya srednego Podontsov'ya: Tipologiya, evolyutsiya, khronologiya (po materialam kollektsey Luganskoy oblasti). Stepi Yevropy v epokhu srednevekov'ya. – Donetsk: Donetskii natsional'nyy universitet. T. 1. 2000. pp. 227-244.
9. Malov S.E. Pamyatniki drevnetyurkskoy pismennosti. Teksty i issledovaniya. – Moskva, 1951. – 451 p.

10. Pilipchuk Y.V. «Polovetskiye baby» kak istochnik po sotsialnoy istorii kypchakov. Kazakhskaya tsivilizatsiya. №3 (52). – Almaty, 2013. pp. 57-68.

11. Umarchodzhiev A. Taynyye Znaki «Balbaly». – Almaty: Prodyuserskiy tsentr Gala Tv, 2013.

12. Fedorov-Davydov G.A. Kochevniki Vostochnoy Yevropy pod vlastyu zolotoordynskikh hanov. Arkheologicheskiye pamyatniki. – Moskva, 1966. – 276 p.

13. Khudiyakov Y.U., Tabaldiyev K. Drevniye tyurki na Tyan-Shane. – Novosibirsk: Izd-vo IAET SO RAN, 2009. – 292 p.

14. Sher Y. A. Kamennyye izvayaniya Semirechya. – Moskva: Nauka, 1966. – 140 p.

15. Belli O. Archaeological Surveys in Kazakhstan and Kyrgyzstan. İstanbul University's Contributions to Archaeology in Turkey (1932-2000). – İstanbul, 2001. pp. 427-435.

16. Ciro L. M. Archaeological Traces of Early Turks in Transoxiana: An Overview. Coins, Art and Chronology II. – Vienna, 2010. pp. 429-442.

17. Choruhlu Yaşar. Ranniy period turkskogo iskusstva. – Stambul: Kabalj, 1998. – 158 p.

18. Rasim E. Kamennaya Plastika Azerbajjana. – Baku: Ishyk, 1986. pp. 42-47.

Әбішева А.А.

Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан
e-mail: aabisheva691@gmail.com

Abisheva A.A.

National Museum of the Republic of Kazakhstan
Nur-Sultan, Kazakhstan
e-mail: aabisheva691@gmail.com

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ МУЗЕЙІ ҚОРЫНЫҢ ҚҰРАМЫНДАҒЫ БАЛБАЛ ТАСТАР

Мыңдаған жылдар бұрын Орталық Азияның ұланғайыр жерінде тамыр жайған балбал тастар Солтүстік Қара теңізден Моңғолияға дейінгі кең географиялық аймақта шоғырланған. Тарихтың куәсі болып табылатын балбал тастардың ғұрыптық орындарға орнатылуының сыры ғылыми зерттеулерге арқау болып келді. Бұл құпия XIX ғасырдың соңына дейін жалғасып келді. Алайда, Орхон-Енисей жазба деректерінің арқасында ескерткіштердің мәні ашыла бастады. Балбал тастар сақталған елдің бірі – Қазақстан. Бүгінгі күнге дейін Қазақстанда нақты қанша балбал бар және олардың бүгінгі күнге дейін қандай күйде сақталғаны белгісіз. «ҚР Ұлттық музейінің қорындағы балбал тастар» атты еңбекте Қазақстан Республикасының Ұлттық музейінің қорында тұрған балбал тас ескерткіштері қарастырылды.

Түйін сөздер: Орта Азия, Қазақстан, Ұлттық музей, балбал тастар, тас мүсіндер.

BALBALS AS PART OF THE FUND OF THE NATIONAL MUSEUM OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Balbals, which took their root thousands of years ago in the boundless steppes of Central Asia, continue to exist on a vast geographical territory from the northern Black Sea coast to Mongolia. It is no coincidence that balbals, which kept their secrets throughout history, are taken as a subject of research study. The purpose of creating balbals was a frequent subject of constant research until the end of the 20th century. However, thanks to the studies and deciphering of the Orkhon-Yenisei written sources, the historical mystery of the Balbals gradually began to be revealed.

The article gives the analyses of scientific approaches to the study of such museum exhibits as balbals, which are part of the fund of the National Museum of the Republic of Kazakhstan.

Keywords: Central Asia, Kazakhstan, National Museum, balbals, stone sculptures.

Жайлыбай Д.Ж.

Еуразия ғылыми-зерттеу институты

Алматы қ., Қазақстан

e-mail: daulet_87@bk.ru

ХІХ-ХХ ғғ. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ НЕКЕ ЖӘНЕ ОТБАСЫЛЫҚ ДӘСТҮРЛЕРІНДЕГІ МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС МӘДЕНИ МҰРАНЫҢ КӨРІНІСТЕРІ

Қазақ халқының неке және отбасы мәселесі қазіргі кезде жан-жақты қарастырылған тақырып болып табылады. Алайда қазақ халқының неке және отбасындағы материалдық емес мәдени мұра үлгілерінің ежелгі кезеңдерден бері әртүрлі қалыптасуы қазіргі кезде зерттеушілер үшін өзекті мәселе ретінде қарастырылады. Бұл қазақ халқының тіршілік жүйесіндегі отбасылық дәстүрлер мен ырымдар бір-біріне байланысты екенін көрсетеді. Осы дәстүрлердің өзара байланысуы қазақтың дәстүрлі құқық жүйесінің қалыптасуына да зор ықпал етті. Атап айтар болсақ, некелесу үрдісіндегі қалың мал төлеу, жасау беру және қазақ отбасындағы әйел мен ердің орны дәстүрлі құқық жүйесімен сипатталды. Сондай-ақ қазақ отбасындағы дәстүрлер мен әдеттердің тұтас құндылығы материалдық емес мәдени мұраны толықтырып отырды. Бұл өз кезегінде қазақ этномәдениетінің барлық қырларынан көрініс тапты.

Қазіргі кезде әртүрлі трансформацияға түскен бұл дәстүрлі мәдениет үлгілері еліміздің материалдық емес мәдени мұрасы ретінде түсіндіріледі.

Түйін сөздер: материалдық емес мәдениет, неке, отбасы, сый, қалың мал, жасау, дәстүр, ырым, мәдениет, дәстүрлі құқық.

Кіріспе

Қазақ халқындағы неке және отбасындағы дәстүрлі құқық жүйесі әр кезде түрлі өзгерістерге толы болды. Себебі, бұл дәстүрлі құқық жүйесінің қалыптасуына этностың өзара байланысы, тұрмыс-тіршілігі, отбасы формасы мен туыстық қатынастары тікелей әсер етті. Соның ішінде этностың тіршілік ету формасы мен өмір сүруі қоршаған ортасы неке және отбасындағы дәстүрлердің қалыптасуының негізгі қайнар көзі болды. Отбасы және неке

байланысындағы сый алмасуы жүйесіндегі өзгерістер шаруашылықпен тығыз байланыста болды. Мұны ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың басындағы арнайы зерттеулерден байқаймыз. Қазақтардың неке және отбасы дәстүрлерінде, қалың мал мен қыздың жасауын беру мәселесінде ортақ ұқсастықтардың болуы көптеген факторларға байланысты болды. Соның ішінде отбасылық дәстүрлердегі өзгерістердің жиі кездесуі аймақтағы тарихи кезеңдердің ықпалында болды. Мұндай өзгерістер көбінесе ХІХ

ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында айқын көрініс табады. Сондай-ақ, еліміздің батысы мен оңтүстік аймағында орналасқан көшпелі және отырықшы қазақтар арасындағы отбасылық дәстүрлерінен өзара ұқсастықтарды көреміз.

Жалпы аймақтар арасындағы шаруашылық байланыстар неке және отбасындағы дәстүрлерге де тікелей әсер еткені белгілі. Соның ішінде қалың мал төлеу, қыз жасауын беру дәстүрлері, оның көлемі әр этностың тіршілік қамы жүйесіне негізделді.

Деректер

Қазақ халқының неке және отбасындағы материалдық емес мәдени мұра мәселесіне байланысты арнайы зерттеулердің қалыптасуы XIX ғасырдың екінші жартысын қамтиды. Бұл кезеңдегі еңбектер қазіргі кезде бір жағынан деректер тобына да жатады. Соның ішінде қазақ халқының дәстүрлі отбасындағы ерекшеліктер Г. Загряжскийдің «Юридические обычаи киргиз и о народном суде у кочевого населения Туркестанского края по обычному праву» (Загряжский, 1876: 157-158), В.Д. Троновтың «Обычаи и обычное право киргиз» (Тронов, 1891: 71-75), И. Козловтың «Обычное право киргиз» (Козлов, 1882: 330-332) сияқты зерттеушілердің еңбектерінде және А. Подварков «Брак и развод у киргиз» атты еңбегінде қалың малдың берілуі мен оның жолдары сипатталады (Подварков, 1910: 62-64).

Ал Х. Кустанаевтың «Этнографические очерки киргиз Перовского и Казалинского уездов» (Кустанаев, 1894: 23-32) еңбегі және И. Ибрагимовтың «Этнографические очерки киргизского народа» еңбегінде қазақ халқындағы қалың малдың көлемі және оған не кіретіні жан-жақты көрсетілген (Ибрагимов, 1872: 126-144).

Қазақтың дәстүрлі құқық мәселесіне қалың малдың көлемі мен оның құрамы жөнінде М.А. Леваневский (Леваневский, 1895: 76-78), Л. Мейер (Мейер, 1865: 252-254), Ы. Алтынсарин (Алтынсарин, 1870: 104-116), Н.И. Гродеков (Гродеков, 1889: 55-56), Н. Изразцов (Изразцов, 1897: 72-83) сияқты зерттеушілер пікір білдірген.

Талқылау

Отбасындағы дәстүрлі құқық жүйесі мен материалдық емес мәдени мұраның қалыптасуы адамзат тарихындағы қоғамдық құрылыстың алғашқы кезеңдерінен сипат алатыны белгілі. Осы жағдайда отбасындағы сый алмасу жүйесі Батыс антропологтарының назарынан тыс қалмады. Соның ішінде Полинезия және Меланезия аралдарынан жинақтаған материалдарды талдаған М. Мосс өзінің «Опыт о даре. Форма и основание обмена в архаических обществах» (Мосс, 1996: 134-148) атты еңбегінде алғашқы қауымдық құрылысы мәдениетінде өмір сүріп отырған тайпалардың тұрмыс-тіршілігіндегі сый алмасу жүйесін, өзара құқықтық қатынастарын қарастырған. Зерттеуші бұл қоғамдағы сый алмасу жүйесінің бірнеше формасын анықтап, оның экономикалық және моральді принциптерге негізделгенін көрсетеді. Сонымен қатар, Мосстың еңбегінде әйел мен еркек арасындағы, тайпалар арасындағы сый берудің рәсімдері беріледі. Мұнда ерлі-зайыптылар арасындағы сый беру жағдайы ортақ бала дүниеге келгеннен кейін қайтарымсыз өзара сый алмасатынын жазады. Бұл тұрғыда Б. Малиновскийдің «Аргонавты западной части Тихого Океана» (Малиновский, 2004: 102, 350) атты еңбегінде Тробриан аралдарындағы тайпалар арасында «кула» атауымен берілетін бағалы тастардың сыйлықтар жүйесі жазылады. Мұнда аралда тіршілік етіп отырған тайпалар арасындағы сый беру әдістері мен жөн-жоралғылары сипатталады. Жалпы, алғашқы қауымдық құрылыс мәдениетіндегі сый алмасу жүйесі жөнінде Леви Брюль, Леви Стросстың және басқа да батыстық антропологтардың еңбектерінде көрініс тапқан.

Ал, қазақ қоғамындағы неке және отбасылық қатынастар мәселесі Х. Арғынбаевтың «Қазақ халқындағы семья мен неке» (Арғынбаев, 1973: 172) еңбегінде, З.К. Сұрағанованың «Обмен дарами в казахской традиционной культуре» (Сураганова, 2009: 118) атты еңбегінде және басқа да авторлардың зерттеулерінде кездеседі.

Жалпы бұл еңбектерде қазақтардың материалдық емес мәдениеті мен дәстүрлі құқық жүйесіне байланысты теориялық мәселелер қарастырылады.

Қазақ халқының неке және отбасындағы дәстүрлі құқық мәселелерін зерттеуде тарих ғылымына ортақ деректанулық әдістер қолданылады. Тақырыпқа қатысты деректер мен әдебиеттерді жинақтау, жүйелеу және салыстырмалы әдістермен қатар, деректерді ішкі және сыртқы сыннан өткізу ұтымды болып табылады. Сонымен қатар, аталмыш дәстүрлердің өзара ортақ ұқсастықтарын анықтауда кросс мәдени талдаулар қажет етеді. Соның ішінде этнографиялық зерттеу жұмыстарының нәтижелері қолданылады.

Әдістер

XIX-XX ғғ. қазақ халқының отбасылық қатынастарындағы материалдық емес мәдени мұра мәселелерін қарастыру жалпы ғылымға ортақ әдістер арқылы жүзеге асады. Соның ішінде XIX ғасырларда қалыптасқан арнайы әдебиеттерді жинау, жүйелеу, деректерді талдау, сыннан өткізу әдістері кең қолданысқа ие. Сонымен қатар, қазіргі кезде ел арасында кешенді этнографиялық әдістер арқылы экспедициялық жұмыстар жүргізу аталмыш тақырыптың жан-жақты қарастырылуына мүмкіндік береді.

Нәтижелер

XVIII-XIX ғғ. қазақ даласына келген орыстың әскерилері, зерттеуші шенеуніктері еліміздің барлық қыр-сырын қамтып зерттеуге тырысты. Соның ішінде табиғат, географиялық орналасулар, топонимика және елдің дәстүрлі мәдениеті мен әдет-ғұрпына ерекше мән берді. Бұл олардың отарлық саясатын жеделдетуге және оны қолайлы етуге мол мүмкіншілік туғызды. Осындай бағыттағы орыс зерттеушілері үшін қазақтың дәстүрлі құқықтарын түсіну және оны зерттеу ауадай қажет болды десек қателеспейміз. Бұл олардың жергілікті қоғамды түсініп, келесі саяси стратегияларын жүзеге асырудың жеңіл жолы болды.

Қазақ даласын алғашқылардың бірі болып, И.П. Фальк, И.Г. Георги, П.-С. Паллас, Н.П. Рычков, Я.П. Гавердовский, А.И. Левшин және т.б. көптеген зерттеушілер келіп зерттеді. Олардың еңбектері жалпылама қазақ даласының табиғи жағдайын, климатына және даладағы саяси мәселелер, әкімшілік

территориялық бөліністер және ұлт-азаттық көтерілістерді де қамтыды. Сонымен қатар, қазақ этномәдениетіне басты назар аударды. Бұл жарияланымдардың қатарынан қазақтың дәстүрлі құқық мәселесіне де қатысты айшықты зерттеулерді табуға болады. Жалпы XIX ғасырда орыс зерттеушілері үшін қазақ даласы негізгі зерттеу объектісі болды.

Қазақтың дәстүрлі құқық жүйесін зерттеу барысында алдымен билер институтына аса назар аударуға болады. Билер институты қазақ даласында негізгі құқықтық негіздерді қалыптастырушы және біріктіруші рөл атқарды. Билердің шығарған үкімдері мен шешімдері XIX ғасырдың ортасында ерекше назарға ілінді. Себебі, қазақ даласын отарлай бастаған Ресей империясының әкімшілік реформалары тұсында қазақ қоғамында билердің қызметі күшейді.

Қазақ даласындағы билер институты жөнінде алғашқылардың бірі болып П.И. Рычков «Ордалардағы билік барынша демократиялық негіздерге сүйенеді, кім қарт және бай болса соны сыйлайды» деген еді, сондай ақ, И.П. Рычков қазақ қоғамындағы биліктің үш сатысын атап көрсетеді: біріншісі, қожалар; екіншісі, билер; үшіншісі, сұлтандар деп көрсетеді (Рычков, 1896: 72). Бұндағы мәселе билердің рөлінің өзі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтың ерекше бағаланатынын көрсетеді және даладағы демократияның негізін билер қамтамасыз етіп тұрғандығын білдіреді. XIX ғасырдың басы қазақ даласына зерттеушілер мен әскери шенеуніктердің ең көп келгендігімен ерекшеленеді. Соның ішінде Я.П. Гавердовскийдің халықтық судьяны қазақтардың би деп атайтыны, олар бай және сөзге шешен екенін келтірген мәліметтерін атап айтуға болады. Билердің шешімдері басқалардан басымдыққа ие екендігін көрсетеді (Гавердовский, 2007: 340). Сондай-ақ Я.П. Гавердовский дәстүрлі құқықты зерттеу барысында дала заңдарының әдеттік нормаларына да аса мән берген. Ал, көшпенділердің дәстүрлі құқық жүйесін В.В. Григорьев қазақтардың сот жүйесіне басқа да дамыған елдердің өзі қызығушылықпен қарайтындығын айтады (Григорьев, 1871: 64).

А.И. Крахалевтің зерттеуінше қазақтың дәстүрлі құқығы көне заманғы формаға жатады және астарда көптеген ел ішіндегі даулы мәселелер шешілетіндігін айтқан.

Сонымен қатар, елдің барлығы қандай да бір даулы мәселелерін шешу үшін жүгінетінін анық көрсеткен (Крахаев, 1888: 25). Бұл мәселе төңірегінде А. Леонтьев те біраз қарастырады, ол өзінің «Обычное право киргиз: Судостройство и судопроизводство» атты мақаласында қазақтарда сот құқығы ежелден билер, сұлтандар мен хандарда болғанын ескертеді. Оның айтуынша билер рудың ішінен шығып биліктің барлық қыр-сырын жеткілікті меңгерген адам болып табылады (Леонтьев, 1890: 113–139). Жалпы, көшпелілер арасында билердің функциясы ежелден өзекті болғанын көруге болады, яғни, рудың билігін ұстаған ақсақалдар негізгі билеуші болып табылды. Ал кейін әскери қақтығыстар мен саяси ықпалдастықтар хандар мен сұлтандардың қызметін алдыға шығарды. Билер тек қана сот мәселесі емес сонымен қатар, әлеуметтік мәселелерді де терең қарастырған.

1860 жылдардың ортасында далалық қазақтардың әлеуметтік-экономикалық және құқықтық қатынастарын зерттеуге арналған арнайы комиссия құрылды. Бұл комиссияның негізгі мақсаты қазақ жерлерін ресейлік әкімшілік-территориялық және құқықтық басқаруға жалпыластыру болды. Осы комиссия құрамында қазақтың дәстүрлі құқығы мен билер институтын зерттеуде Торғай облысы әскери губернаторы А.К. Гейнс те көп еңбек етті. Алайда оның зерттеулері де кейбір даланың дәстүрлі құқығына өзінің қарама-қайшылық пікірлерін қалдырды. Ол қазақ билері атадан балаға қалдырылатын мұра ретінде көрсетіліп, қазақ қоғамындағы билерді биліктің бір формасы ретінде қарап, қолындағы билігі барлардың көпшілігі би бола алады деп атады (Гейнс, 1898: 21).

XIX ғ. екінші жартысындағы қазақ қоғамында сақталып келе жатқан дәстүрлі құқық жүйесін 1871 жылы Л. Баллюсектің Орыс географиялық қоғамының Орынбор бөлімі жазбаларының 2-басылымында жарық көрген «Народные обычаи, имевшие, а отчасти и ныне имеющие в Малой киргизской орде силу закона» атты мақаласында қазақтың жаза қолдану, сот жүргізу тәртібі, неке мәселесін шешу, мұра қалдыру ісін, ұрлық, қылмыстық істерді және қарыздану мәселесіндегі дәстүрлі құқық жүйелерін қарастырады (Баллюсек, 1871: 45–167). Ал 1878 жылы И.И. Ибрагимовтың Орыс географиялық қоғамы этнограф. 8 томында

«Заметки о киргизском суде» атты мақаласында кіші жүз қазақтарының салт-дәстүрлерінің заңдық күшке айналғандығын және қазақтардың сот жүргізу тәртібін иллюстрацияларымен және нақты мысалдармен келтірген (Ибрагимов, 1878: 233–257). Қазақтардың дәстүрлі құқығын зерттеген зерттеушілер қатарында басқа да ұлттармен салыстырмалы түрде зерттелген мақалалар кездеседі. Солардың қатарына С. Швецовтың «Обычно-правовые воззрения алтайцев (калмык) и киргиз. Брачные и семейные отношения» атты мақаласын атауға болады (Швецов, 1898: 1–16). Бұл мақала 1898 жылы жарық көрген. Оның негізгі дереккөзі ретінде Белағаш даласындағы қазақтардың қоғамдық қатынастары мен құқықтық жүйесі алынған. Сонымен қатар, 1891 жылы В.Д. Троновтың «Обычай и обычное право киргиз» атты мақаласы жарияланды. Мұнда неке қатынастары, мұрагерлік, жұмысшы жалдау, қылмыс пен жаза, отбасы құқығы, жетімдерді асырап алу, мүлктік құқық, жер иелену мәселелері қарастырылды (Тронов, 1891: 71–86).

1905 жылы Л.А. Словохотовтың «Народный суд обычного права киргиз Малой орды» атты еңбегінде сот жүргізу тәртібі мен сот жүйесі зерделенген болатын (Словохотов, 1905: 158). Сонымен қатар, қазақтың дәстүрлі құқығының негізгі шарттары берілді. Бұл Кіші жүз қазақтары мысалы негізінде жазылған еңбек болып табылады. Ж. Ақпаевтың 1907 жылы Орыс географиялық қоғамының Батыс-Сібір бөлімі, Семипалатинск бөлімшесі Жазбаларының 3-томында «Наброски по обычному, в частности, брачному праву киргиз-казахов» мақаласында қазақтың дәстүрлі құқығының негізгі терминдері мен түсініктеріне талдау жасаған (Ақпаев, 1907: 1–11). Лаппо Д.Е. 1906 жылы «Русская мысль» журналының 10-санында «Об изучении степного права» атты мақаласын жариялады, онда Қазақстан территориясындағы құқықтық жүйені баяндай келе, әртүрлі пікірлер қосқан (Лаппо, 1906: 36–51).

Ал А.И. Мякутин 1911 жылы «Юридический быт киргизов» атты еңбегінде қазақтардың өзгермейтін міндетті құқықтарын жинақтап және оның заңдық дәрежесін басқа да халықтардың құқықтарымен салыстырып сипаттаған (Мякутин, 1911: 1–180). Жалпы, қазақ халқының құқықтық жүйесі

жөнінде әр кездерде көптеген жазбалар мен еңбектерден жақсы көріністері берілген. Ал, Д. Архангельскийдің мақаласында орыстар мен қазақтар арасындағы сот істері жөнінде кейбір күрделі мәселелерді әскери соттан гөрі халықтық сотқа жүгінудің тиімді екенін көрсетеді (Архангельский, 1864: 307-311).

XIX ғасырдағы зерттеушілердің еңбектеріндегі қазақтың дәстүрлі құқығы өз кезегінде өте өзекті мәселелердің бірі болды. Оның әлеуметтік мәні мен қажеттілігі қазақ қоғамының дамуының жаңа сатысына өту қарсаңында күрделі өзгерістер қарсаңында тұрды. Бұл қазақтың тек қана қоғамдық институттарды (билер институтын) ғана қамтымай, сонымен қатар, елдің рухани болмысына де зор ықпал еткен болатын. Билер мен ақсақалдардың дәстүрлі құқық негізін қалыптастырып, оны жаңа әлемдік судьямен салыстыра қарауы қазақ елінің демократиялық және ашық қоғам екенін көрсетті. Билердің айтқандары мен шешімдері әртүрлі эпостарда, ауыз әдебиеті үлгілерінде сақталып қалды. Олардың ежелгілері қазіргі кезде аңызға айнала бастады. Алайда, осындай ерекшелікке ие болып отырған құқықтардың жалпы қазақ даласына ортақ құндылықтарды қалыптастырып сақтауы көптеген зерттеушілердің назарына әртүрлі күйде ілікті. Дегенмен, қазақтың дәстүрлі құқығының негізгі қызмет еткен кезеңдері зерттеушілердің еңбектерін салыстырып қарау ел тарихының өзекті мәселелеріне жатады.

Осылайша қазақтың дәстүрлі құқық жүйесіндегі көптеген мәселелер билер сотында қарастырылды. Ал осы сот істері негізінен отбасылық, туыстық қатынастарды қамтыды. Оның ішіне жесір дауы, қалың мал мәселесі, неке құру жағдайлары қамтылды. Мұны дәстүрлі құқық жүйесіндегі қалыптасқан салт-дәстүрлерден анықтаймыз. Жалпы, XIX ғасырдағы қазақ қоғамы үшін қалыптасқан салт-дәстүрлердің әрбірі заңдық нормалармен бекітілген болатын. Мұны негізінен салт-дәстүрдің қоғамдық қатынастарда толық орындалмауы жағдайында билер сотына жүгінуіне әкелгенін көруге болады. Сондай-ақ, туыстық қатынастардағы орын алған кейбір келеңсіздіктер билер сотына дейін дәстүрлер арқылы реттеліп отырды. Бұл мәселелерді жоғарыда аталған деректер мен зерттеулерден айқын көре аламыз.

Қазақ халқының неке және отбасындағы материалдық емес мәдениет үлгілері көптеген әдебиеттерде қамтылған. Соның басты бөлігі қалың мал тақырыбына арналады. Көптеген авторлар қалың мал жөнінде жүргізген зерттеулерінде оның төлену жолдарына, уақытына, жігіт жағының қалың мал жинау үрдісіне, алушылардың жағдайын сипаттап өтеді. Жалпы, қалың мал төлеу қазақтарда кеңінен таралды, оның көлемі де басқа халықтармен салыстырғанда көп болды.

Қазақтар арасындағы қалың мал төлеу шартты түрде сый алмасу үрдісі болғанымен, оның орындалу уақыты мен оған қатысушылардың құрамы, мұндағы жүргізілетін рәсімдер көптеген күрделі құқықтық нормалардан тұрды. Себебі, қалың мал төлеу шарттары көп жағдайда билер алдында арнайы мәселе ретінде қарастырылды.

Ал, әлеуметтік жағынан қалың мал төлеу арқылы отбасын құру неке қатынастарының ұзақ уақытқа созылуына әсер етті.

Енді қалың мал төлеу мәселесін дәстүр ретінде қарайтын болсақ, кейбір авторлар қазақтар арасындағы қалың мал төлеуді аймақтық ерекшелігіне қарай бөліп қарастырады. Бұл жөніндегі деректердің басым көпшілігі XIX ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғасырдың басына тиесілі болып табылады.

Ал заңдық құқықтық жағынан қалың мал өзіне тиесілі бірнеше бөліктен тұрады. Соның ішінде қазақ отбасындағы қыздың әкесі мен анасының орны ерекше көрсетіледі. Мұнда қызын ұзатушы ата-ананың құқықтық және мәдени деңгейі арнайы рәсімдер немесе ерекше материалдық емес мәдени дәстүрлердің орын алуы арқылы іске асатыны көзге түседі. Бұл қыздың ата-анасының «сүт ақы» сияқты төлемдерді қосымша алатынымен ерекшеленеді.

Қалың мал төлеуге қарай дәстүрлі құқық әртүрлі жағдайды қарастырады. Бұл қалың малдың төлемін қызды алуына қарай жасалатын төлем екенін анықтайды.

Қазақ халқының үйлену ғұрпының бір негізгі салты, ол «қызға берілетін» яғни, «қыз үшін төленетін мал-дүниелер» болып табылады. Қалың мал туралы әртүрлі, әр жақты түсініктер бар.

Соның ішінде «бас жақсы» үшін берілетін мал. Бұл қалың малдың «ең бастысы, жақсы» бөлігі болып табылады. Бұған төрт асыл мүлік,

мал жатады. Оларға мылтық, сауыт, жүйрік ат және атан түйе кіреді. Бұлардың әрқайсысы бес ірі қараға бағаланады. Сонда бас жақсы 20 ірі қараға тең келеді. Көбінде 20 жылқы беріледі. Бір қарағанда бас жақсы сәукеленің құны ретінде берілгенімен, екінші жағынан екі құданың әлеуметтік статусы да ескеріледі. Мұны бас жақсыға берілетін мал санының мөлшерімен анықтауға болады. Сонымен қатар, бас жақсыны арнайы рәсім ретінде көрсету қазақ отбасындағы материалдық емес мәдени мұраның көрінісі ретінде сақталып отырған.

Қазақтар арасында қалың малдың негізгі бөлігі малдың санына байланысты болды. Әркім өзінің шамасы келгенше қалың мал төлейді. Алайда қазақтың дәстүрлі құқығында қалың малдың негізгі көлемдері бекітілген. Мысалы, бір жиырмадан шамасынша бірнеше жиырма басты ірі қара беріледі. Бір жиырма – 20 жылқы. Кей жерлерде бір 47, бір 37 деген де мөлшер бар. Бұл 47, 37 жылқы деген сөз. Кейде мал құрамы өзгертіліп, малдың саны еселенеді.

Қазақтың дәстүрлі сый алмасу негізінде «ілу» кәдесі бар. Ілуді дәстүр бойынша күйеу жігіт қалыңдығына ұрын барғанда қыздың әке-шешесінің қызын асырағаны, тәрбиелегені ақысына беретін мал. Бұл да әртүрлі көлемде беріледі. Салыстырып қарайтын болсақ, кей жерлерде ілу 10 түйе, кейде 30-80 жылқыға дейін төленген.

Сонымен қатар, жігіт жағы қыздың ұзатылу тойына арнап мал береді. Оны «той малы» деп атайды. Оның саны 20-дан 70 жылқыға жетіп отырды.

Жалпы, қазақтың дәстүрлі құқығында қалың мал төленіп, некелескен екі жастың бірі қайтыс болып кетсе, төленген қалың малды қайтаратын болған. Ал егер күйеу жігіт қайтыс болатын болса, оның қалыңдығын ағасына немесе інісіне некелестіретін болған. Сол сияқты қалыңдықтың өзі қайтыс болса, оның сіңлісін немесе жақын туыс сіңлісін жігітке беретін болды. Бұл жөнінде Г. Загряжский (Загряжский, 1876: 157-158), В.Д. Тронов (Тронов, 1891: 71-75), И. Козлов (Козлов, 1882: 330-332) сияқты зерттеушілер жазып көрсетеді. Тек, А. Подварков қана жігіт немесе қалыңдық қайтыс болған соң, қалың мал қайтарылмайды деп көрсетеді (Подварков, 1910: 62-64). Мұнда қазақтың дәстүрлі құқығында бекітілген құқықтық нормалар арқылы реттелетінін

байқауға болады. Сонымен қатар, той малының арнайы сый-құрмет ретінде берілуі қазақтар арасында құдаласудың ерекше дәстүрі ретінде қарастырылады.

Ал Х. Құстанаев пен И. Ибрагимовтың мәліметі бойынша 47 бас малдан тұратын қалың мал жетіге бөлінеді. Оның өз атаулары бар, мысалы, бас жақсы – 10 жылқы немесе 9 түйеден тұрды (Құстанаев, 1894: 23-32). Оның құрамына құлынды бие (8 құлынды бие); құнажын байталдан – 8 бас, тай – 7 бас; ту бие – 1 бас болды. Жанама жақсы – 1 жылқы немесе бір түйе болды. Аяқ жақсы – 4 бас жылқыдан, түйе, сиыр және мал басына бағаланатын қару беріледі.

Қалың малдың осылай жетіге бөлінуі шартты түрде қатып қалған қағида емес, керісінше, кейде жылқы орнына қой беріп, ортақ келісімге келіп жатады.

Қазақтың дәстүрлі құқық мәселесіне зерттеу жүргізген Тронов, Леваневский, Мейер, Алтынсарин, Гродеков, Изразцов және Козловтар қалың малдың төлеу кезеңін бірнеше бөлікке бөлінетінін атап өтеді. Соның ішінде қалың малды бөліп төлеуге арналған кезеңдерді атап көрсетеді. Соның алғашқысы «батааяқ» деп аталады. Бұл құдалардың өзара баталасуы үшін қалың малдың белгілі бір бөлігін төлеуден тұратын мөлшері. Екі жақ баталасқаннан кейін жігіттің жағы қалың малдың негізгі бөлігін жеткізеді. Осы кезден бастап, жігіт қыздың ауылына баруға құқылы болады. Тойдың алдында той малы, сүт ақысы төленеді. Той малы тойға сойылатын мал ретінде беріледі. Ал, сүт ақысы анасының қызына берген тәрбиесі үшін берілетін кәде болып табылады. Бұл жөнінде Ө. Диваев қалың малдың үштен екісі алдымен төленіп, сосын тойға қарай толығымен өтелетінін жазады (Диваев, 1900: 1-27). Ал, Подварков болса, қалың мал кейде тойға дейін де толық төленбейді. Сосын той өткен соң да өтелмей қалатынын жазады (Подварков, 1910: 62-64). Сонымен қатар, Леваневский мен Востровтың мәліметтерінде қалымның бөлігі ретінде «жиырма» деген мөлшерлеме болған. Бұл қалың малдың берілу тәртібіне қарай мөлшері болып бекітілген. Сондай-ақ, Леваневский той малы мен сүт ақысын жалпылама «кәде» деп атайды деп көрсеткен. Сонымен қатар, Г. Загряжский қыздың жасауының құны той малының құнына сәйкес келеді деп түсіндіреді.

Оны Мейер той малы күйеу жігітке тойдан кейін қыздың жасауы ретінде қайтарылады деп келтіреді. Екі жақтан берілетін кәденің мөлшерін Н. Гродеков те атап өтеді.

Жоғарыда берілген зерттеушілердің пікірлерін қарайтын болсақ, үйленуге байланысты берілетін қалың малдың мөлшерінен тыс, оның төлену уақытының өзі қазақ қоғамындағы отбасылық дәстүрлердің ерекшелігін көрсетеді. Бұл құдаласушы екі жақтың арасында орын алатын рәсімдер циклін құрайтынын айғақтайды.

Осы сияқты үйленуге байланысты кәдесыйлардың ішінде қыздың әкесінің күйеу жігіттің әкесіне беретін киітінің орны ерекше. Киіт құрамына жақсы киім, мал, оның ішінде ең жақсы жылқы мен түйе беріледі. Киіт кейде белгіленген мөлшермен тоқтайды. Ол қызға берілген қалың малдың мөлшерінен сәл аз болып бекітіледі. Киітті қыз жақ емес сонымен қатар, жігіт жақ та береді. Қыздың жағы қалың малды алып кетуге келген кезде жігіт жағы қыздың жағына киіт береді. Ал қыз жақ та өз тарапынан әйелдерге және малды бағып, қараған малшыларға кәде-сыйларын жасайды. Осы кезде күйеу жігітті қыз жағына көрсетіп, сол үшін тағы да көрімдік алып жатады. Көбіне бұл үшін жылқы алады. Ал құдаларды шығарып салғанда да жігіт жақ қыздың әкесіне ат мінгізіп жібереді. Осы сияқты қыздың жасауына байланысты көптеген кәделер жалғаса береді. Өз кезегінде Н. Гродеков қазақтардың үйленуге байланысты жігіт жақтан жиырмаға жуық кәде-сыйдың берілетінін жазады.

Рычковтың капитан жазбаларында қазақтардың үйлену және өлік жөнелтуге байланысты ғұрыптарының бастауы исламға дейінгі кезеңнен бастау алатыны айтылады (Рычков, 1772: 26-27). Соның ішінде қызды қалым арқылы беру, жігіттің ұрын баруы жайында да мәліметтер кездеседі. Рычков жазбаларында қазақ қоғамындағы үйлену жасының ерте кезден-ақ басталатыны жазылады (Рычков, 1772: 30).

Осы сияқты дәстүрлі қазақ қоғамындағы үйлену дәстүрлеріне байланысты кең көлемде дерек қалдырған А.И. Левшиннің еңбегінде неке шарттары, үйлену тойының жоралғылары, қалым мен жасаудың берілуі сипатталады. Сонымен қатар, қазақтардың туыстық қатынасындағы қыз алыспайтын

ағайындықтың негізі көрсетіледі. Сондай-ақ, қазақ отбасындағы бәйбіше мен тоқалдың құқықтарын ашық көрсетеді (Левшин, 1832: 98-110).

Ал Н. Малышевтың қазақтың отбасындағы дәстүрлі құқығына байланысты еңбегінде көшпелі өмірде үйленуге байланысты қалыптасқан құқықтық нормаларды жан-жақты талдап көрсетеді. Ол өз еңбегінде құқықтық тұрғыда талдай келе қазақ қоғамындағы некелік қатынас тек ер адамға ғана тиімді деп баға берді. Сонымен қатар, қазақтар арасында жар таңдау жігіттің ата-анасына тікелей байланысты екені айтылады. Ол үшін елге белгілі және сыйлы болған отбасыларға өз ағайындары ішінен жаушы жіберіп, сол үйдің қызын сұратады. Жаушы қыздың әкесінің үйіне барғанда шалбарының бір балағын етігінің қонышына салып, екінші балағын етігінен шығарып барады. Бұл келген қонақтың жаушы екенінің бір белгісі ретінде түсіндіріледі. Егер осы жағдайда қыздың әкесі құдаласуға келісіп жатса, онда сол жерде қалың малдың көлемі мен бас жақсының құны белгіленеді. Бұл үшін қыздың әкесі қой сойып, жаушының қонағасын береді. Сонымен қатар, осы жерде үлкен құдалықтың болатын мерзімі бекітіледі. Қазақтар арасында құда түсу негізінен сәрсенбі және бейсенбі күндеріне белгіленді. Себебі бұл күндерді қазақтар бақытты күндер ретінде ырымдайды. Белгіленген уақытта 5-10 адам болып «жан ашыр», «құдалық» ретінде қыздың ауылына аттанады. Олар ең жақсы киімдерін киіп, жақсы аттарын мініп барады. Бұлардың келуіне қыздың ауылында құдаларды күтіп алуға арнайы дайындалады. Ол үшін әртүрлі тағамдар дайындалады. Келе жатқан құдалардың алдынан жас жігіт қарсы алып, оларға арнайы тігілген үйге түсіреді. Қыздың әкесі мен жақындары құдалар түскен үйге келіп сәлем береді. Құдалар үйге кірер алдында да бірнеше рәсімдер өтеді. Оны қыздың ауылындағы әйелдер ұйымдастырады. Соның ішінде құдаларға ұн жағу, қамыр жағу, бұқаға теріс отырғызып жіберу сияқты дәстүрлер орын алады. Одан құтылу үшін келген құдалар әйелдерге әртүрлі сыйлықтар беруі тиіс. Осы рәсімдерден кейін құдалар төрге шығарылып, амандық сұрасып, қонағасын жеп, қымыз ішіледі. Бірақ құдалар қыздың әкесі отырғанда құдалық жөнінде ешнәрсе айтылмайды. Біраз отырып жайланған соң, қыз әкесі құдалар

отырған үйден шығып кетеді. Құдаларды сыйлап күтуді туыстарына тапсырады. Осы арада келген құдалар үй иесімен құдаласуды қалайтынын жеткізеді. Сосын сол үйдің қызын өздерінің ұлдарына беруді сұрайды және соған қалың малды бекітуді өтінеді. Осылайша барлық келісімдер жасалған соң, қыздың әкесі құдаларды өз үйіне шақырып арнайы қонақ қылады. Мұнда да құдалар төрге шығарылып, басқа қонақтар жасы үлкендігіне қарай жайғасады. Мұнда құдаларға дайындалған төстік тартылады, оны келген құдалардың барлығы ауыз тиюі тиіс және сонымен қатар құйрық-бауыр тартылады. Бұдан да құдалардың барлығы және қонақтар ауыз тиеді. Төстік пен құйрық-бауырдың берілуі құдалар арасында бекітілген келісімді көрсетеді. Бұл ортақ келісімнің бұзылған тұсында билер сотында дәлел ретінде ұсынылатын болады. Сондай-ақ, мұны Загряжский құдалықтың және некенің орын алғаны жөнінде билер сотында құйрық-бауырмен қатар неке қию рәсімінде куәлар да тартылады деп көрсетеді. Төстік пен құйрық-бауырдан кейін қонақтар әдеттегідей сыйласып отырады. Осыдан соң құдалар мен жастар арасында әртүрлі көңіл көтерерлік ойын-сауықтар ұйымдастырылады.

Сосын қыздың әкесі келген құдаларға киіт кигізеді. Ең басты сыйлық жігіттің әкесіне беріледі. Жалпы, киіттің құны бас жақсыға берілген малдың мөлшерімен теңестіріледі. Дәстүрлі құқық жүйесінде киіт алғандар ендігі жерде қалың мал төлеуге де міндеттеледі (Малышев, 1902: 10-23).

Қорытынды

Қазақ халқының дәстүрлі отбасында қалыптасқан салт-дәстүрлер тұтас құқық жүйесімен біте қайнасқан. Мұны XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында қалыптасқан деректер мен зерттеулерден көруге болады. Бұл қазақ қоғамындағы этномәдениеттің жан-жақты дамып қалыптасуына негіз болды. Соның ішінде халықтың шаруашылығы мен кәсібіне байланысты қалыптасқан дәстүрлер қазақ халқының материалдық емес мәдени мұрасының құрамдас бөлігі болып табылады. Сондықтан, қазақ отбасындағы дәстүрлер мен ғұрыптарды материалдық емес мәдениет үлгілері негізінде зерттеу қазіргі этнология ғылымының өзекті мәселесі ретінде қарастырылуы тиіс.

Әдебиеттер

1. Алтынсарин И. (1870). Очерк обычаев при сватовстве и свадьбе у киргизов Оренбургского ведомства. Зап. Оренбургск. Отд. РГО. – Т. 1. – С. 104–116.
2. Арғынбаев Х.А. (1973). Қазақ халқындағы семья мен неке (тарихи-этнографиялық шолу). – Алматы. – 172 б.
3. Акпаев Я. (1907). Наброски по обычному, в частности, брачному праву киргиз-казахов // Записки Семипал, подотдела Зап.-Сиб. отдела РГО. – Т. 3. – С. 1–11.
4. Архангельский Д. (1864). О неприменимости нашего военного суда над киргизами Большой орды и о возможности замены его их собственными народными судами // Военный сборник. – № 2. – С. 307–311.
5. Баллюзек Л. (1871). Народные обычаи, имевшие, а отчасти и ныне имеющие в Малой киргизской орде силу закона // Записки Оренб. отдела РГО. – Вып. 2. – С. 45–167.

6. Гавердовский Я.П. (2007). Обзорение Киргиз-кайсацкой степи (часть 2) или Описание страны и народа киргиз-кайсацкого // История Казахстана в русских источниках XVII–XX веков. – Т. V. – Алматы: Дайк-пресс. – С. 340.
7. Гейнс А.К. (1898). Объяснительная записка к положению и штатам военноплеменного управления Семиреченской и Сыр-Дарьинской областей // Собр. лит. трудов. – Т. 2. – СПб. – С. 21.
8. Григорьев В.В. (1871). О скифском народе саках. – СПб.: Типография Императорской Академии Наук. – С. 64.
9. Гродеков Н.И. (1889). Киргизы и каракиргизы Сырдаринской области. – Ташкент. – С. 55–56.
10. Диваев А. (1900). Несколько слов о свадебном ритуале киргизов Сырдаринской области. Уч. Записки Казанского Университета. Кн. 4. – С. 1–27.

11. Загряжский Г. (1876). Юридические обычаи киргиз и о народном суде у кочевого населения Туркестанского края по обычному праву. Матер. для статистики Туркестанского края. – СПб. – С. 157–158.
12. Ибрагимов И. (1872). «Этнографические очерки киргизского народа. Сб. «Русский Туркестан». – М. – С. 126–144.
13. Изразцов Н. (1897). Обычное право киргизов Семиреченской области. ЭО. – № 3. – С. 72–83.
14. Козлов И. (1882). Обычное право киргиз. Памятная книжка Западной Сибири. – Омск. – С. 330–332.
15. Крахалев А.И. (1888). Суд и следствие у киргизов Сибири // Юридический вестник. – № 5. – С. 25.
16. Кустанаев Х. (1892). Этнографические очерки киргиз Перовского и Казалинского уездов. – Ташкент. – С. 23–32.
17. Лаппо Д.Е. (1906). Об изучении степного права // Русская мысль. – № 10. – С. 36–51.
18. Леваневский М.А. (1895). Очерки киргизских степи Эмбинского уезда. Землеведение. Кн. 2–3. – С. 76–78.
19. Левшин А.И. (1832). Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд степей. СПб. 98–110.
20. Леонтьев А. (1890). Обычное право киргиз: Судостроительство и судопроизводство // Юридический вестник. – Т. 5. – Кн. 1. – С. 113–139.
21. Малиновский Б. (2004). Избранное: Аргонавты западной части Тихого океана / Пер. с англ. – М.: «Российская политическая энциклопедия» (РОССПЭН). – 552 с.
22. Малышев Н. (1902). Обычное семейное право киргизов. Ярославль. – С. 10–23.
23. Мосс М. (2011). Общества. Обмен. Личность. Труды по социальной антропологии / М. Мосс; Сост., пер. с фр., предисловие, вступит, статья, комментарии А.Б. Гофмана. – М.: КДУ, 2011. – 416 с.
24. Мейер Л. (1865). Киргизская степь Оренбургского ведомства. – СПб. – С. 252–254.
25. Мякутин А.И. (1911). Юридический быт киргизов // Труды Оренб. уч. архивной комиссии. – Вып. 25. – С. 1–180.
26. Подварков А. (1910). Брак и развод у киргиз. Сб. «Средняя Азия». – Ташкент. – С. 62–64.
27. Рычков П.И. (1896). История Оренбургская (1730–1750). Оренбург. – С. 72.
28. Рычков Н. (1772). Дневные записки путешествия капитана Николая Рычкова в киргиз-кайсацкой степь 1771 году. – СПб. 26–27.
29. Словохотов Л. А. (1905). Народный суд обычного права киргиз Малой орды. – Оренбург. – С. 158.
30. Сураганова З.К. (2009). Обмен дарами в казахской традиционной культуре. – Астана. – 192 с.
31. Тронов В.Д. (1891). Обычаи и обычное право киргиз. Зап. РГО по отделению этнографии. Т. XVII. Вып. 2. – СПб. – С. 71–75.
32. Швецов С. (1898). Обычно-правовые воззрения алтайцев (калмык) и киргиз. Брачные и семейные отношения // Записки Зап.-Сиб. отдела РГО. – Кн. 25. – 1898. – С. 1–16.

Reference

1. Altynsarın I. (1870). Ocherk obychaev pri svatovstve i svadbe y kirgizov Orenbýrgskogo vedomstva. Zap. Orenbýrgsk. Otd. RGO. – Т. 1. – С. 104–116.
2. Arýynbaev H.A. (1973). Qazaq halqyndaǵy semá men neke (tarihi-etnografialyq sholý). – Almaty. – 172 b.
3. Akpaev Ia. (1907). Nabroski po obychnomý, v chastnosti, brachnomý pravý kirgız-kazahov // Zapiski Semipal, podotdela Zap.-Sib. otdela RGO. – Т. 3. – С. 1–11.
4. Arhangelski D. (1864). O neprimenimosti nashego voennogo sýda nad kirgızamı Bolshoi ordy i o vozmojnosti zameny ego ih sobstvennymı narodnymı sýdamı // Voennyi sbornik. – № 2. – С. 307–311.
5. Baliýzek L. (1871). Narodnye obychai, imevshie, a ochasti i nyne imeýshie v Maloi kirgızskoi orde silý zakona // Zapiski Orenb. otdela RGO. – Vyp. 2. – С. 45–167.
6. Gaverdovski Ia.P. (2007). Obozrenie Kirgız-kaisakskoi stepi (chast 2) ili Opisanie strany i naroda kirgız-kaisakskogo // Istoria Kazahstana

v rýsskih istochnikah XVII–XX vekov. – T. V. – Almaty: Daik-press. – S. 340.

7. Geins A.K. (1898). Obásnitelnaia zapíska k položeníy i shtatam voenno-narodnogo ýpravleníia Semirechenskoí i Syr-Darínskoí oblasti // Sobr. lit. trýdov. – T. 2. – SPb. – S. 21.

8. Grigorev V.V. (1871). O skífskom narode sakah. – SPb.: Tipografia Imp. Akademii Náyk. – S. 64.

9. Grodekov N.I. (1889). Kirgízy i karakirgízy Syrdarínskoí oblasti. – Tashkent. – S. 55–56.

10. Divaev A. (1900). Neskolkó slov o svadebnom ritýale kirgízov Syrdarínskoí oblasti. Ých. Zapísi Kazanskogo Ýniversiteta. Kn. 4. – S. 1–27.

11. Zagrájski G. (1876). Iýridicheskie obychai kirgíz i o narodnom sýde ý kochevogo naseleneia Týrkestanskogo kraia po obychnomý pravý. Mater. dlá statistiki Týrkestanskogo kraia. – SPb. – S. 157–158.

12. Ibragimov I. (1872). «Etnograficheskie ocherki kirgízskie naroda. Sb. «Rýski Týrkestan». – M. – S. 126–144.

13. Izrazsov N. (1897). Obychnoe pravo kirgízov Semirechenskoí oblasti. EO. – № 3. – S. 72–83.

14. Kozlov I. (1882). Obychnoe pravo kirgíz. Památnaia knijka Zapadnoí Sibíri. – Omsk. – S. 330–332.

15. Krahalev A.I. (1888). Sýd i sledstvie ý kirgízov Sibíri // Iýridicheski vestnik. – № 5. – S. 25.

16. Kýstanaev H. (1892). Etnograficheskie ocherki kirgíz Perovskogo i Kazalinskogo ýezov. – Tashkent. – S. 23–32.

17. Lappo D.E. (1906). Ob izýchenii stepnogo prava // Rýsskaia mysl. – № 10. – S. 36–51.

18. Levanevski M.A. (1895). Ocherki kirgízskih stepi Embinskogo ýeza. Zemlevedenie. Kn. 2–3. – S. 76–78.

19. Levshin A.I. (1832). Opísanie kirgíz-kazachih ili kirgíz kaisaskih ord stepei. SPb. 98–110.

20. Leontev A. (1890). Obychnoe pravo kirgíz: Sýdoýstroistvo i sýdoproizvodstvo // Iýridicheski vestnik. – T. 5. – Kn. 1. – S. 113–139.

21. Malinovski B. (2004). Izbrannoe: Argonavty zapadnoí chasti Tihogo okeana / Per. s angl. – M.: «Rossiiskaia politicheskaiia ensiklopedia» (ROSSPEN). – 552 s.

22. Malyshev N. (1902). Obychnoe semeinoe pravo kirgízov. Iaroslavl. – S. 10–23.

23. Moss M. (2011). Obshestva. Obmen. Lichnost. Trýdy po sotsialnoi antropologii / M. Moss; Sost., per. s ǫǫ., predíslovie, vstýpit, statá, kommentarii A. B. Gofmana. – M. : KDÝ., 2011. – 416 s.

24. Meier L. (1865). Kirgízskaiia step Orenbýrgskogo vedomstva. – SPb. – S. 252–254.

25. Mákýtin A.I. (1911). Iýridicheski byt kirgízov // Trýdy Orenb. ých. arhivnoi komissii. – Vyp. 25. – S. 1–180.

26. Podvarkov A. (1910). Brak i razvod ý kirgíz. Sb. «Srednáá Azia». – Tashkent. – S. 62–64.

27. Rychkov P.I. (1896). Istoria Orenbýrgskaia (1730–1750). Orenbýrg. – S. 72.

28. Rychkov N. (1772). Dnevnye zapíski pýtshestvia kapitana Nikolaia Rychkova v kirgíz-kaisasskoí step 1771 godý. – SPb. 26–27.

29. Slovohotov L. A. (1905). Narodnyi sýd obychnogo prava kirgíz Maloi ordy. – Orenbýrg. – S. 158.

30. Sýraganova Z. K. (2009). Obmen darami v kazahskoi tradícionnoi kúltýre. – Astana. – 192 s.

31. Tronov V.D. (1891). Obychai i obychnoe pravo kirgíz. Zap. RGO po etdeleníy etnografii. T. XVII. Vyp. 2. – SPb. – S. 71–75.

32. Shvesov S. (1898). Obychno-pravovye vozzrenia altaisev (kalmyk) i kirgíz. Brachnye i semeinye otnoshenia // Zapíski Zap.- Sib. otdela RGO. – Kn. 25. – 1898. – S. 1–16.



Жайлыбай Д.Ж.

Евразийский научно-исследовательский
институт
Алматы, Казахстан
e-mail: daulet_87@bk.ru

Zhaylybay D.Zh.

Eurasian Research Institute
Almaty, Kazakhstan
e-mail: daulet_87@bk.ru

ПРОЯВЛЕНИЕ НЕМАТЕРИАЛЬНОГО КУЛЬТУРНОГО НАСЛЕДИЯ В БРАЧНО-СЕМЕЙНЫХ ТРАДИЦИЯХ У КАЗАХОВ XIX-XX вв.

Проблема брака и семьи казахского народа сейчас является обширной темой. Однако разнообразие нематериального культурного наследия казахского народа в браке и семье издревле является актуальной проблемой для исследователей. Это показывает, что семейные традиции и суеверия в жизни казахского народа взаимосвязаны. Взаимосвязь этих традиций также оказала значительное влияние на формирование традиционной казахской правовой системы. В частности, обычная право характеризовалась выплатой скота, созданием и ролью мужчин и женщин в казахской семье в брачном процессе. Также всю ценность традиций и обычаев казахской семьи дополнило нематериальное культурное наследие. Это, в свою очередь, отражается на всех аспектах казахской этнокультуры.

Сегодня эти образцы традиционной культуры, претерпевшие различные трансформации, интерпретируются как нематериальное культурное наследие страны.

Ключевые слова: нематериальная культура, брак, семья, дар, скот, творчество, традиция, ритуал, культура, традиционное право.

XIX-XX C. MANIFESTATIONS OF NON-MATERIAL CULTURAL HERITAGE IN KAZAKH MARRIAGE AND FAMILY TRADITIONS

The issue of marriage and family of the Kazakh people is now a comprehensive topic. However, the diversity of intangible cultural heritage of the Kazakh people in marriage and family since ancient times is now considered a topical issue for researchers. This shows that family traditions and superstitions in the life of the Kazakh people are interconnected. The interconnection of these traditions also greatly contributed to the formation of the traditional Kazakh legal system. In particular, the traditional legal system characterized the payment of livestock, the creation and the role of men and women in the Kazakh family in the marriage process. Also, the whole value of traditions and customs of the Kazakh family complemented the intangible cultural heritage. This, in turn, is reflected in all aspects of Kazakh ethnoculture.

Today, these examples of traditional culture, which have undergone various transformations, are interpreted as the intangible cultural heritage of the country.

Keywords: intangible culture, marriage, family, gift, cattle, creation, tradition, ritual, culture, traditional law.

УДК 39: 94 (575.4)

С.Дж. Атдаев
Институт Истории и археологии АНТ
г. Ашхабад, Туркменистан
e-mail: serdar63atdayev@gmail.com

ТИГРЫ В ИСТОРИЧЕСКОМ ПРОШЛОМ ТУРКМЕНИСТАНА

*В камышах и тугаях, у протока реки
Притаился в засаде «хищный злодей»
Страх свой решили изжить «смельчаки»
Убив на охоте тигровых царей.*

(С. А.)

Тигр, некогда обитавший на просторах Центральной Азии, ныне бесследно исчез. Воспоминания о нем сохранились лишь в народном фольклоре и исторических документах. Материалы исследования: записки путешественников, отчеты государственных и военных чиновников, содержат исключительные сведения, относительно обитания в здешних краях крупного хищника – тигра. Материалы, а в основе своей это данные российских исследователей, дают широкую палитру сведений и имеют особую ценность на фоне того факта, что хищник этот, к большому сожалению, исчез из реестра дикой фауны Туркменистана. Сохранилось множество представлений и суеверий, связанных с фигурой тигра. Животное это было символом власти, силы и могущества. Его образ прочно осел в народной памяти и занимает достаточное место в культуре туркменского народа.

Ключевые слова: тигр, охотник, засада, шкура, святилище, паломничество, суеверия, легенда.

Введение

Тигры – эти, некогда царские обитатели Туркменистана, ныне канули в вечность. Воспоминания о них, об их прежнем пребывании в этих краях, вызывают двоякое чувство. С одной стороны, образ этого хищника прочно вошел в народный фольклор, стал частью истории и культуры. С другой стороны, исчезновение столь гордого и сильного зверя, ощущается как тяжелая потеря, невосполнимая утрата чего-то важного и дорогого.

84. Donovan, 1883a - Donovan. The Merv Oasis travels and adventures east of the Caspian during the years 1879-80-81, including five months' residence among the Tekkés of Merv by Edmond O'Donovan special correspondent of the «Daily news». Vol. I. G. P. Putnam's Sons, New York. 1883. 502 p.
85. Donovan, 1883b - Donovan. The Merv Oasis travels and adventures east of the Caspian during the years 1879-80-81, including five months' residence among the Tekkés of Merv by Edmond O'Donovan special correspondent of the «Daily news». Vol. II. G. P. Putnam's Sons, New York. 1883. 500 p.
86. Mitochondrial Phylogeography Illuminates the Origin of the Extinct Caspian Tiger and Its Relationship to the Amur Tiger. / PLOS ONE. January 14. 2009. // <http://journals.plos.org/plosone>. Дата обращения 25.04.2018.



References

1. Abaza K.K. Zavoevanie Týrkestana: rasskazy iz voennoi istorii, ocherki prirody, byta i nraov týzemsev v obshedostýpnom izlozhenii. – Sankt-Peterbýrg: Tipografia M. M. Stasúlevicha, 1902. 316 s.
2. Armini Vamberi. Pýteshestvie po Srednei Azii. M.: Vostochnaia literatýra, 2003. 306 s.
3. Ataev K. Ohota ý týrkmen Ahala v konse XIX – nachale XX v. // Izvestia AN TSSR. Ser. Obshestv. Naýk. 1965. №5. S. 8-13.
4. Atdaev S.Dj. Iz istorii pochtovoi slýjby ý týrkmen // Kúltýrnoe nasledie. 2020. №4. S. 75-92.
5. Atdaev S.Dj., Býrhanov A.A. Obraz pirov-pokrovitelei v dýhovnoi jizni týrkmen // Narody i kúltýry Iýjnoi Sibiri i sopredelnyh territori. Abakan: Hakasskoe knijnoe izdatelstvo, 2017. S. 61-65.
6. Afganistan. Iz Encyclopaedia Britannica, izd. 7-e 1878 g. // Sbornik geograficheskikh, topograficheskikh i statisicheskikh materialov po Azii. Vypýsk XV. SPb, 1885. S. 193-251.
7. Babaev A. Raskopki na Iarty-depe // Novye arheologicheskie otkrytia v Týrkmenistane. Ashhabad, 1982. S. 85-102.
8. Basilov V.N. O perejtkah totemizma ý týrkmen. // Tr. IIAE AN TSSR, t. VII. Ashhabad. 1963. C. 135-150.
9. Basilov V.N. Kúlt svátyh v islame. M., 1970.
10. Basilov V.N. O proishojdenii týrkmenata (prostonarodnye formy sredneaziatskogo sýfizma) // Domýsýlmanskikh verovania i obrády v Srednei Azii. M.: Naýka, 1975. S. 138-168.
11. Bórns A. Pýteshestvie v Býharý. Chast tretá. (Iz 3-h chastei). M.: Izdanie I.V. Golýbkova. V Ýniversitetskoi tipografii. 1849. 628 s.
12. Blaramberg I.F. Vospominania. M.: Izd-vo vostochnoi literatýry, 1978. 357 c.
13. Bregel Iý.E. Horezmskie týrkmeny v XIX v. – M.: Izdatelstvo vostochnoi literatýry, 1961. – 442 s.
14. V Kazakhstan vernýtsá tigry. Elektronny resýrs). URL: <https://kapital.kz/gosudarstvo/62853/v-kazahstan-vernutsya-tigry.html> (data obrashenia 2021.06.04).
15. Varensov N.A. Slyshannoe. Vidennoe. Peredýmannoe. Perejtoe. Izd. 2. M.: Novoe literatýrnoe obozrenie. 2011. 848 c.
16. Vasilev P.S. Ahal-tekinski oasis, ego proshloe i nastoiashchee. Ocherki // Rýsski vestnik, № 5. 1887. S. 391-427.
17. Venúkov M.I. Materialy dlá voennogo obozrenia rýsskikh granis v Azii. Ychastok desátyi. Aralski ili Hivinski. // Voennyi sbornik. SPb, 1871. T. 88. Otd. 1. S. 199-252.
18. Vern J. Shkola Robinzonov. Klodiýs Bombarnak. M.: Pravda. 1989. 480 s.
19. Gladyshev P.I. Zametki ob Ateke i Kara-Kýme // Izv. Kavkaz.otd. RGO. Tiflis, 1884. T. 8. S. 109-127.
20. Gordlevski V.A. Gosýdarstvo Seldjýkidov Maloi Azii. M.-L.: Izdatelstvo Akademii naýk SSSR, 1941. 204 s.
21. Grodekov N.I. Voina v Týrkmenii. Pohod Skobeleva v 1880-1881 gg. V 4 t. SPb: V Tip. V. Balashova. T. 1. 1883. 158 s.
22. Gýnaropýlo S.A. V týrkmensoi stepi. // Istoricheski vestnik. T.82. №11. 1900. C. 566-584.
23. Dementev G.P., Kartashev N.N., Kelenikov A.A. O stennykh izobrajeniah v mavzolee Taýrýz-sýltan (Severo-vostochnaia Týrkmenia) // Trýdy IÝTAKE. Tom V. Izd-vo AN Týrkmensoi SSR. – Ashhabad. 1955. – S. 171-183.
24. Demidov S.M. Obrazy Tigra, Barsa i Lva v predstavleniah týrkmen // Kúltýrnye sennosti 1997-1998. SPb. Evropeiski dom. 1999. S. 94-107.
25. Djýveini. Chungis-han. Istorია zavoevatelá mira, zapisannaia Ala ad-dinom Ata-Melikom Djýveini. M.: Magistr-press, 2004. 690 s.
26. Dmitriev-Kavkazski L.E. Po Srednei Azii. Zapiski hýdojnika. SPb, 1894. 115 c.
27. Dinnik N.Ia. Kaspuskoe pobereje Kavkaza i Zakaspuskaia oblast // Izvestia Kavkazskogo otdela imp. Rýsskogo geograficheskogo obshestva. Tiflis. 1907-1908. t. 19. № 4. S. 272-322.
28. Esbergenov X., Atamýratov T. Tradisii i ih pre-obrazovanie v gorodskom bytý karakalpakov. Nýkýs, 1975. 211 c.
29. Jivopisnaia Rossia. Otechestvo nashe v ego zemelnom, istoricheskom, plemennom, ekonomicheskom i bytovom znachenii. T. X. Rýsskaia Srednáa Azia. SPb.-M.: Izd-vo tovar-va M.O. Volf, 1885. 448 s.
30. Jirmýnski B.M. Ogýzski geroicheski epos i «Kniga Korkýta» // Kniga moego deda Korkýta. M., L.: Izd-vo AN SSSR. 1962. S. 131-258.
31. Zakavkazski tigr. (Elektronny resýrs). URL: <https://felidae-g2n.jimdo.com/panthera/panthera-tigris/p-t-virgata/> (data obrashenia 07.05.2018.)

32. Zarýdnyı N.A. Ornitologicheskaya faýna Zakaspiyskogo kraia (Severnoı Persii, Zakaspiyskoi oblasti, Hivinskogo oazisa i ravninnoi Býhary) // *Materialy k poznaniy faýny i flory Rossiyskoi imperii. Otdel zoologicheskoi. M., 1896, vyp. 2, S. 1-555.*
33. Iversen V. Ochet o poezdke na Moskovskiy politehnicheskyy vystavkyy // *Trýdy Imperatorskogo Volnogo ekonomicheskogo obshestva. T. 1. 1873. S. 507-525.*
34. Karazin N.N. V nizováh Amý. Pýtevye ocherki // *Vestnik Evropy, № 3. 1875. S. 187-230.*
35. Karazin N.N. Staryı Djýldash, i ego syn Mamet (Prodoljenie) // *Niva. 1881. № 42. S. 918-926.*
36. Karelin G.S. Pýteshestvie po Kaspiyskomý morú // *Zapiski Imperatorskogo Rýsskogo geograficheskogo obshestva. T.10. 1883. 497 s.*
37. Kvitka A.V. Poezdka v Ahal-Teke. 1880-1881 // *Rýsski vestnik. 1883. 165 tom. S. 575-605.*
38. Kniga moego deda Korkýta. M., L.: Izd-vo AN SSSR. 1962. 299 s.
39. Kolýshev F.N., porýchik. Ohota na tigrov // *Razvedchik. 1894. № 219, 220. (Elektronnyy resýrs). URL: https://rus-turk.livejournal.com/128900.html/ (data obrashenia 15.11.2017.)*
40. Lessar P. Zametki o Zakaspiyskom krae i sosednih stranah (Poezdka v Persiy, Iýjnıy Týrkmeniy, Merv, Chardjıy i Hivıy) // *Zapiski Kavkazskogo otdela Imperatorskogo rýsskogo geograficheskogo obshestva, Kniga XIII. 1884. S. 161-211.*
41. Lipski V.I. Grigori Silich Karelin (1801–1872). Ego jızn i pýteshestvia. SPb: 1905. 214 s.
42. Logofet, 1903a - Logofet D.N. Po Kaspiyskomý morú i Persidskoi granise. (Pýtevye ocherki po Srednei Azii) // *Voennyı sbornik, № 8. 1903. S. 179-220.*
43. Logofet, 1903b - Logofet D.N. Po Kaspiyskomý morú i Persidskoi granise. (Pýtevye ocherki po Srednei Azii) // *Voennyı sbornik, № 10. 1903. S. 193-228.*
44. Loskýtov M.P. Trinadsatyı karavan. Moskva: Detskaya literatúra, 1935. 188 s.
45. Markov E. Rossia v Srednei Azii Ocherki pýteshestvia po Zakavkazı, Týrkmenı, Býhare, Samarkandskoi, Tashkentskoi i Ferganskoi oblastám, Kaspiyskomý morú i Volge Evgenia Markova. V 2-h tomah i 6 chastáh. SPb: Tipogr-á M.M. Stasúlevicha, 1901. T.1. 541 s.
46. Masson M.E. Iz proshlogo tigrov v Srednei Azii // *Naychnye trýdy TashGÝ. Vyp. 200.*
- Arheologia Srednei Azii, VI. Tashkent. 1963. S. 151–152.
47. *Materialy dlá geografii i statistiki Rossii. Týrkestanski krai. Opyt voenno-statisticheskogo obozrenia Týrkestanskogo voennogo okrıga. T. III. SPb: 1880.*
48. Mahmýd al-Kashgarı. Divan Lýgat at-Týrk. Almaty: Daik-Press, 2005. 1288 s.
49. Meier L. Ocherk Zakaspiyskoi oblasti. Gener. Sht. gen-maiora Meiera. 1885 g. // *Sbornik geograficheskikh, topograficheskikh i statisticheskikh materialov po Azii. Vypýsk XV. SPb. 1885. S. 102-196.*
50. Mihailov F.A. Týzemsy Zakaspiyskoi oblasti i ih jızn. Etnograficheski ocherk. Ashabad. 1900. 79 s.
51. Nikolski A.M. V strane gliny i peskı. (Pýtevye ocherki) // *Mir Boji, 1894, 9, 10. (Elektronnyı resýrs). URL: https://rus-turk.livejournal.com. (data obrashenia 18.05.2018.)*
52. Nikolski A.M., doktor Zoologii. Letnie poezdki natýralisa. – SPb, 1900. (Elektronnyı resýrs). URL: <https://rus-turk.livejournal.com>. (data obrashenia 23.02.2018.).
53. Obzor Zakaspiyskoi oblasti s 1882 po 1890 god. Ashabad. 1892. 270 s.
54. Obzor Zakaspiyskoi oblasti za 1896 g. (Prilozhenie. Ýchastie Zakaspiyskoi oblasti na Vserossiyskoi vystavke 1896 goda v Nijnem-Novgorode). Ashabad. 1898 g. 189 s.
55. Ogorodnikov, 1878a - Ogorodnikov P. Na pýti v Persiy i prikaspiyskie provinsii ee. SPb. 1878. 331 s.
56. Ogorodnikov, 1878b - Ogorodnikov P. Ocherki Persii. SPb. 1878. 396 s.
57. Okrainy Rossii. Sibir, Týrkestan, Kavkaz i polárnaia chast Evropeyskoi Rossii. SPb, 1900. 287 s.
58. Olsýfev A.A. i Panaev V.P. Po Zakaspiyskoi voennoi jeleznoi doroge: Pýtevye vpechatlenia. SPb. 1899. 228 s.
59. Ot Parija do predelov Indii. Zakaspiyskaya jeleznaia doroga, rýsskie sredneaziatskie vladenia i kratki ocherk Indii. Sostavleno po grafı Sholle, Edg. Býlanje, Bonvallo i dr. M.: Izd-e F.I. Anskogo. Tipogr-á E. Lisnera i Iý. Romana. 1890. 402 c.
60. Platonov A.P. Zapisnye knijki. M.: Nasledie, 2000. 424 s.
61. Poezdka Sipehsaları-Azama v Kelat, 1881. // *Sbornik geograficheskikh, topograficheskikh i statisticheskikh materialov po Azii. Vypýsk XIII. SPb, 1884. S. 171-196.*



62. Pýgachenkova G.A. Mechet Anaý. Ashhabad. 1959. 58 s.
63. Rabochi poezd zakaspijskoi j. d., mejdy Mervom i Samarkandom // Niva. 1886. №45 (1). S. 1135.
64. Raznye izvestia. Pridvornye izvestia // Niva. 1884. №17. S. 458-459.
65. Rahimov R.R. Daroobmen v kontekste rossusko-hivinskih i rossusko-býharskih svázei v Petrovskýy epohý // Iran-name. 2013. №3(27). S. 107-129.
66. Rashid-ad-Din F. Djamí at-tavarih. Baký: Nagyl Evl, 2011. 540 s.
67. Rodnov M.I. Jivotnyi mir Iýjnogo Ýrala v mestnyh istoricheskikh istochnikah XIX–XX vv. 2014. (Elektronnyi resýrs). URL: <http://mrodnov.ru/fr/0/public/Wildnature.PDF/> (data obrasheniia 28.03.2018.)
68. Rossia. Polnoe geograficheskoe opisanie nashego otechestva. Tom XVIII. Kirgizski kraj. SPb: 1903. 479 c.
69. Rossia. Polnoe geograficheskoe opisanie nashego otechestva. Tom XVIII. Týrkestan. SPb: 1913. 861 c.
70. Rýstamov A.K. Jivotnyi mir Týrkmenistana i ego ohrana (na primere pozvonochnyh jivotnyh). Ashhabad: Ylym, 2011. 246 s.
71. Sarianidi V. Margýsh. Drevnevostochnoe sarstvo v staroi delte reki Mýrgab. Ashgabat. 2002. 360 s.
72. Sarianidi V. Gonýr-depe. Gorod sarei i bogov. Ashgabat. 2005: Miras. 328 s.
73. Snesev G.P. Lúdi i zveri (etnograficheskie poiski v oblasti kúlta jivotnyh) // Sovetskaia etnografia. 1972. №1. S. 166-177.
74. Snesev G.P. Relikty domýsýlmanskikh verova-ni i obrádov ýzbekov Horezma. M., 1969.
75. Tarkovskí A. Izbrannoe: Stihotvorenia; Poemy; Perevody. 1929-1979. M.: Hýdojestvennaia literatýra, 1982. 736 s.
76. Sareva E.G. Totemnye izobrajenia na vorsovyh kovrah Srednei Amýdari // Ý istokov sivilizatsii. Sbornik statei k 75-letíy Viktora Ivanovicha Sarianidi / Red. Kosarev M.F., Kojin P.M., Dýbova N.A. – M., Staryi sad, 2004. S. 202-224.
77. Sar-objora. Týrkmenskie narodnye skazki: Ashhabad: Magaryf, 1983. 37 s.
78. Shadmanova S.B. Medisina i naselenie Týrkeстана: Traditsii i novasi (kones XIX – nachalo XX vv.) // Istoricheskaja etnologia. 2017. Tom 2, № 1. S. 119-139.
79. Ýrmanche F.I. Týrkski geroicheski epos. Kazan: IALI, 2015. 448 s.
80. Evarniski D.I. Pýtevoditel po Srednei Azii ot Baký do Tashkenta v arheologicheskome i istoricheskom otnosheniah. – Tashkent. Tipolitografia naslednikov S.I. Lahtina. 1893. 203 s.
81. Iýsýf Balasagýnski. Blagodatnoe znanie. M.: Naýka, 1983. S. 560.
82. Abdyssetdar Kazy. «Jennama» – tekelerin ýrýsh kyssa kitabý. Ashgabat: Mirap. 1994. 200 s. (na týrkmenском языке).
83. Türkmen hanlary we serdarlary. Aşgabat. Ensiklopediýa neşirýaty. 2020. 163 s. (na туркменском языке).
84. Donovan, 1883a – Donovan. The Merv Oasis travels and adventures east of the Caspian during the years 1879-80-81, including five months' residence among the Tekkés of Merv by Edmond O'Donovan special correspondent of the «Daily news». Vol. I. G. P. Putnam's Sons, New York. 1883. 502 p.
85. Donovan, 1883b – Donovan. The Merv Oasis travels and adventures east of the Caspian during the years 1879-80-81, including five months' residence among the Tekkés of Merv by Edmond O'Donovan special correspondent of the «Daily news». Vol. II. G. P. Putnam's Sons, New York. 1883. 500 p.
86. Mitochondrial Phylogeography Illuminates the Origin of the Extinct Caspian Tiger and Its Relationship to the Amur Tiger. / PLOS ONE. January 14. 2009. // <http://journals.plos.org/plosone>. Дата обращения 25.04.2018.



С.Дж. Атдаев

ТҒА Тарих және археология институты,
Ашхабад қ., Түрікменстан
e-mail: serdar63atdayev@gmail.com

ТҮРІКМЕНСТАН ТАБИҒАТЫНДАҒЫ ЖОЛБАРЫСТАР ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕР

Бір кездері Орталық Азия даласында мекен еткен жолбарыс, бүгінгі күні жойылып кетті. Ол туралы мәліметтер тек ауыз әдебиеті мен тарихи құжаттарда ғана қалды. Зерттеу материалдары: саяхатшылардың жазбаларында, мемлекеттік және әскери шенеуніктердің есептерінде, ірі жыртқыш жолбарыстың мекен еткендігі туралы деректер бар. Негізінен ресейлік зерттеушілердің мәліметтерінен тұратын материалдар жолбарыс Түрікменстанның фаунасынан жоғалып кеткендіктен құнды мәліметтер болып табылады. Жолбарыстың бейнесімен байланысты көптеген наным-сенімдер сақталған. Бұл жыртқыш биліктің, күштің символы болып табылды. Оның образы ел жадында сақтаулы және түрікмен халқының мәдениетінде ерекше орынға ие.

Түйін сөздер: жолбарыс, аңшы, тері, зинабатхана, зиярат ету, наным-сенім, аңыз.

S. J. ATDAEV

Institute of History and Archeology of ANT
Ashgabat, Turkmenistan
e-mail: serdar63atdayev@gmail.com

TIGERS IN THE HISTORICAL PAST OF TURKMENISTAN

The tiger, which once lived in the vastness of Central Asia, has now disappeared without a trace. Memories of him have been preserved only in folk folklore and historical documents. Research materials: travelers' notes, reports of government and military officials, contain exceptional information regarding the habitat of a large predator – a tiger in these parts. The materials, which are basically data from Russian researchers, provide a wide range of information and are of particular value against the background of the fact that this predator, unfortunately, disappeared from the register of wild fauna of Turkmenistan. There are many ideas and superstitions associated with the figure of the tiger. This animal was a symbol of power, strength and might. His image has firmly settled in the national memory and occupies a sufficient place in the culture of the Turkmen people.

Keywords: tiger, hunter, ambush, hide, sanctuary, pilgrimage, superstition, legend.

FTAMP: 18.41.09.

Камунов С.Р.

Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі

Нұр-Сұлтан қ. Қазақстан

e-mail: skatunov@gmail.com

Б. САРЫБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚ АСПАПТАРЫН ЖАҢҒЫРТУДАҒЫ ЕҢБЕГІ ЖӘНЕ ҚР ҰЛТТЫҚ МУЗЕЙІНДЕГІ КОЛЛЕКЦИЯСЫНА БЕРІЛГЕН СИПАТТАМА

Мақалада қазақ мәдениетінің негізгі салаларының бірі – қазақ музыкасы бойынша зерттеу жүргізген белгілі ғалым, қазақ өнерінің дамуына орасан зор үлес қосып, саналы ғұмырының барлығын қазақ музыка аспаптарын зерттеуге арнаған аспаптанушы, этнограф, педагог Болат Шамғалиұлы Сарыбаевтың көне музыкалық аспаптарды зерттей отыра, қазақ музыка мәдениетін өркендетуге барынша атсалысқандығы, бұрын ешкім білмеген көне аспаптарды қайтадан жаңғыртқандығы туралы айтылатын болады. Сондай-ақ оның өмір жолының сан алуандығы, осы жолға қалай келіп, оған кімнің сеп болғандығы, көне музыкалық аспаптарды Қазақстан өңірлері бойынша жинап, олардың ойнау тәсілдерін меңгеріп қана қоймай, шәкірттеріне де үйретіп, сол аспаптардан тұңғыш болып оркестр құрып, жоғалған аспаптардың оқу орындарында оқытылуына дейін қол жеткізгендігі тілге тиек болмақ.

Түйін сөздер: Болат Сарыбаев, музыкалық аспаптар, домбыра, қобыз, аспаптану.

Кіріспе

Қазақ ежелден өнер, ғылымға жаны жақын болған. Музыка, әуен десе ішкен асын жерге қойып, қандай қилы заман болмасын, өз мәдениетін жоғары қойып отырған. Іңгәлап дүние есігін ашқан сәттен бастап, еститіні бесік жыры мен әженің тәтті үнімен айтылатын өлеңдері бола тұра музыкадан алыс болуы заңға қайшы, табиғатқа жат болар еді десек, артық айтқан емес. Ерте заманнан-ақ қазақ дала жұрты болып, табиғатпен етене сырласып, сұлу әлемнің барлық әуенін құлағымен естіп, өсімдіктен, ағаштан, темірден, жезден,

теріден, сүйектен, тағы басқа табиғаттың бай мұрасынан аспап жасап, ол аспаптан әуезді күй шығара білген. Алайда көне заманның есті әуезі кейіннен әртүрлі себеп салдарынан барлық дерлік байлығынан айырыла жаздады.

Сол ұмыт болған қазақтың аспаптарын қайта жаңғыртып, олардың кең түрде насихатталуына мол еңбек сіңіріп, артына баға жетпес мұра қалдырған Болат Шамғалиұлы Сарыбаев еді.

Болат Сарыбаев қазақтың 300-ге жуық көне аспабын шәкірттерімен бірге жинап, оларды жүйелеген, қазақтан шыққан алғашқы аспаптанушы ғалымдардың бірі. Ол өткен

ғасырдың 60-жылдарынан бастап қазақта ұмыт болған көне аспаптарды зерттеп жинаумен айналысты. Сол кезден бастап Алматыдағы консерватория оқытушысы бола жүріп, өз үйінің бір-екі бөлмесін жинаған аспаптарына арнап, шағын музейге айналдырған. Зерттеуші ғалым көне аспаптарды қазақтың бай өлкесінен жинай отырып, ауыл-аймақтарды аралап, аспаптың құрылысын жан-жақты зерттеп, орындау әдістерін меңгерді, онымен қоса шәкірттерін де осыған баулыды. 1968 жылы көне ұлттық музыкалық аспаптардан ансамбль де ұйымдастырды. Болат Шамғалиұлы аспаптарды ойнау тәсіліне қарай мынадай түрге бөледі: үрлемелі, ұрмалы, сілкімелі, ысқышты, ішекті, шертпелі, тілшекті.

Негізгі бөлім

Ұлттық музыкалық аспаптар туралы айтқанда, Болат Шамғалиұлы Сарыбаевесімінің ойға оралуы заңды. Ол тарих қойнауында қалған аспаптарды қайта жаңғыртып, қатарға қосқан ғибратты ғалым, аспаптанушы әрі музыкатанушы.

Болат Сарыбаевтың өмір жолын таңдауына атақты күйші-домбырашы Дина Нұрпейісова ықпал еткен. Дина Кенжеқызы II Дүниежүзілік соғыс кезінде біраз уақыт Сарыбаевтар әулетінің үйінде тұрған. Сонда Болаттың музыкалық қабілетін байқап, өзінің домбырасын сыйға тартқан екен. Кейін Болат Алматы консерваториясына оқуға түсіп, ойдағыдай аяқтаған соң сол киелі қара шаңыраққа ұлт-аспаптар кафедрасына қызметке орналасады. Сол жылы Ахмет Жұбанов оған ғылым жолына түсіп, көне аспаптарды зерттеу керекін айтыпты.

Болат Сарыбаевтың шәкірті Жарқын Шәкәрімнің айтуы бойынша, 1968 жылға дейін қазақта тек қана төрт музыкалық аспаптың атауы белгілі болған. Олар: домбыра, қобыз, дабыл, сыбызғы. «1968 жылға дейін жетіген, шертер деген аспаптардың болғанын иісі қазақ білмеген. Олар – сонау түркі дүниесінен жеткен аспаптар. Оның бәрін Б. Сарыбаев тірілтті. Сонымен бірге, үскірік, сазсырнай, мүйізсырнай, бұғышақ, асаяқ және т.б. аспаптарды да қатарға қосты» дейді Шәкәрім (Сарқыт, 2018).

Болат Сарыбаев аспаптарды қазақ даласына сапар шеккен саяхатшылардың

жазбаларынан тапқан. Ол туралы өзі «Қазақтың музыкалық аспаптары» деген кітабында: «Соңғы жылдары ұмыт қалған аспаптарды тауып, оларды қайта жаңғырту жөнінде бірқатар жұмыстар істелді. Біз саяхатшы-этнографтардың жазбаларын, мұражайларда сақталған аспаптар үлгісін пайдалана отырып, домбыраның бірнеше түрін, соның ішінде үш ішекті домбыраны, шертер мен жетігеннің 5-6 түрін, даңғыра, дабыл, асаяқтың 8 түрін, қылқобыз, сазсырнай, үскірік, сыбызғы, барлығы 50-ге тарта музыкалық аспаптар жасаттық» деп жазады (Шәкәрім, 2013: 10).

Болат Сарыбаевтың музыка ғылымына қосқан тағы бір сүбелі еңбегі – екі ішекті қобызды қайта жаңғыртуы. Консерваторияның сол кездегі ректоры Еркеғали Рахмадиевке айтып, аспаптың осы түрінің оқу орнында оқытылуына қол жеткізеді. Ғалым зерттеу жұмыстарын мұнымен тоқтатпай, көне аспаптардың географиялық картасын сызады; аспаптардың түрлеріне қарай топтастырып, кестесін жасайды; қазақ тарихында бірінші рет көне аспаптар ансамблін құрады. Қамыстан жасалған сыбызғылар, үш ішекті домбыра мен шаңқобыз, қобыз бен бұғышақ, қобыз бен сазсырнайды қосып дуэт шығарады.

1980 жылдары Болат Сарыбаев Өзбекәлі Жәнібековпен ақылдасып, музыкалық аспаптар музейін ашу туралы шешім қабылдайды. Бірақ өзі жинаған аспаптарын беруден бас тартады. Сарыбаевтың зор үлесі мен ерен еңбегінің арқасында Ықылас Дүкенұлы атындағы ұлт аспаптар музейі ашылады. Музейдің тақырыптық-экспозициялық жоспарының негізіне Б. Сарыбаевтың Өзбекстанда өткен конгресте жасаған ғылыми баяндамасы алынды. Кейін оның коллекциясы туралы алып қашпа әңгімелер көбейіп кетті. Біреулері «сатылып кетті» десе, енді бірі «қараусыз қалған» деп еш негізсіз қауесет таратып жүрді. Алайда 90-жылдары аспаптанушы өмірден өткеннен кейін туыстары Ықылас Дүкенұлы атындағы Ұлттық музыкалық аспаптар музейіне оның бар коллекциясын тапсырған. Кейіннен Президенттік Мәдениет орталығы қорына, одан соң араға 12 жыл салып ҚР Ұлттық музейінің негізгі қорына келіп түсті.

Өткен ғасырдың 60-70-жылдарында баспа беттерінен сол замандағы жұрт түсінде көрсе есіне түсіре алмайтын, әлдеқашан ұмыт болған аспаптарды ұстап тұрған Болат Сарыбаевтың



суреттері көзге шалына бастады. Бұл – халықты таңдай қақтырып, дүр сілкіндірген әрі таңданарлық жаңалықтар еді. Сол жердегі Б. Сарыбаев атауларын атап, түрін түстеген көне музыкалық аспаптардың көбі қазақтың ерте заманғы музыкалық аспаптары болып шықты.

Олар: жетіген, шертер, дудыға, асатаяқ, қос сырнай, үскірік, сазсырнай, қоңырау, тастауық, қурай-ысқырғыш, ұран, ысқырауық, қауырсын сырнай, мүйіз сырнай, үшпілдек, бұғышақ, керней, даңғыра, сылдырмақты қамшы тәрізді тізіле береді. Бұл сөзіміз дәлелді болуы үшін сол жылдары «Социалистік Қазақстан» газетінде жарияланған С. Армановтың мақаласынан үзінді келтіруге болады. Онда: «Осы салада көп жылдан бері зерттеу, іздестіру жұмыстарын жемісті жүргізіп келе жатқан этнограф-ғалым Болат Сарыбаев қазақ даласында 24 түрлі аспаптың қолданылғандығын толық дәлелдеп, олардың барлығын да өмірге қайта оралтып

отыр», – деп, Б. Сарыбаев зерттеген аспаптарды атап өтті (Сарыбаев, 1981: 6).

Сонымен, Жарқын Шәкәрімнің айтуы бойынша XX ғасырдың екінші жартысында қазақ музыка мәдениетінде Б. Сарыбаев екі басты ғылыми жаңалық ашты.

Біріншісі: қазақ халқы мен түркі халықтары музыкалық аспаптарының санын және бітімін танытатын, орындалу ерекшеліктерін айқындайтын – «БОЛАТ САРЫБАЕВ КЕСТЕСІ».

Екіншісі: Б.Сарыбаевтың ғылыми жобасына негізделген, көне аспаптар сақталған, аймақтық – «БОЛАТ САРЫБАЕВ КАРТАСЫ».

Ғалым ашқан осы екі жаңалық аспаптану ғылымының бағдаршамы болып қалыптасты. Ендігі кезекте қандай да болсын көне аспап табылып, қайта жаңғырып жатса, «Болат Сарыбаев» кестесіне (*Кесте 1*) тіркелетін болады. Ол музыкалық аспаптың қай өңірде табылғаны «Сарыбаев картасында» белгіленетін болады (Ж. Шәкәрім, 2013: 21).

Кесте 1

Болат Сарыбаевтың аспаптарды жіктеу кестесі

Қазақтың музыкалық аспаптарының жіктелуі	
I. Үрлеп тартылатындар:	
Тармақталуы:	Аспап атаулары:
Флейталық	– үскірік, қурай-ысқырғыш, сазсырнай, үшпілдек, сыбызғы, – ысқырауық, тастауық
Тростық	– қауырсын сырнай, қамыс сырнай, – қос сырнай
Мундштуктік	– ұран, керней, – мүйіз сырнай, бүгішек
II. Ишекті:	
Тармақталуы:	Аспап атаулары:
Шертіп ойналатын	домбыра, жетіген, шертер
Қияқпен ойналатын	қылқобыз
III. Мембраналы:	
Ұрып ойналатын	– дабыл, кепшік, даңғыра, шыңдауыл, дудыға, дауылпаз.
IV. Сым тілшелі	
	– шаңқобыз
V. Сілкіп ойналатындар:	
	– асатаяқ, шың, – қоңырау, сылдырмақты қамшы

Жоғарыдағы кестенің ішінде көрсетілгендей, ұрмалы аспапқа жататын, темір теңгешелер ілінген көне асаяқ аспабы соңғы уақытқа дейін белгісіз болып келді. Тек бұрынғы өткен бақсы-балгерлердің арасында оның бірнеше түрі болғандығы айтылады. Болат Сарыбаевтың музейінде Қазақ ССР-ның Халық суретшісі Әбілхан Қастеев салған картинада асаяқ аспабының ерекше бір түрі бейнеленген.

Болат Сарыбаев бұдан жарты ғасыр бұрын белгісіз көне аспаптардың тағы бірін бізге анықтап берді. Ол – шертер аспабы. Осыдан 150 жыл бұрын Париж қаласында басылып шыққан поляк революционері Бронислав Залесскийдің «Қырғыз далаларындағы тіршілік» атты альбомын оқи отырып Болат Сарыбаев көптеген мағлұмат алады. Маңғыстау өңіріне жер аударылған Залесский альбомында қазақ ертегілерін жазып, сол ертегілері бойынша өзінше суреттер де салған. Гравюралық бір туындысында Мырзақай деген жыршыны бейнелеген екен. Оның қолында мойныны қысқа, пернесі жоқ, шанағы ойылып жасалған, шағындау келген аспап бейнеленген. Аспапты сол қолына ұстап, оң қолының саусақтарымен шертіп ойнайтыны көрініп тұр. Сондықтан бұл аспапты Болат Шамғалиұлы шертер деп тұжырымдады. Бұны ол музыка аспаптарын жасайтын эксперименталды шеберханада альбомында көрсеткен шертердің үлгісін жасады (Сарыбаев, 1978: 8).

ҚР ҰМ қоры, Сарыбаев коллекциясындағы «Қылқобыз» – қазақтың байырғы, қоңыр үнді,

зарлы, терең дауысты, салмақты дыбысты, ағаштан жасалатын музыкалық аспабы. Сонау IX ғасырдан бері келе жатқан киелі аспаптың тарихы өте тереңге бойлайды. Қорқыттың заманынан бастау алып, ғасырлар бойы қазақтың мұңын жоқтап, рухани маңыздылығын жоғалтпай келеді.

ҚР ҰМ негізгі қорының түсім кітабы бойынша №7765 жәдігеріне сипаттама:

Қылқобыз тұтас ағаштан ойып жасалған, алайда мойнының орта тұсынан буылып, екі бөлікке бөлініп, жиналмалы сипатта келеді. Жәдігердің басты ерекшелігі де осында: мойнынан бөлініп, тұтастырған кезде ілмекке ілініп тұрады. Қобыздың ерекшелігі бұл ғана емес. Жәдігердің мойын тұсы түрлі өрнектермен: ромб, күмбез тәрізді, ирек сызықтармен безендірілген. Алақан тұсында, яғни бас жағындағы құлақтары бекітін жері де суретпен өрнектелген. Ол жерде екі кептер құсы, тау, шыршалар, спираль тәрізді ою-өрнектер, гүл тәріздес және шеңбер тәріздес ою-өрнектер әшекейленіп салынған. Өрнектеуде жасыл, қоңырқай түстер пайдаланылған. Қобыздың бет қақпағына тері тартып, оның ішкі ойығы арқылы керіп, бекіткен. Шанағы кәдімгі басқа қобыздағыдай дөңес емес, тегіс келеді (Сур. 1). Бетқақпағында бір үлкен, үш кіші, барлығы төрт тесікшесі бар. Бұл да қобыз үнінің терең, тұнық, салмақты шығуына септігін тигізеді. Ең қызығы – қобыз басының ішкі ойығының орта тұсында айнаның бекіп орналасуы (Сур. 2). Айна сол қобыздың «аксессуары» іспеттес рөл атқаруы ықтимал.



Сур. 1. Қылқобыз
(жанынан қарағандағы суреті)

Fig. 1. Kilkobyz
(photo from the side)



Сур. 2. Қылқобыз
(үстінен қарағандағы суреті).

Fig. 2. Kilkobyz
(photo from the above).

ҚР Ұлттық музейінің ғылыми кеңесі отырысында сөз сөйлеген белгілі зерттеуші, өнертанушы, этноаспаптанушы, қобызшы Ақнар Шарипбаеваның пікірінше: «Қобыздың жиналмалы келуі тұрмыста, көшіп-қонғанда ыңғайлы болуы үшін бейімделіп жасалған. Сондай-ақ көшпенділікке әдейілеп жасалғанын ескере отырып, қобыздың ХХ ғасырдан да бұрын жасалуын алға тартуға болады». Аспапты қазіргі Түркістан облысы, Созақ ауданының белгілі аспап шебері Ысмағұлов жасаған.

Негізгі қордағы келесі жәдігер «Сылдырмақ» – қазақ халқының көне музыкалық аспабы сілкімелі аспап болып жіктеледі. Шулы сылдырмақ аспабы тұтастай мыс, қола, жез секілді металлдар мен емен, үйеңкі, шырша ағаштарынан жасалады. Әуезді гармониясына байланысты «күлдіреуікті», «сәлпеншекте» деген түрлері де бар. Сырт пішіні ұстап ойнауға өте ыңғайлы әрі жеңіл. Шеберлер аспаптың сыртқы жағын алтын, я күміспен қаптаған.

ҚР ҰМ негізгі қорының түсім кітабы бойынша №7932 жәдігерге сипаттама:

Сипатталушы жәдігер негізінен алғанда кәдімгі қазақтың тұрмыс-тіршілігінде пайдаланылған қамшы болып табылады. Бірақ Болат Сарыбаевтың зерттеулеріне сүйенсек, оның жасаған музыкалық аспаптар кестесінде қамшы сылдырмақ өз алдына бөлек аспап болып жазылған. Сабы ағаштан, тілшесі былғарыдан жасалған қамшының орта тұсы қайыспен біріктіріліп бекітілген. Қамшының сабы былғарымен маталып, айналдыра

оралған. Сабының төменгі тұсында қамшыны іліп қоюға арналған былғары жіпшені байқаймыз (Сур. 3). Бірақ бәрінен қызығы – сол ілмешегіне сылдырмақтарды байланыстыра бекітіп, іліп қойғаны. Сылдырмақтарының саны 4, олар жұмыртқа пішіндес келген, ауыздары ашық, ішінде металл дөңгелекшелер орналастырылған. Қамшыны сілкіген кезде металл бір-біріне тиіп, шықырлаған дыбыс шығарады.

Қазіргі таңда қазақтың ұлттық аспаптары домбыра, шертер, саз сырнай, жетіген, сыбызғы, қобыз аспаптары ғалымдардың зерттеу нысанына айналып, жіті зерттеліп келе жатыр. Қазақтың ұлттық музыкалық аспаптарының әрқайсысы да зерттеу тақырыбы болып, орындаушылығы мен педагогикалық әдістемесінің елімізге кең ауқымда таралып жатқандығы осыған айғақ болып келе жатыр. Оның ішінде қолданылуы біздің дәуірден де бұрынғы ғасырлардан бастау алатын көне өнер саласы – қобыз тарту өнері де ғалымдарымыздың қаламына ілігіп, белсенді зерттелгендігі де қазіргі таңдағы ғылыми еңбектер мен ноталық жазба кітаптардан да анық байқалады. Қобыз тектес хордофонды аспаптар түркі тілдес халықтардың көпшілігінде кездеседі. Қазақтар мен қарақалпақтар қобыз тарту өнерін VIII-IX ғасырда Қорқыттың есімімен тығыз байланыстырады.

Сипатталушы аспап – қазақтың байырғы көне музыкалық ағаштан жасалып, теріден қапталатын, ысқышты аспабы қобыз. Нақтырақ айтқанда, соның заманауи жетілген түрі прима-қобыз. Қобыздың 4 ішегі бар: оның 3-і металл, ал біреуі пластмасса тәріздес, лескаға ұқсайтын материалдан жасалған. Шанағы ойылып жасалып, бет қақпағы теріден иленіп керілген. Бет қақпағында 2 қарама-қарсы қойылған ромб және арқармүйіз оюлары тесіліп, ойылған. Аспаптың ағашы заманауи скрипканың ағашына өте қатты ұқсайды. Ілмегі қайыс теріден жасалып, шектерін түймесіне бекітеді. Шанақтың астыңғы жағы лактелген, бет қақпағы сәл бүлініп, кертіліп, қырылған, бояуы түсіп, кірлеген.

Домбыраның түрлері:

Ән мен күй домбырасы;

Аша;

Балашық;

Балдырған (екі нұсқасы);



Сур. 3. Қамшы.

Fig. 3. Whip.

Кең шанақты;
Қуыс мойын;
Қозықұйрықты;
Торсық;
Үш ішекті;
Тұмар;
Оркестр домбыралары;
Қоңыр дауысты (альт);
Ащы дауысты (секунда);
Жіңішке дауысты (прима);
Шертер;
Шіңкілдек

Қазақстан Республикасы Ұлттық музейіндегі негізгі қордың, соның ішінде ағаш қорының ішінде жоғарыда атап өткендей белгілі ғалым, қазақтың көне аспаптарын жаңғыртуда өте орасан еңбек еткен, музыкатанушы Болат Сарыбаевтың бірнеше ондық аспаптар коллекциясы сақталған. Коллекция негізінде келесі кезекте қазақтың ең танымал аспабы домбыраға тоқталған жөн болар. ҚР ҰМ қорындағы Б.Сарыбаев коллекциясы өте сирек кездесетін аспаптардан жиналған. Көне аспаптардың реставрацияланған бірнеше данасы негізінде жеке талдау келесідей:

ҚР ҰМ негізгі қорының түсім кітабы бойынша №7769 жәдігерге сипаттама:

Сүйір келген, үшбұрышты қалақ домбыра. Бұның ерекшелігі де сол – қалақ домбыраның ең сирек кездесетін түрі сауырлы қалақ домбыраға өте жақын. Домбыра өте жинақы, шағын келген, ұстауға ыңғайлы. Тағы бір айта кететін ерекшелігі – 9 перне. Кәдімгі қарапайым екі ішегі болғанымен, дәстүрлі үйреншікті домбырадан әлдеқайда ерекшеленеді. Оның орыстың балалайкаға ұқсастығынан бөлек үндігі (тесігі) де өзінше ерекше (айқастырылып созылған крест). Алақаны мойнының жалғасы тәріздес болып келеді. Құлақтарының бірі дұрыс, бірі бүйірінде орналасқан. Шанағының өзі тұтас көрінгенімен, бет қақпағы мен түбі шегелермен жабылып бекітілген. Шанағы мен мойнының жалғасар жері сәл қалыңырақ келеді. Домбыраны қорға аларда оның тиегі болмағанға ұқсайды, себебі тиегі біртүрлі үлкен, түсі де басқаша, тым жаңа жонылған. Шанағының кейбір тұстары жарылып, оның орнын ағаш қалдықтарымен бітеген. Домбыраның түймесі де жоғалған болуы керек, орнында шеге тұр.

Музыка зерттеушісі Мұрат Әбуғазы домбыраның алғаш пайда болған жері Алтай тауы дегенді айтады. Атақты түркітанушы Қаржаубай Сартқожаұлы Моңғол Алтай тауының сілеміндегі Жарғалант-Қайырқан жотасындағы үңгірден домбыраға ұқсайтын екі ішекті, тоғыз пернесі бар ерте заманғы саз аспабын тауып алды. Домбыра тарихы жайлы айтар болсақ, шындығы мен аңыз аралас әңгімелер жетіп артылады.

ҚР ҰМ негізгі қорының түсім кітабы бойынша №7766 жәдігерге сипаттама:

Домбыра тұтас ағаштан ойып жасалып, шанағы тегіс келген. Пернелері байланбаған, бірақ шамамен мойнына 12 пернедей байлауға келеді. Домбыраның мойнында бекітіліп байланбаған 3-4 перненің жібі бар. Басты ерекшелігі – аталмыш домбыраның 3 үндігі (тесігі) бар. Сондай-ақ кеңінен таралған үлкен шанақты батыс домбырасы емес, шіңкілдек домбыра түріне жатады. Бұндай домбыра түрі көбіне Алтай, Жетісу, оңтүстік-шығыс өңіріне тән болып келеді. Домбыраның екі шегі бар, тиегі сақталмаған, алақаны безендірілмеген қарапайым болып келген, шанағына шегелермен бекітіп, қақпақ орнатқан, екі құлағы бір-біріне жақын орналасқан. Домбыраның мойны, әсіресе саға жағы жуан, ал ұзындығы шағын болып келгеніне қарап, оның иесі шымыр, жуан саусақты, аласа бойлы болып келген деп тұжырымдауға болады. Аспаптың бетінде ешқандай рулық-тайпалық белгілер көрсетілмеген.

Жоғарыда айтылғандай, домбыра қазақтың ең танымал, алғашқы түпнұсқа қалпынан көп айни қоймаған, маңыздылығын жоғалтпай келе жатқан бірден-бір аспап. Домбыраны қазіргі кезде кез-келген жерден, мейлі ол ансамбль, оркестр болсын, мейлі радио, мейлі концерттік бағдарлама болсын ести аламыз. Домбыра осы заманға дейін талай ғасырды, талайлаған дәуірді басынан кешіп, өзінің қазіргі күйіне дейін жетілдіріліп, жаңарды, жаңғырды. Бұрын домбыра көлемі орындаушының өз анатомиялық ерекшеліктеріне қарай жасалып, көшіп-қонуға ыңғайлатыла отырып, жасалды. Ат үстінде немесе үйдің қуыс бұрышында отырып-ақ айта беруге болатын бұл аспаптың шанағы да, мойны да шағын, пернелерінің саны қазіргіден азырақ болды. Бертін келе, музыкалық талғам мен заманның талабына сай пернелер саны 19-ға жетіп, шанағы ұлғайып,

көлемді дыбыс беріп, оркестрге ыңғайластыра отырып жасала бастады. Енді осы ғасырдың басында тіптен домбыраға электр тоғын жалғап, жаңа деңгейге шығарды.

ҚР ҰМ негізгі қорының түсім кітабы бойынша №7767 жәдігерге сипаттама:

Басты ерекшелігі – шанағы мойын тұсына жақындай келе қайта дөңес болып, екінші шағын шанақ іспеттес болып келуінде. Бұндай пішінді біз тек көп ішекті домбыралардан кездестіреміз. Алайда, алдымыздағы аспап кәдімгі екі ішекті. Домбыраның алақанында құлақтарынан бөлек тағы екі қосалқы тесікті байқауымызға болады. Реставрацияға дейін құлақтары алақанының басқа жерінде орналасуы мүмкін деген болжамға келуге болады. Алақанының жиектері толқынды болып келген, бұл, бәлкім, безендірудің бір түрі болуы керек. Шанағы тегіс келген, бет қақпағының төменгі тұсында қошқар мүйіз бейнеленген. Шанағының үстіңгі және астыңғы жиектері қызылмен боялған, ал қаптал тұсы көк түске боялып, бояуы уақыт өте келе көмескіленген. Шанағының орта тұсында еміс-еміс көрінетін оюы бар, ол да төрт рет қайталанатын, төрт түстікті көрсететін қошқармүйіз оюы болса керек. Үндігі шанағының жіңішкерген тұсына жақын орналасқан үшбұрыш пішінді болып келген.

Қазақта домбыраның ең көп тараған екі түрі бар. Қауақ домбыра форма жағынан пәлендей түрленбейді. Өзгертін тек шанақтың көлемі мен мойынның ұзындығы ғана. Батыс Қазақстан, Түркменстан, Қарақалпақстан, Өзбекстан, Ауғанстан жерінде кеңінен тараған. Ал қалақ домбыра өзінің сыртқы түрімен қалаққа ұқсас болғаннан кейін осылай аталған тәрізді. Оның үш түрі бар – иықты, бүйірлі және сауырлы. Домбыра Жиделібайсын, Жетісу мен Сарыарқаға, Қазақстанның оңтүстік-орталық өңіріне тараған.

ҚР ҰМ негізгі қорының түсім кітабы бойынша №7768 жәдігерге сипаттама:

Домбыра шағын көлемде келген, ұстауға ыңғайлы. Тұтас ағаштан ойып жасалған бұл домбыраның түрі шіңкілдекке келеді. Шанағы жұмыр, дөңес келіп тегістелген. Кәдімгі қос ішекті домбыраның жалғыз үндігі (тесігі) бар, алақаны мойнымен тұтастырылған, шайтан тиегі түсіп қалып, орнына басқа тиек бекіткен. Бет қақпағы шанағына шегелермен бекітілген. Қос ішегі түп жағындағы түймеге келіп оралып

байланған. Алақанының жоғарғы тұсында тағы қосымша тесік орналасқан: бұл домбыраны іліп қою үшін жасалған, ілмекке арнайылап істелген тесікше болуы керек. Домбыраның 19 пернесі бар, алайда көлемі, мойнының ұзындығы тек 12 перне үшін арнайылап жасалған болуы ықтимал. Мойнының саға жағы жуанырақ келген, шертпе күйлерге, не арқаның әндеріне өте ыңғайлы жасалған. Аспаптың шанағының астыңғы түп жағы аздап кертілген, жырылған, сызылған жерлері бар. Домбыра өте берік ағаштан жасалған деп толық сеніммен айтуға негіз бар. Бұндай домбыра ұлы ақын Абайдың ұстаған тұмар домбырасына қатты ұқсайды. Сондықтан Шығыс Қазақстанда, Алтай, Жетісу аймақтарында көптеп кездеседі деп айтуымызға болады.

Негізінен, мұндай сембиоздық қазақ рухани мәдениетінде көптеп кездеседі, бірақ әлі талай зерттеулерді талап етеді. Сондықтан да әрбір осындай біріктірілген құнды жәдігерлер қазақ халқының мәдениетінде, музейде зор мәнге ие.

Қорытынды

Қорытындылай келе қазақтың рухани мол мұрасы сан ғасырлап өзінің этнографиялық, халықтық, гендік маңыздылығын жоғалтпай келеді деп айтуға болады. Десе де, тарихтың тереңінде бір кездері халықтың игілігіне пайдаланылған мәдени артефактілердің ізін-ғайым жоқ болып кетуі жанға батары сөзсіз. Бабалар өсиетін қаза қылмай замандардан заманға, дәуірден дәуірге аманат етіп жеткізу ұрпақтың басты борышы болмақ. Тарихи әділетсіздіктердің, оқиғалардың бұрмалануынан, соғыс-қырыстың көп болуы себепті, өркениеттердің жойылуынан адамзат негізін қалап қалыптастырған талай тамаша дүниелер ұзақ өмір сүре алмады. Алайда ұмытылған тарихты жаңғыртып, өткеннің мәңгілік шыңырауында, уақыттың зынданында қалған, тереңдегіні қазып ала алған зертеуші ғалымдар бұл жараның жазылуын аз да болса тездететіні анық. Осындай жаны жомарт, ғылымға бар жан-тәнімен берілген, мәдениеттің нағыз жанашыры – Болат Сарыбаев. Болат Сарыбаев қазақтың ағаштан жасалған көне музыкалық аспаптарын жинап қана қоймай, оларды жүйелеп, жіктеп, жоғалған көне аспаптарды қайта жаңғыртып,

олардың жасалу әдістерін іздеп, сол табылған деректер бойынша қайта жасап шығарды. Көне аспаптардан құралған ансамбль жинап, ескі дала әуенін қайта оятты. Күні-түні тынбай ізденіп, еңбектеніп, бұрынғы өткен зерттеулерге сүйене отырып орасан үлкен жаңалықтар ашты. Оның жасаған зор еңбегі теңіз түбінен маржан іздеумен тең болмаса кем емес. Оны кей өнер зерттеушілері, өнер майталмандары «қазақ өнерінің, қазақ мәдениетінің Христофор Колумбы» деп атап кеткен. Осы атау оны толығымен суреттеп, әділ бағасын беретін сияқты. Қазіргі таңда оның бар ғұмыры бойы жинаған музыкалық аспаптар коллекциясы Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінде сақтаулы. Жалпы саны 309 бірлікті құрайтын бұл коллекция жоғарыдағыдай жіктелетіні айтылды. Ондағы әрбір жеке аспап өзінше құнды, өзінше ерекше. Сан қилы, әуендік ауқымы кең бұл музыкалық аспаптар өз кезінде

талай шеберлерден туындап, қолдан-қолға ауысып, әртүрлі өңірлерден жинақталды. Болат Сарыбаевқа дейін қазақ атаулы тек 4 аспапты таныса, ғалымның қалдырған еңбектерінің арқасында олардың саны 30-ға жетті. Болат Шамғалиұлынан бөлек аспаптарды жинап оларды насихаттаған шәкірті Жарқын Шәкәрім мен аспаптанушы З. Жәкішева да бар еді. Олар да біраз еңбектеніп, қазақ мәдениетінің дамуы үшін айтарлықтай із қалдырды. Енді кейінгі ұрпақ осы зерттеушілердің сара жолы арқылы жүріп өтіп, рухани білімді бойына сіңіріп, мәдениетке деген зор махаббаты мен ынтасын білдіріп, ұмытылған өнер жәдігерлерін жаңғыртуды қолға алса, жоғарыда аталған Болат Шамғалиұлы Сарыбаев секілді ғалымдардың аруағы риза болар еді. Ол кісілердің қалдырған жазбалары, зерттеулері арқылы шын ізденіп, талмай еңбектенсе бабалар аманатының орындалары хақ еді.

Әдебиеттер

1. Әсел Сарқыт. anatili.kazgazeta.kz/news/50271. Болат Сарыбаевтың мұралары қайда? // Ана тілі.
2. Сарабаев Б. Қазақтың музыкалық аспаптары. Альбом. – Алматы: Жалын, 1978. – 136 б.
3. Сарыбаев Б. Қазақтың музыкалық аспаптары. – Алматы, 1981. – 208 б.
4. Сарыбаев Б. Казахские музыкальные инструменты. – Алма-Ата: Жалын, 1978. – 172 б.
5. Шәкәрім Ж. Көне дүние күмбірі. – Алматы: Өнер, 2013. – 191 б.

References

1. Ásel Sarqyt. anatili.kazgazeta.kz/news/50271. Bolat Sarybaevtyń muralary qaida? [Where is the legacy of Bulat Sarybayev?] // Ana tili.
2. Sarabaev B. Qazaqtyń mýzykalyq aspaptary [Kazakh musical instruments]. Albom. – Almaty: Jalyn, 1978. – 136 b.
3. Sarybaev B. Qazaqtyń mýzykalyq aspaptary [Kazakh musical instruments]. – Almaty, 1981. – 208 b.
4. Sarybaev B. Kazahskie mýzykalnye instrýmenty [Kazakh musical instruments]. – Alma-Ata: Jalyn, 1978. – 172 b.
5. Shákárim J. Kóne dúnie kúmbiri [The sound of ancient times]. – Almaty: Óner, 2013. – 191 b.



Камунов С.Р.

Национальный музей Республики Казахстан
г. Нур-Султан, Қазақстан
e-mail: skamunov@gmail.com

**ТРУД Б. САРЫБАЕВА
В МОДЕРНИЗАЦИИ КАЗАХСКИХ
ИНСТРУМЕНТОВ И ОПИСАНИЕ
ЕГО КОЛЛЕКЦИИ
В НАЦИОНАЛЬНОМ МУЗЕЕ РК**

В статье рассказывается о том, как известный ученый, проводивший исследования по одной из основных областей казахской культуры – казахской музыке, внес огромный вклад в развитие казахского искусства – это инструментолог, этнограф, педагог Болат Шамгалиевич Сарыбаев, посвятивший всю свою сознательную жизнь изучению казахских музыкальных инструментов. Он всячески способствовал развитию казахской музыкальной культуры, возрождал древние инструменты, о которых ранее никто не знал. Кроме того, статья повествует о многообразии его жизненного пути, о том, как он пришел на этот путь, о том, как он собирал старинные музыкальные инструменты по регионам Казахстана, не только осваивал приемы их игры, но и обучал своих учеников, первым создал оркестр из этих инструментов и добился того, что эти инструменты стали наравне с домброй, кобызом в учебных заведениях.

Ключевые слова: Болат Сарыбаев, музыкальные инструменты, домбра, кобыз, инструментоведение.

Kamunov S.R.

National Museum of the Republic of Kazakhstan
Nur-Sultan, Kazakhstan
e-mail: skamunov@gmail.com

**B.SARYBAYEV'S CONTRIBUTION
TO THE MODERNIZATION OF
KAZAKH INSTRUMENTS AND
DESCRIPTION OF THE COLLECTION
IN THE NATIONAL MUSEUM OF THE
REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

The article is devoted to the development of Kazakh musical culture through the study of ancient musical instruments by Bolat Shamgalievich Sarybayev, a well-known connoisseur of Kazakh music, instrumentalist, ethnographer, educator, who made a significant contribution to the development of Kazakh art and devoted his life to the study of Kazakh musical instruments. He recreated ancient instruments that no one knew before. The article considers the diversity of his life path. It describes his way to this path and collecting the ancient musical instruments from different regions of Kazakhstan. B. Sarybayev not only mastered the techniques of playing these instruments, but also taught his students. He was the first to create an orchestra of these instruments and went on to teach the old instruments in educational institutions.

Keywords: Bolat Sarybaev, musical instruments, dombra, kobyz, instrumentation.

Карипбаев Ж.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан
e-mail: zhanzhargan@mail.ru

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ НЕОКЛАССИКАЛЫҚ НӘЗИРА ДӘСТҮРІ

Абай және Шығыс классиктерінің әдеби, шығармашылық байланыстарын сөз еткенде, нақтылы зерттеу нысанына алынбай келе жатқан күрделі де өзекті тақырыптың бірі – Абай шығармаларындағы Шығыстық белгілердің бір тармағы болған нәзира дәстүрі. Абайтану тарихында бұл жөнінде Мұхтар Әуезов зерттеулерінде ғана сөз болып, пікір сабақталды. Нәзира дәстүрі – ілгеріде жазылған классикалық шығыс әдебиетінде қалыптасқан мәңгілік тақырыптармен байланысты үрдіс. Оның қайнары (каноны) да, жайылып ағатын арнасы (инварианттары) да бар. Ұлы ақын дәстүрлі тақырыпқа шығарма жазудың шығыстық әдісі – нәзира дәстүрін жан-жақты меңгерген, оны қазақ топырағына лайықты етіп белгілі дәрежеде дамыта түскен айрықша өнер иесі. М. Әуезов Абай шығармашылығының үш қайнардан бастау алғанын былай жіктеген: біріншісі, қазақ халқының мол фольклорлық мұрасы; екіншісі, шығыс классикалық әдебиеті; үшіншісі, орыс пен батыс әдебиеттері. Зерттеу мақалада ұлы ақын шығармашылығындағы шығыс классикалық әдебиетінің, оның ішінде нәзира дәстүрінің көрініс табуы жан-жақты сөз болады. Абай шығармаларындағы нәзира дәстүрін ғылыми тұрғыдан жүйелеу – ұлы ақын шығармаларындағы нәзира дәстүрдің түбегейлі зерттелуіне жол ашады деген түйін жасалады.

Түйін сөздер: Абай Құнанбайұлы, шығыс классикалық әдебиеті, нәзира дәстүрі, «Ескендір» поэмасы.

Әр халықтың өзіне тән мәдениеті, салт-дәстүрі, мінезі, әдебі, ақыл-ой өрісі, жасап өткен тарихи жолы болады. Осы қасиеттерінің барлығын бір жерде тоғыстырған жағдайда халықтың шынайы рухани бейнесі көрініп, толық болмысы танылмақ. Халық болмысы – сол халықты құрайтын жұрттың болмысынан, ал жұрттың болмысы жекелеген кісілер болмыстарынан құралады. Кісінің болмысын

жеке дара қасиеттері арқылы пайымдауға болады. Жекелеген кісіні алатын болсақ, ол – пенде, қазақ ұғымында пенде мінсіз болмайды. Былайша айтқанда, орта статистикалық кісі арқылы, біртұтас халық жайлы пікір қалыптастыру аса қиын іс. Алайда, сол халықтың ішінен шыққан жекелеген дара перзентінің ізгілік пен адамгершіліктің үздік үлгісін көрсетіп, өз ұлт дамуына, сана-сезімінің

өсуіне оң ықпал етіп, адамзат құндылықтарын дәріптеп, жұрт деңгейінен ұлт дәрежесіне көтерілуіне ықпал еткен тұлғалары болады. Сол халық, ұлт жайлы, осы перзенті арқылы пайым жасауға әбден болатын сияқты. Әрине, ондай ерен тұлғалар көрсеткен ізгілік пен үздік адамгершілік үлгісі, тек өз ұлтының деңгейімен шектеліп қалмады. Айталық, неміс халқы үшін ондай тұлға – Иоганн Гёте, орыс үшін – Александр Пушкин, француз үшін – Вольтер, қытай үшін – Конфуций сынды ұлы перзенттері атқарғандары белгілі. Олардың сол еңбектерін тек өз жұрты ғана емес, барша әлем жұрты әлдеқайда мойындап, үлгі тұтады. Осы айтылған есімдердің барлығының рухани негізі бекем, үлкен шығармашылық мұра иелері. И. Гёте мен А. Пушкин – ақын-жазушылар, Вольтер мен Конфуций – ойшыл-философтар.

Осы орайда, қазақ халқының алдында сондай ізгілік миссиясын атқара алған перзенті ретінде Абай Құнанбайұлы екендігі еш күмән туғызбайтын жайт. Абайдың ақындығы мен ойшылдығы бірін-бірі толықтырып, ұлт болмысының бөлінбес бөлшегіне айналған құбылыс. Қазақ қандай халық – деген сұраққа ақын тұлғасы мен шығармашылық бейнесі арқылы бек сеніммен жауап беруге болады. Оның айғағын халқымыздың бүгінгі рухани, мәдени, әдеби жетістіктерінен көре аламыз. Абайсыз халқымыздың ұлттық келбетін елестету де қиын, тіпті мүмкін де емес. Оның мұрасы халқымыздың ұлт болып ұйып, ұлыс болып қалыптасуының негізінде жатқан диңгектерінің бірі. Сондықтан Абайды тану, ең алдымен қазақтың рухани болмысын тану, оның жанына үңілу, ойының тұңғиығына бойлау, аса көркем құрылған әдеби шығармашылықпен сусындау, аса биік адамгершілік биігіне көтерілу деп қабылдаймыз.

Абай – ең алдымен ақын, А. Байтұрсынов айтқандай – қазақтың бас ақыны. Оның шығармашылығы классика ретінде әлдеқайда мойындалған. Ал классика дегеніміз заман жаңаруымен қоса жаңғыратын, жаңа қырлары ашылып, маңызы арта түсетін рухани құндылық. Бүгінгі таңда, Абай мұрасын филология, оның ішінде әдебиеттану ғана емес, жалпы гуманитарлық ғылымдардың сан салалары зерттеп жүрген тұғырлы нысаналардың бірегейі. Солардың ішінде, М. Әуезов бастаған әдебиеттану бағытындағы зерттеулердің танытар мәні мен мазмұны

ерекше. Абай мұрасын зерттеу бағытының даму жолы әдеби даму үрдістерімен тығыз байланыста дамуын тауып келе жатқан құбылыс. Сондықтан, ақын мұрасын зерттеу ең алдымен әдеби дамудың, сол арқылы жалпы гуманитарлық бағыттағы зерттеулердің дамуының кепіліне айналуға. Алайда, әдебиеттану, оның ішінде абайтану саласында тереңдете зерттеуді әлі де қажет тұстары, ашылмай жүрген жақтары, шешілмей жүрген түйіндері баршылық. Сондай мәселелердің бірқатары, Абай шығармашылығындағы нәзіралық негізге байланысты болып келуде.

Нәзира дәстүрі ілгеріде жазылған классикалық шығыс әдебиетінде қалыптасқан мәңгілік тақырыптармен байланысты үрдіс. Оның қайнары (каноны) да, жайылып ағатын арнасы (инварианттары) да бар. М. Әуезов Абай шығармашылығы үш қайнардан бастау алғанын былай жіктеген: біріншісі, қазақ халқының мол фольклорлық мұрасы; екіншісі, шығыс классикалық әдебиеті; үшіншісі, орыс пен батыс әдебиеттері (Әуезов, 1997: 164). Сонымен қатар, тәуелсіздік жылдары үшінші арна ретінде жыраулар мұрасы мен оның замандастарының әсерін де қарастыруда (Бейбытова, 1994: 17).

Абай – үлкен әдеби ағымның негізін салушы, үлкен әдеби мектептің іргесін қалаушы. Оның шығармашылық мектебінен Ақылбай мен Мағауия Абайұлдары, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Кәкітай Ысқақұлы, Әріп Тәңірбергенұлы, Әсет Найманбайұлы сынды тікелей шәкірттері шыққан. Сонымен қатар Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров сынды көрнекті ақын-жазушылар рухани ұстаз тұтып, үлгі алып, жаңа дәуір әдебиетін қалыптастырды.

Абайдың қаламгер ретінде қалыптасу кезеңі шығыс классикалық әдеби мұраларымен тығыз байланысты болған. Осы жайлы ақын:

11. Қожамқұлұли-бек Балхи. Тарих-и Қыпшақи Сөзбе-сөз аударған Ю. Пилан. – Алматы: Принт, 2017. 800 б.
12. Библия. Книги священного писания Ветхого и Нового Завета. Канонические. (Синодальный перевод). – С.-Петербург: Синодальная типография, 1907. – 890 с.
13. Қасқабасов С. Жаназық. Әр жылғы зерттеулер. – Алматы: Аударма, 2002. – 584 б.
14. Әуезов М. Таңдамалы: қазақ және орыс тілдеріндегі ғылыми еңбектер: монография, зерттеулер, мақалалар, сөздер, баяндамалар, хаттар. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1997. – 509 б.
15. Навои А. Сочинения в десяти томах. Т.7. Стена Искандара. – Ташкент: Изд. «ФАН» Узб. ССР, 1968. – 415 с.
16. Әуезов М. Әдебиет туралы зерттеулер. Оқу хрестоматиясы. – Астана: ПрофиМедия, 2014. – 240 б.
17. Үлімжіұлы Ақыт. Шығармаларының толық жинағы. Екі томдық. – Кония, 2011. – Т.2. – 594 б.
18. Жұмабаев М. Шығармалары: Өлеңдер, поэмалар, қара сөздер. – Алматы: Жазушы, 1989. – 448 б.

References

1. Áýezov M. Ádebiet týraly. O literatýre. Oqý quraly. – Almaty: Sanat, 1997. – 304 b.
2. Beibytova K.D. Traditsii Abaia v poezii. – Almaty, 1994. – 336 s.
3. Kunanbauly A. Shyǵarmalarynyń eki tomdyq tolyq jınaǵy. T.2. – Almaty: Jazýshy, 2005. – 336 b.
4. Dúsenbiev I.T. Problemy izýchenia istorii kazahskoi literatýry dorevolúcionnogo perioda (XVIII, XIX i nachalo XX veka). Avtoref. dokt. diss. – Alma-Ata, 1966.
5. Silchenko M.S. Tvorcheskaiia biografiia Abaia. – Alma-Ata, 1957. – 292 s.
6. Kelimbetov N. Kórkemdik dástúr jalǵastyǵy. – Astana, Elorda, 2000. – 288 b.
7. Qasqabasov S. Tańdamaly. T.3. – Astana: Foliant, 2014. – 424 b.
8. Kostúhin E.A. Aleksandr Makedonski v literatýrnoi i fólklornoı traditsii. – Moskva: Naýka, 1972. – 190 s.
9. Ali-zade A.A. Islamski ensiklopedicheski slovar. – M.: Ansar, 2007. – 400 s.
10. Quran Kárim.
11. Qojamqýlulı-bek Balhı. Tarih-i Qypshaqı Sózbe-sóz aýdarǵan Iý. Pılan. – Almaty: Print, 2017. 800 b.
12. Biblia. Knıgı sváshennogo pısania Vethogo i Novogo Zaveta. Kanonicheskie. (Sinodalnyi perevod). – S.-Peterbýrg: Sinodalnaia tipografiia, 1907. – 890 s.
13. Qasqabasov S. Janazyq. Árjylǵy zertteýler. – Almaty: Áýdarma, 2002. – 584 b.
14. Áýezov M. Tańdamaly: qazaq jáne orys tilderindegi ǵylymı eńbekter: monografiia, zertteýler, maqalalar, sózder, baıandamalar, hattar. – Almaty: Qazaq ensiklopediasy, 1997. – 509 b.
15. Navoi A. Sochinenia v desáti tomah. T.7. Stena Iskandara. – Tashkent: Izd. «FAN» Ýzb. SSR, 1968. – 415 s.
16. Áýezov M. Ádebiet týraly zertteýler. Oqý hrestomatiasy. – Astana: ProfiMedia, 2014. – 240 b.
17. Úlimjiuly Aqyt. Shyǵarmalarynyń tolyq jınaǵy. Eki tomdyq. – Konia, 2011. – T.2. – 594 b.
18. Jumabaev M. Shyǵarmalary: Óleńder, poemalar, qara sózder. – Almaty: Jazýshy, 1989. – 448 b.

Карипбаев Ж.

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева
г. Нур-Султан, Казахстан
e-mail: zhanzhargan@mail.ru

НЕОКЛАССИЧЕСКАЯ ТРАДИЦИЯ НАЗИРА В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ АБАЯ КУНАНБАЕВА

Говоря о литературных, творческих связях Абая и восточных классиков, Назира стала одной из самых сложных и актуальных тем, не ставших предметом конкретного исследования – ветвью восточных знаков в произведениях Абая. В истории абаеведения об этом говорили только в исследованиях Мухтара Ауэзова. Традиция Назира – это тенденция, связанная с вечными темами, сложившимися в классической восточной литературе. У нее есть как источник (канон), так и канал (инварианты). Великий поэт всесторонне владеет восточным методом написания произведений на традиционную тему-традицией Назиры, в определенной степени развивая ее как достойную казахской земли. М. Ауэзов писал о

трех истоках творчества Абая: первый, богатое фольклорное наследие казахского народа; второй, Восточная классическая литература; третий, русская и западная литература. В исследовательской статье подробно рассказывается о проявлении в творчестве великого поэта Восточной классической литературы, в том числе традиции Назиры. Научная систематизация традиции Назиры в произведениях Абая заключается в том, что Назира в произведениях великого поэта открывает путь к фундаментальному изучению традиции.

Ключевые слова: Абай Кунанбаев, восточная классическая литература, традиция назира, поэма «Искандер».



Karipbaev Zh.

L.N. Gumilyov Eurasian National University
Nur-Sultan, Kazakhstan
e-mail: zhanzhargan@mail.ru

NEOCLASSICAL NAZIRA TRADITION IN THE WORK OF ABAY KUNANBAYULY

Speaking about the literary and creative ties between Abai and Oriental classics, Nazira has become one of the most complex and relevant topics that have not become the subject of a specific study – a branch of oriental signs in Abai's works. In the history of Abai studies, this was only discussed in the studies of Mukhtar Auezov. The Nazira tradition is a trend associated with eternal themes that have developed in classical Oriental literature. It has both a source (canon) and a channel (invariants). The great poet comprehensively mastered the oriental method of writing works on a traditional theme-the tradition of Nazira, to

a certain extent developing it as worthy of the Kazakh land. M. Auezov wrote about three sources of Abai's creativity: the first, the rich folklore heritage of the Kazakh people; the second, Eastern classical literature; the third, Russian and Western literature. The research article describes in detail the manifestation of Eastern classical literature in the work of the great poet, including the tradition of Nazira. The scientific systematization of the tradition of Nazira in the works of Abai opens the way to the fundamental study of tradition.

Keywords: *Abai Kunanbayev, Oriental classical literature, Nazira tradition, poem «Iskander».*

Жалмырза А.А.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

e-mail: aidynasylbek@hotmail.com

ТІЛ ҮЙРЕНУДЕ САЛТ СӨЗДЕРГЕ ЖҮГІНУ: МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ

Кез-келген ұлттың мәдениетін оның тілі сияқты көркем сипаттай алатын жаратылыс жоқ. Ұлттың рухани құндылықтары мен наным-сенімдерін жақсы көрсететін тілдік элемент те – мақал-мәтелдер. Мақал – дәстүрлі шындықты немесе пайдалы даналықты білдіретін қысқа сөз. Мақал-мәтелдердің парасатты ойға немесе сан ғасырлық тәжірибеге негізделгені анық. Кез-келген мақал-мәтелде даналық ой болады және олар ұрпақтан-ұрпаққа, негізінен ауызша, кейіннен жазбаша түрде жалғасып келеді. Мақала мақсаты – шет тілін үйренуде мақал-мәтелдерді пайдаланудың артықшылығын айқындау мен тіл үйренушілерге қосымша иллюстрациялық дереккөз ұсыну. Осы мақсатта қазақ тіліндегі қырық мақал-мәтелдің ағылшынша баламалары, аудармалары беріледі. Қазақ паремиялогия бірліктерінің мағынасы ашылып, қолдану мақсаты көрсетіледі. Сонымен қатар алынған мақал-мәтелдердің дыбыстық және мағыналас нұсқалары да ұсынылады.

Түйін сөздер: нақыл сөздер, құт ұғымы, қазақ және ағылшын тіліндегі мақал-мәтелдер, түсіндірмесі, нұсқалары.

Мақал-мәтел – салт сөзі

Ұлт ғалымы А. Байтұрсынұлының пікіріне жүгінсек, ғалым Сарындама деп топтастырған ауыз әдебиетінің Салт сөзі деп белгілеген тобында мақал-мәтелдер туралы: «Мақал да тақпаққа жақын салт-санасына сәйкес айтылған пікірлер. Тақпақтан гөрі мақал маңызы шын келеді. Мәтел дегеніміз кесегімен айтылатын белгілі-белгілі сөздер. Мәтел мақалға жақын болады. Бірақ мақал тәжірибеден шыққан ақиқат түрінде айтылады. Мәтел ақиқат жағын қарамай, әдетті сөз есебінде айтылады», – деп, ой

түйген (Байтұрсынов 2003:129-130). Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде мақал-мәтелге келесідей анықтама берілген: мақал – үлгі-өнеге ретінде айтылатын, әрі қысқа, әрі нұсқа нақыл сөз (Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі 2008:578), ал мәтел – тұжырымды, бейнелі әрі ықшам нақыл сөз (Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі 2008:589). Мақал-мәтелдерге қатысты көптеген анықтамаларды келтіруге болады. Олардың түйіні халықтың ғасырлар бойғы тәжірибесінен туған, терең мағыналы ойды қысқа сөйлемдермен, сөз тіркестерімен жеткізетін нақыл сөздер дегенге саяды. Халық арасында кең таралып, ұрпақтан-ұрпаққа

ауызша беріліп, көпшілігінің шығу тегі белгісіз болғандықтан мақал-мәтелдер фольклор аясында лирикалық емес шағын жанр ретінде қарастырылады, халық ауыз әдебиетінің дәстүрлі туындысы саналады (Norricks 1985: 30). Олардың бір-бірінен айырмашылығы мақал-мәтелде ой толық айтылса, ал мәтелде ой бейнелі сөздермен тұспалды жеткізіледі.

Арнайы зерттейтін сала болып паремиология ғылымы қалыптасып, мақал-мәтелдерді жинақтаудан бастап, салыстырмалы паремиологияға дейін біраз зерттеулер жүргізілді. Дегенмен отандық ғылымда көбіне мақал-мәтелдерді тақырыптық топтастыру мен тіл білімі мәселелері тұрғысында зерттеулерге ден қойылып келеді. Алайда қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігін іздегенде адемик Әбдуәли Қайдардың «Халық даналығы» атты түсіндірме сөздігін (Қайдар 2004:560) ғана көре аламыз. Демек тіліміздің байлығын көрсететін мақал-мәтелдердің толық түсіндірме сөздігін жасау қажеттілігі байқалады.

Қазіргі уақытта мақал-мәтелдерді өлеңдерден, әндерден, жарнамалық роликтерден, фильмдерден, әдебиеттерден және т.б. әртүрлі ақпарат көздерінен кездестіруге болады. Алайда олардың көбінің шығу тарихы тереңнен бастау алса, кейбірі ұлт даналарының нақыл сөздерінен мақал-мәтелдерге айналған. Сөйлеуде мақал-мәтелдерді дұрыс қолдану сөзіңді өтімді етсе, ал жылдар бойы қалыптасқан дағдыға айналдырғандар шешен сөзді тұлға ретінде құрметтеледі. Бұл туралы дана халқымыз мақал-мәтелмен де жеткізген. Мәселен, «Мақал-мәтел – сөз мәйегі», «Мақалмен сөз өтеді, мақтаумен бөз өтеді», «Мақал – сөздің атасы, уәде – ердің опасы», «Мақал – сөздің меруерті», «Мақал – сөздің мұнарасы» деген секілді мақал туралы көптеп мысалдар келтіруге болады. Бұл келтірілген салт сөздерінен олардың қаншалықты маңызға ие екенін аңғаруға болады. Мысалы, бірінші мәтелдегі мәйек дегеніміз жас малдың ұлтабарын сүтке малып ірімшік жасауға пайдаланылатын ұйытқы. Демек мақал-мәтел сөздің ұйытқысына баланып тұр, яғни көп сөздің тобықтай түйінін мақалмен жеткізуге болатыны меңзеледі. Мәтелдің «Ердің көркі – сақал, сөздің көркі – мақал» деген мағыналас нұсқалары да бар. Ал «Мақалмен сөз өтеді, мақтаумен бөз өтеді»

деген мақалдағы мақтаудан тоқылған жұқа мата – бөздің мақтаумен бағасы артатыны секілді мақалдатып сөйлеудің құндана түсетіні салыстырыла жеткізіледі. Мақал көп ойдың түйіні болғандықтан, сөзде қолдану – сөйлеушіге ұпай беретінін айшықтайды.

«Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл»

Шет тілін үйрену немесе шетелдіктерге ана тілімізді үйрету жыл өткен сайын маңыздылығы артып келе жатқан үдеріске айналды. Тілді үйренуде лексикалық, грамматикалық, фонетикалық дағдыларды қалыптастыру үшін мақал-мәтелдерді қолдану орынды. Шет тілін меңгеруші сол шет тіліндегі нақыл сөздер мен мақал-мәтелдерді қолдана алса, тіл меңгеру деңгейінің жоғары екенін көрсетеді, әрі тілін үйренген шетелдіктердің құрметіне ие болады. Сонымен қатар қазіргі ғалымдардың тіл білу талабына сәйкес тапсыратын IELTS секілді тіл меңгеру деңгейінің түрлі сынақ-емтихандарда да сөйлеу дағдысы бойынша жоғары ұпай алуына мүмкіндігі артады. Тіл үйренуде паремиологияға жүгінудің басты артықшылығы – мақал-мәтелдердің тәрбиелік мәні, дидактикалық қызметі және ұлттық бояуы қанық ұғымдарды бейнелі түсіндіру. Яғни білім алуда адамгершілік, тәрбиелілік қасиеттерді де бойға сіңірудің маңыздылығы зор. Сонымен қатар сол ұлтқа тән ұғымдарды түсіне білу үшін ең тиімді тілдік бірліктер саналады. Бұл туралы ойымызды қазақ дүниетанымында ерекше орны бар «ҚҰТ» ұғымы арқылы жеткізіп көрелік. Құт – қазақ дүниетанымында адамзатқа өмірлік қуат, ырыс-береке, байлық, абырой-бедел әкелуші қасиетті ұғым. Сонымен қатар, «құт» тек адамның ғана емес, жануарлардың, төрт түлік малдың, өсімдіктердің киесі деп түсініледі. Құт ұғымы жалпы екі мағынада түсініледі: бірінші – байлық-береке, ырыс-несібе секілді игіліктер; екінші – рух, жан, өмір мағынасында. Құтты мекен, құтты қоныс, құтты ел, құтты қонақ, құтты келін, құтты қадам, құттықтау немесе құты қашты, құты ұшты сияқты сөздер мен тіркестерін екі түрлі мағынада топтастыра аламыз. Мысалы, «Сүйінбайдың тілінен құты қашқан Тезек төре ақынды бір сүріндірмекке Арқадан Түбек ақынды шақыртады» (Жолдасбеков 1986: 88). Бұл

үзіндідегі «құты қашқан» деген сөз, кейіпкердің қорыққандығын, жаны ұшып кете жаздағанын сипаттау мақсатында айтылған.

Белгілі бір ұлттың тілін үйренушілер сол ұлттың әдебиетін, мәдениетін, тарихын және дүниетанымын да үйренетіні білгілі. Бұл тұрғыдан да мақал-мәтелдерге жүгіну – тиімді тәсілдердің бірі. Қазақ ауыз әдебиетінде құт ұғымымен байланысты келесідей мақал-мәтелдерді кездестіре аламыз: Ерте тұрғанның құты артады; Қонақ келді – құт келді; Пейіл болса құт болады, Желін болса сүт болады: Уақыт – құт; Жақсы қатын құт, жаман қатын жұт; Ұлыны ұлы тұтса – құт болар; Құты қашқан құдыққа құласа, үстіне құм құйылар; Бәрі түгел: құт пен бақыт алдаса, Адам бірақ өзін құртып алмаса; Маңдайы құтты – батыр, Таңдайы құтты – шешен; Құтты қонақ келсе, қой егіз табады, Құтсыз қонақ келсе, қойға қасқыр шабады; Қарты бар үйдің құты бар; Көсе бетінен қылтанақ көрсе, қырғанша құты кетеді; Елге ел қосылса – құт, Желге сел қосылса – жұт; Елге ел қайрылса – құт, Елден ел айрылса – жұт; Сиырдың сүті – тілінде, Жігіттің құты – білімде; Жақсының жақсылығын айт, Мейірі тассын, Жаманның жамандығын айт, Құты қашсын; Қонақ күн қонса – құт, екі күн қонса – жұт; Қонақ келсе құт келер; Жақсы қонақ – құт, береке; Бағалай білмегенге бақ, қуана білмегенге құт қонбайды; Кішіпейілдің – абыройы асар, Тәкаппардың – құты қашар; Еліңнің жұты болма, құты бол! т.б.

Жоғарыда берілген мақал-мәтелдердің кейбірінің мазмұнын ашып, талдап көрелік. «Ерте тұрғанның құты артады». Ерте ұйқыдан ояңған адамның құт берекесі артады деген мағынада. Адам баласын ерте тұрып, іске кірісуге тәрбиелеген кезде қолданылады. Нұсқалары: «Ерте тұрғанның ырысы артық»; «Ерте тұрған еркектің ырысы артық, ерте тұрған әйелдің бір ісі артық»; «Ерте тұрып, кеш жат, ұйқың қанады, Ерте тұрған ердің бағы жанады».

«Қонақ келді – құт келді». Үй иесі қонақпен бірге құт-береке кіреді деп бір қуанса, жатып алмай тезірек кеткеніне де бір қуанады деген мағынаны білдіреді. Қонақтың маңызын білдіру мақсатында қолданылады. Мағыналас мақал-мәтелдер: «Қонақ келді – құт келді»; «Бір қонған қонақ – құт, үш қонған қонақ – жұт».

«Жақсы қонақ – құт, береке». Қыдырып келген қонақтың өзімен бірге несібесі де қоса

келеді деген мағынаны білдіреді. Қонақтың өз несібесімен келетіндігін білдіру мақсатында қолданылады. Мағыналас мақал-мәтелдер: «Қонақ ырыздығымен келеді»; «Қонақ келсе құт келер».

«Пейіл болса құт болады, Желін болса сүт болады». Құт бақ-береке дегенді білдіретін қазақ дүниетанымындағы қастерлі ұғым. Ниеті жақсы адамдардың және олардың айналысының да бақытты болатыны меңзеледі. Жақсылыққа ризашылық білдіретін жағдайларда қолданылады. Мағыналас мақал-мәтелдер: «Ақ пейілдің аты озып, тоны тозбайды».

«Уақыт – құт». Құт – түркі халықтарының дәстүрлі дүниетанымындағы қасиетті ұғым. Мақалдың мағынасы: түсіне білгенге уақыт аса қымбат. Мағыналас мақал: «Уақыт алтыннан да қымбат». Жалпы көне түркілер дүниетанымындағы «құт» ұғымы «байлық», «береке», «ырыс» және «жан», «рух» мағынасында түсінілген. Бұл екі мағына да қазақ мақал-мәтелдерінде кездеседі. Бұл жағдай көне түркі дүниетанымының қазақ мақал-мәтелдерімен сабақтастығын білдіреді.

Қазақ және ағылшын тіліндегі мақал-мәтелдердің мағынасы мен нұсқалары

Тіл үйрену тәсілдері жағдайға, сұранысқа, тіпті күнде өзгеріп отыратын тенденцияға байланысты үнемі жаңарып отырады. Соның бірі ретінде – нақыл сөздер арқылы тіл үйрену. Белгілі американдық паремиолог Вольфганг Мейер тілдерді үйренуде нақыл сөздерге жүгінудің ежелден қолданылып келе жатқанын, өйткені мақал-мәтелдер оқытудың негізгі дидактикалық құралдарының бірі екенін айтады (Milder 2003: 29). Ғалымның пікірінше, мақал-мәтелдер бір тілде сөйлейтін адамдардың барлығына ортақ болғандықтан, олар адам болмысына, жалпы әлемге қатысты ортақ білімді жеткізудің тиімді құралы болып табылады. Шетелдіктерге қазақ тілін үйретудің бір тәсілі ретінде мақал-мәтелдерді пайдалануға болады. Ол үшін белгілі бір мақал-мәтелді алып, мағынасын ашу және қандай жағдайда қолданылатынын түсіндіру қажет. Оның шет тіліндегі баламалы нұсқасын немесе мағыналас түрлерін, тіпті тікелей аудармасын ұсынуға болады.

Адасқанның айыбы жоқ, Қайтып үйірін тапқан соң – Confessing a difficult makes half amends for it. Қателікті мойындау – оны жартылай түзеткенмен тең деп аударылады. Адамның барлығы қателік жасауы мүмкін, егер ол қателігін түзесе – айыбы болмайды дегенді білдіреді. Қателік жасаған адамның сол қателігін мойындаған жағдайда қолданылады. Мағыналас мақал-мәтелдер: «Адаспайтын тұяқ, жағылмайтын жақ жоқ».

Аз сөз – алтын, көп сөз – күміс – Speech is silver, but silence is gold. Көп мылжыңдамай, не нәрсені аз сөзбен тоқетерін айтқан жақсы деген мағынаны білдіреді. Аз сөйлеудің дұрыс екендігін білдірген жағдайда қолданылады. Мағыналас мақал-мәтелдер: «Пышақтың өткірі жақсы, Сөздің қысқасы жақсы».

Алма ағашынан алыс түспейді – The apple doesn't fall from the tree. Адамның мінез-құлқы мен іс-әрекетіне қарата айтылатын мақал. Мысалы, баланың бір қылығы немесе ісі әкешесіне ұқсағанда айтылады. Мағыналас мақал-мәтелдер: «Ұқсамасаң тумағыр».

Арық айтып, семіз шық – Easier said than done. Қашан да ауызбен айту оңай, ал іспен көрсету, нақты нәтижеге жету ақыл мен күш-жігерді талап етеді. Мақал айтқандарымыздан да артық іс тындыруға насихаттайды. Нұсқалары: «Майда сөйлеп, ірі шық, Ақылдың бірі шық».

Ас – адамның арқауы – Bread is staff of life. Мақал адамның өмір сүруі үшін астың маңыздылығын білдіреді. Нұсқалары: «Ас адамның қуаты, Ат адамның қанаты». Мағыналас мақал-мәтелдер: «Ас бар жерде ауру турмайды»; «Ас тұрған жерде дерт тұрмайды».

Ауырып, ем іздегенше, Ауырмайтын жол ізде – An apple a day keeps doctor away. Күніне бір алма жесең, емшіден аулақ боласың деп аударылады. Мақал әр адамды өз денсаулығына дұрыс мән беріп, денсаулығын күту мәдениетін қалыптастыруға шақырады.

Бейнет, бейнет түбі – зейнет – Much effort much prosperity. Қолы қимылдағанның аузы қимылдайды деген дана халқымыз баланы жастайынан еңбекке, бейнетке бауылып отырған. Мағыналас мақал-мәтелдер: «Еңбек етсең – емерсің».

Бүгін бітер істі ертеңге қалдырма – Never put off till tomorrow what you can do today. Бүгінгісін ертеңге қалдырған ешқандай істі

бітірмейтінін меңзейді. Ертеңге – жұмысты емес, жалқаулықты қалдыр деген мағынада қолданылады. Мағыналас мақал-мәтелдер: «Қалған іске қар жауар»; «Іскердің сыры көппен тең, Еріншектің сыры күнде ертең».

Білімдіге дүние – жарық, білімсіздің күні – ғаріп. A little learning is dangerous things. Аз үйрену қауіпті іс деп аударылады. Білімді адамның болашағы жарқын, білімсіздің болашағы көмескі деген мағынаны білдіреді. Білімді мен білімсіздің арасындағы айырмашылықты білдіру мақсатында қолданылады. Мағыналас мақал-мәтелдер: «Білімдінің сөзі – оң, Білімсіздің сөзі тоң»; «Білімдінің өзі ірі, Білімсіздің сөзі ірі».

Бір кісінікі – мақұл. Екі кісінікі – ақыл – Two heads better one. Бірлесе отырып жасалған іс жеңіл болады деген мағынаны білдіреді. Кез келген істі бірлесе отырып атқару керектігін білдірген жағдайда қолданылады. Мағыналас мақал-мәтелдер: «Бірігіп көтерген жүк жеңіл»; «Көп көтерген жүк жеңіл»; «Келісіп пішкен тон келте болмас».

Дос жылатып айтады – A good medicine tastes bitter. Шипалы дәрі ащы болады деп аударылады. Адамның мықтылығы адал достарымен өлшенеді. Адал дос қателіктеріңді түзеп, жетістіктеріңе тілеулестік танытады. Мақал адал достықты таныту мақсатында қолданылады. Мағыналас мақал-мәтелдер: «Нағыз дос қате жолға түссең, жылатып айтады. Қайғы-қасірет шексең, Жуатып айтады.; Дос бетке айтады.

Екі кемеңіз басын ұстаған суға кетер –If you run after two hares, you will catch neither. Екі істің басын шалған біреуін де (уақытылы) бітіре алмас деген мағынада. Мақсатты бір іске бағыттап, міндетті дұрыстап қоюға шақырған кезде қолданылады. Нұсқалары: «Екі кемеңіз құйрығын ұстаған суға кетер»; «Екі қоян қусаң, біреуін де тұта алмассың».

Еңбегіне қарай өнбегі – A tree is known by its fruit. Бұл мәтел өзегінде әрбір жанның еңбегіне қарай нәтиже алатыны меңзеледі. Мағыналас мақал-мәтелдер: «Қылмысына қарай жазасы, Еңбегіне қарай олжасы».

Еңбек етсең емерсің – Little strokes fell great firs. Рақаттанып, байлыққа кенеліп өмір сүру үшін еңбек ету керектігі түсіндіріледі. Еңбек етудің маңыздылығы сөз болған жағдайда қолданылады. Мағыналас мақал-мәтелдер: «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей».

Ештен кеш жақсы – Better late than never. Бір істі бастауға кеш болса да, істі аяқтаудың маңыздылығын білдіреді. Мысалы жасына қарамай компьютерді үйрену, мүлдем білмегеннен абзал.

Жақсы сөз – жарым ырыс – A good name is better than riches. Жақсы сөз адамға үлкен қуаныш, зор бақыт сыйлайды, жанын жадыратады деген мағынаны білдіреді. Жақсы сөздің қадірін білдіру мақсатында қолданылады. Нұсқалары: «Жақсы лепес – жарым ырыс»; «Жақсы сөз – жан азығы». Мағыналас мақал-мәтелдер: «Бір жақсы сөз бітірер, Көңілдің бар жарасын».

Жаман хабар тез тарайды – Bad news flies fast/ Bad news travels fast. Жаман хабар, жақсы хабарға қарағанда тез тарайды. Мақал адамдарды жамандықтан бойын алыс ұстауға шақырады. Мағыналас мақал-мәтелдер: «Жаман ауру жұққыш, Жаман әдет тұтқыш».

Жел тұрмаса, шөптің басы қимылдамайды – There is no smoke without fire. Шөптің басы өздігінен қимылдамайтыны сияқты бір нәрсе әсер етпесе екінші нәрсе өздігінен пайда болмайды деген мағынаны білдіреді. Ешнәрсенің де себепсіз болмайтындығын білдіру мақсатында қолданылады. Нұсқалары: «Жел соқпаса, шөптің басы қимылдамайды»; «Жел болмай шөп басы қозғалмас»; «Жел болмаса, шөптің басы қозғалмайды».

Жеңіліс – жеңістің анасы – Failure is the mother of success. Жеңілістің өзін бір тәжірибеге балағанда, одан сабақ алудың маңыздылығы зор. Мәтел жеңіліске ұшыраған адамның рухын түсірмеу үшін айтылады.

Жүрген аяққа жөргем ілінеді – Nothing seek nothing find. Жөргем – малдың ащы ішегі мен тоқ ішегінен өріп жасалатын тағам. Мұнда мақсатқа жету үшін адам әрекетке етуі керек. Адам тырысса, әрекетке етсе қолынан бәрі келеді деп түсіндіріледі. Нұсқалары: Жүргенге жөргем ілінеді. Мағыналас мақал-мәтелдер: «Әрекетке берекет».

Жылтырағанның бәрі алтын емес – All is not gold that glitters. Сырт көрінісі сұлу болғанымен адамның бәрі бірдей адамдық қасиеттерге ие бола бермеуі мүмкін деген мағынаны білдіреді. Адамның, әсіресе әйел затының сыртқы сұлу көрінісіне алданып қалмау керектігін ескерткен жағдайда қолданылады. Мағыналас мақал-мәтелдер: «Жаулық кигеннің бәрі қатын емес, Бөрік кигеннің бәрі батыр емес».

Жігіт жолдасымен белгілі – Who keeps company with the wolves will learn to howl. Адамды жанындағы жолдасына қарап таңуға болады деген мағынаны білдіреді. Жанындағы жолдасына қарап адамды таңуға болатындығын білдіру мақсатында қолданылады. Нұсқалары: «Жігіт жолдасынан белгілі, Сарбаз қол басында белгілі». Мағыналас мақал-мәтелдер: «Жігіттің жайын жолдасына қарап жоры. Жолдасына қарап, кісіні білерсің».

Көргенім бір тоғыз, Көрмегенім тоқсан тоғыз – We shall see what we shall see. Адам баласының білмейтіндері өте көп деген мағынаны білдіреді. Білмейтіндерінің көп екендігін білдіргісі келген жағдайда қолданылады. Нұсқалары: «Білгенің бір тоғыз, Білмегенің тоқсан тоғыз»; Мағыналас мақал-мәтелдер: «Көргеніңнен көрмегенің көп».

Қойшы көп болса – қой арам өледі – Many cooks spoil the broth meaning. Көп адам араласқан іс нәтижесіз болады деген мағынаны білдіреді. Көп адам тарапынан атқарылған істің алға баспайтындығын білдіру мақсатында қолданылады.

Лай су басынан тұнады – Good beginning is half done. Жақсы бастама – жұмысты жартылай тәмамдау деп аударылады. Әр істің бастамасының дұрыс болуын аңғартады. Күтілген істің бұрыс басталып, нәтижесіне көңіл толмайтын жағдайларда қолданылады.

Мінсіз адам болмайды – There is no rose without a thorn. Мінсіз адам болмайтындай, кезкелген кісі кейде қателесуі мүмкін екенін аңғартады. Мағыналас мақал-мәтелдер: Сүрінбейтін тұяқ жоқ.

Не берсең соны аларсың, Не ексең соны орасың – As you have made you bed, so you must lie on it/ You must reap what you have won. Адам еткен еңбегіне қарай нәтижесін көреді дегенді білдіреді. Нұсқалары: «Не берсең соны аласың, Не сепсең соны орасың»; «Не ексең соны аласың, Жер жылатпайды». Мағыналас мақал-мәтелдер: «Арпа егіп бидай ормайсың».

Өз үйім өлең төсегім – East or west home is best/ My house is my castle/ There is no place like home. Әркімге өз үйі жайлы, ыстық көрінеді деген мағынаны білдіреді. Әр жанға өз шаңырағының жайлы келетіндігін білдіру мақсатында қолданылады. Нұсқалары: «Өз үйің – өлең төсегің». Мағыналас мақал-мәтелдер: «Жақсы да болса – өз үйім, Жаман да болса – өз үйім»; «Өз үйім – кең сарайдай



боз үйім»; «Бөтен сарайдан өзіңнің қуысын артық»; «Қайран менің өз үйім, Кең сарайдай боз үйім»; «Айхай өз үйім, кең сарайым боз үйім».

Пенденің сұрағаны болмас, Алланың қалағаны болар – Dont count your chickens before they are hatched. Өмірде ойлаған, ұмтылған, қалаған нәрселерге жете алмаудың табиға заңдылық екені меңзеледі. Күтілген нәтижеге қатысты жағдайларда қолданылады. Нұсқалары: «Періштенің сұрағаны болмайды, Құдайдың қалағаны болады». Мағыналас мақал-мәтелдер: «Тәңірі пендесінің маңдайына не жазса, сол болады».

Рақаттың түбі – кейіс, Бейнеттің түбі – жеңіс – Care killed the cat. Тек рақат өмір сүріп, ертеңін ойламайтындар түбінде өкінетіні, ал еңбек еткендер, бейнет көргендер мақсатына жететіні түсіндіріледі. Нұсқалары: «Рақаттың түбі – кейіс, Бейнеттің түбі – пейіш»; «Рақаттың түбі – кейіс, Бейнеттің түбі – зейнет»; «Рақаттың түбі – кеңіс, Бейнеттің түбі – бейіс»; «Рақаттың түбі – кейіс, Мехнаттың түбі – пейіш»; «Ашу түбі – кейіс, Ақыл түбі – кеніш». Мағыналас мақал-мәтелдер: «Еңбек қажытпайды, қайғы қажытады».

Сүрінбейтін тұяқ болмайды – There are spots even on the sun. Адамзат өмірінде түрлі қателіктер жасайды, алайда содан сабақ алып, қателерін түзеп жатса, оны кінәлауға болмайды дегенге саяды. Нұсқалары: «Жаңылмайтын жақ болмайды, Сүрінбейтін тұяқ болмайды». Мағыналас мақал-мәтелдер: «Адасқанның айыбы жоқ, Қайтып үйірін тапқан соң»; «Ашылғанның айыбы жоқ – өзі біліп жапса, Адасқанның айыбы жоқ – өз үйірін тапса».

Талғамға талас жоқ – Tastes differ. Бір адамның талғамына екінші бір адам таласы болмауы керек деген мағына береді. Талғам жеке адамға ғана тән қалау дегенді білдіру мақсатында қолданылады.

Тез келген бақ тез кетеді – Easy come easy go. Кейбір адамдар еңбегі сіңбегенді иемденгісі, біткен іске келіп ие болғысы келеді, не дайын нәрсені ала салғысы келеді. Сол секілді қандай да бір іске, затқа лайықсыз адамдар үшін қолданылады. Мағыналас мақал-мәтелдер: «Дайын асқа тік қасық»; «Алма піс, аузыма түс».

Темірді қызған кезде соқ – Strike while the iron is hot. Темірді қызған кезде қажетті

қалыбына келтір. Сәті келген істі созбай ыңғайлы кезін пайдаланып істе деген мағына береді. Сәті келген нәрсені уақытында жасаған дұрыс дегенді білдіру мақсатында қолданылады.

Туа білмейді, жүре біледі – Rome was not built in a day. Сәби анадан туғанда ештеңе білмей дүниеге келеді, барлығын тек жүре келе, уақыт өте келе үйренеді деген мағына береді. Жаңа кәсіп бастағанда адам бірден үйреніп кете қоймайды, біртіндеп барып үйренеді дегенді білдіру мақсатында қолданылады.

Үмітсіз – шайтан ғана – Where there is a way there is hope. Қайда үміт болса жол сонда болар. Үміт сенімнен туындайды. Иман келтірген жан әрқашан келешекке үмітпен қарайды, әрбір қиындықтан шығар жол табады дегенді білдіреді.

Шыдамдылық қуанышқа жеткізер – Patience is bitter but its fruit is sweet. Шыдаудың өзі ащы болғанымен, жемісі тәтті деп аударылады. Сабырлылық, салмақтылық бағалы нәтижеге қол жеткізеді деген мағына береді. Сабырлылықтың алтынға бергісіз игілікті іске жетелейтіндігін білдіру мақсатында қолданылады. Мағыналас мақал-мәтелдер: «Сабыр түбі – сары алтын, Сабыр етсең – бәрі алтын»; «Сабыр – ақыл серігі».

Шықпаған жаннан үміт – While there is a life, there is hope. Үмітпен әрекет еткен адамның диттеген мақсатына жететіні меңзеледі. Кейде кедейшілікпен әуірімдеп жүргендерді тұспалдайды. Мағыналас мақал-мәтелдер: «Шықпа жаным шықпа».

Ықылас пен ынтымақ, Бітер іске болсын тап – Nothing is impossible to a willing heart. Шынайы ниет пен береке бітер іске кез-келсін деген мағына береді. Адамның ісі ниеті мен бірлікке байланысты дегенді білдірген жағдайда қолданылады. Мағыналас мақал-мәтелдер: «Қиын іс жоқ ғаламда, ықылас қойған адамға».

Істің басы сайлы болса, аяғы майлы болар – All is well that ends well. Бір істі бастағанда сол істі бастаушы адамның алдына бірден қатал талап қойып, қанша қиын болса да келісіп істелген жұмыстың аяғы жемісті болатынын түсіндіреді. Нұсқалары: «Істің басы жайлы болса, Аяғы сайлы болады»; «Істің басы қатты болса, Аяғы аяғы тәтті болады». Мағыналас мақал-мәтелдер: «Істің бітіміне қара».

Қорытынды

Мақал-мәтелдердің ұлт мәдениетінің көрінісі екені даусыз. Шет тілін үйренуде нақыл сөздерді игеру тіл меңгерудің жоғары деңгейін көрсетеді. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің ұқсас нұсқалары мен мағыналас баламалары болатындай ағылшын тілінде де ұқсас жағдай байқалады және олардың семантикалық мағыналары мен қолдану аясы да салыстыруға келеді. Екі тілде де дыбыстық және мағыналық

нұсқалардың бір немесе бірнеше түрі кездеседі. Мақал-мәтелдердің тәрбиелік мәні екі тілде де бірдей мәселелерді түсіндіреді. Қазақ тіліндегі кейбір мақалдардың ағылшын тілінде сөзбе-сөз ұқсас нұсқалары кездеседі, бірақ ұлттық бояуы ерекшеленеді. Мақал-мәтел аударылып жатқан тілге балама табу әрқашан мүмкін бола бермейді. Оқыту үрдісінде мақал-мәтелдерге жүгінуде олардың шығу тегіне, мазмұнына, баламасына қарағанда, тіл байлығы мен қолданылу жағдайына мән беру маңызды.

Әдебиеттер

1. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш: зерттеу мен өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
2. Жолдасбеков М. Асыл арналар. Алматы, 1986. – 328 б.
3. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі: 50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркесі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 967 б.
4. Қайдар Ә. Халық даналығы. – Алматы: «Толғанай Т» баспасы, 2004. – 560 б.
5. Milder W. Wise Words. Essays on the proverbs. – New York: Garland Publishing Inc. 2003. – 329 p.
6. Norrick R.N. How Proverbs Mean: Semantic Studies in English Proverbs. – New York: Mouton, 1985. – p. 546.

References

1. Baitursynov A. Ádebiet tanytqysh: zertteý men óleńder. – Almaty: Atamura, 2003. – 208 b.
2. Joldasbekov M. Asyl arnalar. Almaty, 1986. – 328 b.
3. Qazaq tiliniń túsinDIRme sózdigi: 50 myńǵa júyq sóz ben sóz tirkesi. – Almaty: Daik-Press, 2008. – 967 b.
4. Qaidar Á. Halyq danalyǵy. – Almaty: «Tolǵanaı T» baspasy, 2004. – 560 b.
5. Milder W. Wise Words. Essays on the proverbs. – New York: Garland Publishing Inc. 2003. – p. 329.
6. Norrick R.N. How Proverbs Mean: Semantic Studies in English Proverbs. – New York: Mouton, 1985. – p. 546.

Жалмырза А.А.

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева
г. Нур-Султан, Казахстан
e-mail: aidynasylbek@hotmail.com

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ПАРЕМИОЛОГИИ В ИЗУЧЕНИИ ЯЗЫКА: НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ПОСЛОВИЦ

Нет существа, способного описать культуру любого народа так же художественно, как его язык. Пословицы также являются языковым элементом, отражающим духовные ценности и верования нации. Пословица – это короткое слово, передающее традиционную истину или полезную мудрость. Очевидно, пословицы основаны на здравом смысле или многовековом

опыте. В каждой пословице заключена мудрая мысль, и она передается из поколения в поколение, в основном устно, а затем и письменно. Цель этой статьи – определить преимущества использования пословиц при изучении иностранного языка и предоставить дополнительные иллюстративные ресурсы для изучающих язык. Для этого даны английские



эквиваленты и переводы сорока казахских пословиц. Раскрывается значение казахских паремиологических единиц и указывается цель их употребления. Имеются также звуковые и осмысленные варианты полученных пословиц. Данная статья подготовлена в рамках проекта AP08856427 «Паремиологические источники обновления духовных ценностей: прикладной

аспект изучения турецких пословиц» финансируемого Министерством образования и культуры Республики Казахстан (2020-2022 гг.).

Ключевые слова: пословицы, понятие кут, пословицы на казахском и английском языках, толкования, варианты, изучение иностранного языка.

Zhalmyrza A.A.

L.N. Gumilyev Eurasian National University
Nur-Sultan, Kazakhstan
e-mail: aidynasyllbek@hotmail.com

USING PAREMIOLOGY IN LANGUAGE LEARNING: SOME ASPECTS OF THE USE OF PROVERBS

There is nothing that can describe the culture of any nation as artistically as its language. Proverbs are also a language element that reflects the spiritual values and beliefs of the nation. A proverb is a short word that conveys traditional truth or useful wisdom. Obviously, proverbs are based on common sense or centuries of experience. Every proverb contains a wise thought, and it is passed down from generation to generation, mainly orally, and then in writing. The purpose of this article is to identify the advantages of using proverbs in learning a foreign language and to provide additional illustrative resources for language learners. For this purpose, English

equivalents and translations of forty Kazakh proverbs are given. The meaning of the Kazakh paremiological units is revealed and the purpose of their use is indicated. There are also sound and meaningful versions of the received proverbs. This article was prepared under the project AP08856427 «Paremiological sources of renewal of spiritual values: the applied aspect of the study of Turkish proverbs» funded by the Ministry of Education and Culture of the Republic of Kazakhstan (2020-2022).

Keywords: Proverbs, the concept of Kut, proverbs in Kazakh and English, explanations, versions, learning a foreign language.

Мақала ҚР БҒМ қаржыландырған (2020-2022 жж.) AP08856427 «Рухани құндылықтарды жаңғыртудың паремиологиялық көздері: түркі мақал-мәтелдерін зерттеудің қолданбалы аспектісі» жобасы бойынша дайындалды.

Ақтайлақ Б.Б.

Мемлекет тарихы институты
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан
e-mail: jastaban1992@gmail.com

АҚМОЛА ЖЕРІНДЕГІ ҚУҒЫН-СҮРГІН ТАРИХЫНАН

Мақалада Ақмола өңіріндегі Кеңес билігінің орнауы және олардың қарсыластарымен жүргізген күресі қарастырылған. Тақырыптың хронологиясы 1917 жылдан 1930 жылға дейінгі мерзімді қамтиды. Ақмола жеріндегі қызылдар мен ақтардың билік үшін таласы жергілікті халықтың берекетін алды. Қарсыластар террорлық әдістерді мейлінше кеңінен қолданды. Халыққа өздерінің талаптары мен қажеттіліктерін орындату үшін аяусыз жазалау саясаты қолданылып келді.

Большевиктер билікке келген соң да қуғын-сүргін саясаты тоқтамады. Ақ гвардияшылардың бұрынғы жақтастарын анықтау және жазалау шаралары жүргізіліп отырды. Енді большевиктер халық арасынан контр-революциялық пиғылды анықтауға кірісті. Кеңестердің кез-келген шешімімен келіспеу «контр-революцияшыл», «ескі тәртіпті аңсаушы» ретінде айыпталуға әкелді. Жергілікті большевиктер тарапынан билікті асыра пайдалану жағдайы жиі орын алды. Бұл халықтың лайықты наразылығын туғызды. Елде орын алған ұжымдастыру мен ашаршылық көптеген адамдардың өмірін құрбан етті. Кеңес билігі осындай дағдарыстық сәтте халыққа нақты көмек болатын шешімдерді ұсына алмады.

Түйін сөздер: Ақмола, большевиктер, коммунисттер, террор, қызылдар мен ақтар, тәркілеу.

1917 жылғы бірінен кейін бірі болған революциялардан кейінгі оқиғалар еліміздің тарихында үлкен із қалдырғаны анық. Ақпан және Қазан төңкерістері халықтың өміріне әртүрлі өзгерістер әкелді. Бұл өзгерістерге халықтың да берген бағасы әртүрлі болды. Қазақ даласы Ақпан революциясын қалай қуанышпен қарсы алса, Қазан көтерілісін сондай қорқынышпен, сақтықпен қарсы алғандығы аңғарылады (Байтұрсынов, 1919).

Бұл мақаламызда біз бүкіл Кеңес Одағын дүр сілкіндірген 1917-1930 жылдардың аралығындағы күрделі өзгерістердің Ақмола қаласы мен оның маңайындағы елді-мекендерде

қалай көрініс тапқанын қарастырамыз. Елімізде саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссиясының жұмысы да бұл бағытта өз жұмысын жүргізіп келеді. Комиссия жұмысынан осы мәселеге қатысты көптеген жайттардың һәм нақақтан құрбан болғандар лайықты бағасын алып, ақталатындығына сенім білдіреміз.

Сонымен, XX ғасырдың басында Ақмола өлкесінде күрделі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер орын алған еді. Билікке келген большевиктер «пролетариаттар диктатурасын» жариялағанымен, Ақмола жерінде сол кездегі қазақ жерінің басым

бөлігіндегідей жұмысшылардың үлесі өте аз болды. 1917 жылға қарай Ақмола қаласындағы 50 өндіріс орындарында 208 адам жұмыс істеген. Жұмысшылардың негізгі бөлігі – 155 адам шағын 21 ұстаханаларда жұмыс істеген. Сонымен қатар, жұмысшылар қаладағы тоғыз кірпіш зауыты, үш сабын қайнату зауыты, екі бу диірмені, т.б. орындарда жұмыс істеген (362 қ., 4 т., 8 іс, 2 п.). Өндіріс орындарында жұмысшылардың қара күші кеңінен қолданған және материалдың жағдайы да төмен болды. Ақмола жерінде ауыл шаруашылығының маңызы жоғары болды.

Қазан революциясы қарсылас ақтар мен қызылдар арасындағы азамат соғысын тұтатты. Бұл қарсыластық Ақмола жерінде де толықтай көрініс тапты. Әсіресе бұл қарапайым халық үшін ауыр салмаққа айналды. 1917 жылдың желтоқсан айында Ақмола қаласындағы билік қарулы күшпен большевиктердің қолына өтті. Большевиктер өлкедегі билікті басып алу кезінде Бірінші дүниежүзілік соғыстан оралғандар мен жергілікті гарнизонның сарбаздарына арқа сүйеді. Ақмоладағы билікті басып алған қарулы топтың басшысы ретінде Нестор Монин, Деодов Кривогуз сынды тұлғалар болған (362 қ., 4 т., 8 іс, 11 п.). Соғыстан оралғандардың арасында патша билігіне наразылардың қатары көп болған. Жалпы айта кететіні, 1917 жылға қарай император II Николайдың біліксіз басқаруының нәтижесінде оның халық арасындағы беделінің мейлінше төмендеп, халық арасында «қанішер Николай» деген атқа ие болғандығы аян.

Билікті күшпен басып алғаннан кейін, көп ұзамай қалада депутаттар кеңесі құрылды. Қалалық депутаттар кеңесінің төрағасы әрі партия ұйымының төрағасы болып Тимофей Бочок тағайындалды. Билікке келген большевиктердің бірден қолға алған ісі – қызыл әскердің жасақтарын құру болды. Ақмола қаласында да қызылдардың әскери күштері құрыла бастады (362 қ., 4 т., 8 іс, 11 п.). Көп ұзамай, олар большевиктердің өлкедегі қуғын-сүргін саясатын жүргізудегі негізгі күшіне айналды.

Биліктің қарулы күшпен ауысуы, ел өмірін астан-кестенін шығарды. Ауқатты ақмолалықтар мүлкін жаппай тәркілеу науқаны басталып кетті. Тұрғындардың мүлкін тәркілеу науқанының алғашқы құрбандары

көпестер болды. Мәселен, көпес Моисеевтің тәркіленген үйінде қалалық депутаттар кеңесі орналасса, көпес Қалфиннің үйі қызыл әскердің казармасына айналған (362 қ., 4 т., 8 іс, 12 п.).

1918 жылдың 2 наурызында Ақмола қаласында болған уездегі жұмысшылар, шаруалар, солдаттар мен мұсылман депутаттары кеңесінің Бірінші съезінде төменгі қаулы қабылданды:

1) Ақмола уезіндегі барлық саяси және экономикалық билікті жұмысшылар, шаруалар, солдаттар мен мұсылман депутаттары кеңесінің қолына шоғырланады. Депутаттар кеңесі өз қызметін РКФСР-дің (Ресей Кеңестік Федерациялық Социалистік Республикасы) Орталық Кеңесінің декреттері мен қаулылары аясында әрекет етеді;

2) Осы себепті 3 наурыздан бастап барлық билік аталған кеңестің қолына көшіп, өмірдің барлық саласын қамтиды;

3) Осыған байланысты қала мен уездегі барлық мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар аталған кеңестің қамқорлығына өтіп, олардың бұдан арғы қызметі кеңестің тарапынан келісілуі қажет.

4) Кеңес билігіне бағынбау мен контрреволюциялық әрекеттер немесе Кеңес билігіне қарсы үгіт-насихаттар жұмысын жүргізгендерді революциялық трибуналдың сотында жауапқа тартып, оларға қарсы қатаң жаза қолданылады (362 қ., 4 т., 9 іс, 8 п.). Қаулының 4 тармағы өлкеде «қызыл террордың» орын алуына әкелді. Адамдардың қай әрекеті «Кеңес билігіне бағынбау», қайсысы «контрреволюциялық», т.с.с. жайттар нақты көрсетіліп, талданып ашылмады.

Ақмолада биліктің большевиктердің қолына өткен сәтте 1918 жылдың 3 наурызында телеграф арқылы Мемлекеттік Думаның атқарушы комитетінің тарапынан самодержавиенің құлағандығы жөнінде ақпарат келді. Ал 20 наурызда Ақмолаға Омбы қаласынан Уақытша үкіметтің уәкілі – прапорщик Е.П. Петров келді. Оның алдына қойған мақсаты Ақмола қаласында жаңа билікті ұйымдастыру болды. Ақмола уезінің атқарушы комитетінің төрағасы болып – дәрігер Ф.И. Благовещенский сайланды. Атқарушы комитеттің жүргізіп жатқан жұмысы мен айналада болып жатқан жағдай жайлы мәліметтерді тарату мақсатымен «Известие Акмолинского Исполнительного

комитета» газеті шығарыла бастады (362 қ., 4 т., 9 іс, 14 п.).

Ақмола уезіндегі атқарушы комитеттің төрағасы – Ф. Благоевский мен Қалалық депутаттар кеңесінің әрі большевиктік партия ұйымының төрағасы – Т. Бочок арасындағы қарым-қатынас жайлы деректер біздің қолымызға түскен жоқ. Дегенмен, бұл қалада Уақытша үкіметті жақтаған «ақтар» мен «Пролетариат диктатурасын» жақтаған «қызылдар» арасындағы билік үшін таластың алғашқы көрінісі деп топшылаймыз.

Қалай болғанда да, қаладағы билік негізінен большевиктердің қолында болғандығы аңғарылады. Жағдай тек 1919 жылдың жазында өзгеріске ұшырады. Осы жылдың 3 маусымында А.В. Колчактың (1874-1920) әскері жергілікті большевиктерді талқандап, Ақмола қаласын басып алды. Қалалық Кеңес таратылып, депутаттары тұтқындалды (362 қ., 1 т., 232 іс, 6 п.). Тұтқындалғандардың арасында Сәкен Сейфуллин де болған. Ол 1920 жылы ғана Ақмолаға оралды.

Қарсыластардың бір-бірін аяусыздық көрсеткені құжаттардан айқын байқалады. Қаладағы биліктің ауысуы А. Колчак жақтастарының «ақ террорды» ұйымдастыруына әкелді. Ақ гвардияшылдар 1919 жылдың 6 маусымында барлығы 120 адамды қызылдардың жақтасы ретінде айыптап, Есідің жағасында ату жазасына кесті (ММ 93 қ., 2 т., 8 іс, 76 п.).

Ақ гвардияшылдар большевиктердің жақтаушыларын бүкіл өлкені тіміскілеп жүріп анықтауға тырысқан. Ұсталған большевиктерді Ақмола қаласына жөнелтіп отырған. Бұл жерде оларды тергеп, кейін оларды ату жазасына беріп отырған (362 қ., 1 т., 25 іс, 5 п.).

Ақмола өлкесінде аяусыз қырғын жүріп жатты. 1919 жылдың 25 қарашасында қызыл әскердің командирі Г.Ю. Нейман бастаған дала бригадасы Ақмола қаласын басып алып, қалада большевиктер билігін қайта орнатты (362 қ., 4 т., 8 іс., 13 п.). Енді қызылдардың қарсыластарын аяусыз қуғындауы орын алды.

Кеңес билігі қайта орнағаннан кейін қаладағы кәсіпорындар мемлекет меншігіне алына бастады. Ақмоладағы зауыттарды ұлттандыру Кеңестік халық шаруашылығына (Совнархоз) жүктелді. Ұлттандырудың негізгі себебі – кәсіпорындарда шығатын өнімдердің

спекуляциялық саудасын тоқтату деп түсіндірілді. 1919 жылдың 27 желтоқсанында Ақмола қаласының коменданты Трефиловтың №20 бұйрығына сәйкес қаладағы барлық сабын жасау зауыттары тәркіленді (ММ 96 қ., 1 т., 8 іс, 2 п.).

Ақмола тұрғындары мен бүкіл уез халқына арналған Ақмола уезінің Халық ағарту бөлімінің арнайы бұйрығында оқу-ағарту саласы үшін құнды дүниелерді тәркілеу мәселесі де көтерілді. Ол бойынша: 1) барлық кітаптар мен музыкалық ноталар, 2) музыкалық аспаптар мен олардың жабдықтары, 3) кинематографиялық және фотографиялық аппараттарды жабдықтарымен бірге, 4) театр жабдықтары: костюмдер, париктер, гримм, декорациялар мен т.б. міндетті түрде тіркеу қажет болды. Бұл бұйрықты орындамаған азаматтар Халық ағарту жұмысына зиян келтірушілер ретінде Революциялық трибуналға тапсырылатын (ММ 116 қ., 1 т., 20 іс., 21 п.).

Кеңестердің қарапайым халықты «Революциялық трибуналмен» қорқытуы кең тарады. Сондай-ақ, олар қорқытумен ғана шектелмей, іс жүзінде қатаң жазаларды қолданды. Өлкедегі контрреволюциялық пиғылмен күресу үшін Ақмола уезінің әскери комиссариатының 1920 жылдың 5 наурызындағы бұйрығында соғыс жағдайында контрреволюциялық әрекеттер мен Кеңес билігіне деген кез-келген наразылық жайында баяндап отыру қажеттілігі айтылды. Бұйрық бойынша барлық болыстық комиссарлар аптасына екі рет әскери-саяси мәліметті аса құпия түрде екі нұсқада Ақмола қаласындағы уездік әскери комиссар Копыловқа жөнелтіліп отыруға міндетті болды (ММ 96 қ., 1 т., 8 іс, 12 п.).

1920 жылдың 23 сәуіріндегі Ақмола бекінісі ауданының әскеріне арналған №65 бұйрығына сәйкес ақ әскердің командалық құрамы мен кеңестік билікке қарсы әрекет жасап жүргендерді аяусыз жазалау үшін:

1) Барлық Басшылар мен Комиссарларға Колчак әскерінің бұрынғы офицерлерінің әрекетіне қатаң бақылау орнату;

2) Контр-революциялық әрекет анықталған жағдайда жедел түрде тергеу;

3) Қылмыстық пиғылдың болғандығының аздаған дәлелі болған жағдайда кінәлілерді тұтқындап, дивизияның Революциялық трибуналына жөнелту;

4) Бағынбауға ашық шақыру орын алған жағдайда Әскерді далада басқару туралы ереже (положение о Полевом Управлении войск) негізінде кінәлілерді орнында атып тастау бұйырылды (ММ 96 қ., 1 т., 20 іс, 22 п.).

1920 жылдың 8 қазанындағы Губерниялық атқарушы комитеттің (Губисполком) Президиум отырысында қызыл әскердің қажеттілігіне Уездік атқарушы комитетке (Уисполком) қазақтардан ер-тоқым мен жүгендерді жинап алу туралы тапсырма берілді (ММ 93 қ., 2 т., 8 іс, 235 п.).

Ақмола жерінен қызыл әскердің қатарына сарбаз алу үшін арнайы қаулы қабылданып, жергілікті халықтың арасынан әскерге ер адамдар алына бастады. Азамат соғысы жылдарында жергілікті халық өкілдерінің барлығы майданға құлшынып тұрмағандығын мұрағат құжаттарынан байқауға болады. Елорданың мемлекеттік мұрағатында әртүрлі жағдайларды алдыға тартып, қызыл әскердің қатарына қосылудан бас тартқан адамдардың құжаттары сақталған. Әскер қатарына барудан бас тартқан «дезертирлардың» жеке істерін қарастырған кезінде қызылдардың тарапынан көптеген озбырлықтардың болғандығын байқаймыз. Әскерге шақыру пунктерінің қызметкерлері қызыл әскердің қатарына қосылмағандардың барлығын «дезертир» деп танып, оларды жан-жақты қудалауға ұшыратқан. «Дезертир» деп танылғандардың арасында денсаулығына байланысты төсек тартып қалғандар мен біреудің жалғыз баласы да болған. Істің мән-жайын анықтамай, оларды әскерге күштеп әкетіп отырған. Осының салдарынан қызыл әскердің арасында қатерлі әрі жұқпалы ауруларға шалдыққан адамдар да болды. Олардың майданда шайқасуы былай тұрсын, әскер арасында аурудың тарауына себепкер де болуы мүмкін еді. Мұның өзі азамат соғысы жылдарында Ақмола жерінің халқы да Қазақстанның өзге де аймақтарындағыдай үлкен қысымға ұшырап отырғандығын көрсетеді (ММ 96 қ., 1 т., 25 іс).

1920 жылдың 27 тамызында орын алған Ақмола қаласындағы большевиктердің РКП (Ресей коммунистік партиясы) бюросының отырысының №44 хаттамасында «Қызыл әскердің қатарына қазақтарды шақыру» мәселесі қарастырылды. Бұл отырысқа Ақмола қаласының Алеев, Аубакиров, Манасыпов деген коммунистер қатысты. Хаттамаға назар

аударатын болсақ, бұл отырысқа жоғарыда көрсетілген үш тұлға ғана қатысқан. Алеев есімді адам отырыстың төрағасы, ал Манасыпов хатшы болған. Осы үш адам Ақмола жеріндегі қазақтар арасынан Қызыл әскердің қатарына сарбаз алу мәселесін шешті. Осы үш адам төмендегі шешімді қабылдайды:

– қызыл әскердің санын ұлғайту үшін бар мүмкіндікті пайдалану;

– әскер қатарына шақыру қазақ тілінде жүргізілуі керек;

– қазақтар тұратын болыстарға қазақ тілін меңгерген партия қызметкерлерін нұсқаушы ретінде жіберу (ММ 96 қ., 1 т., 52 іс, 12 п.). Елдегі азамат соғысына қазақтарды тартудың осындай амалдары жүргізілді.

Қызыл әскердің қатарына алынған қазақтар Бийскідегі (Алтай аймағы) Қырғыз полкін (авт. – Қазақ полкін) толықтырып отырды. Осылайша қызыл әскердің қатарына шақырылған Ақмола өлкесінің қазақтары 20-30 адам болып Ақмоладан-Бийскке аттанып отырды (ММ 96 қ., 1 т., 26 іс).

Азамат соғысы жылдарында ақтар мен қызылдар бір-бірінің қанын аяусыз төгіп, мал-мүлкін талан-таражға салып отырған. Тіпті қарсылас әскердің қатарынан кетсе де, бұрынғы ісі үшін кейін жазаланған. Бір кездері ақтарды қолдап, солардың жағында шайқасқан адамдар кейін бейбіт өмірге оралса да, олар большевиктердің тарапынан кешірілмеді. Бұрынғы істері үшін «контр-революцияшыл» деп айыпталып, отбасымен бірге қуғын-сүргінге ұшырады.

Мәселен, Ақмола уезінің комиссариаты ақ әскердің қатарында болған тұлғалардың мал-мүлкін тәркілеу жөнінде нұсқаулықты жиі шығарып отырған. Осындай нұсқаулықтың бірі, кезінде ақ әскердің қатарында болған Сенокосная ауылының тұрғыны Алексей Комаровтың мүлкін тәркілеу туралы. А. Комаровтан тәркіленетін мүліктің арасында: 5 түйе, 5 жылқы, 2 арба, 2 шана, 2 қазақи ертоқым, 3 мылтық, 1 жазу аспабы мен әртүрлі тұрмыстық заттар болған. Тәркіленген заттарды Ақмола қаласына жөнелткен (ММ 96 қ., 1 т., 45 іс, 23 п.).

Кеңес билігі өлкедегі еңбек қатынастарына да өзгерістер енгізді. Ақмола уезінің Жалпы еңбек борышы бойынша комитеттің №12 бұйрығына сәйкес, Ақмола қаласының ауқатты адамдары үй қызметкерлерін бұйрық

шыққаннан кейінгі үш күн ішінде жергілікті партия бөлімінде тіркеуге міндеттелді. Үй қызметкерлерін мерзімінде тіркемеген ауқаттылар бұйрыққа бағынбағандар әрі еңбекшілерді қанаушы ретінде жазаланады деп қорқытылды. Бұйрыққа бағынбағандарға ақшалай айыппұлдан бастап бар мүлкін тәркілеуге дейінгі жаза қолданылып отырды (ММ 96 қ., 1 т., 23 іс, 483 п.).

Террорлық сипаттағы жазалауға қарамастан, Кеңес билігіне қарсылық халық арасында айқын байқалды. Наразы ақмолалықтардың арасында биліктің әділетсіздігінен жапа шеккендер көп еді. 1920 жылдың 28 қарашасында Ақмола қаласының гарнизоны бойынша №140 бұйрық шықты. Бұл бұйрықта қаланың телефон желісін бүлдіру мәселесі мен оған қарсы әрекет ету айтылды. Азамат соғысы кезінде Ақмола уезіндегі большевиктерге қарсы мұндай наразылықты тоқтату үшін большевиктер барынша аяусыз жаза – ату жазасын қолданып отырды. Жоғарыда көрсетілген бұйрықта соғыс жағдайына байланысты телефон желісін бүлдіру немесе ұзу кезінде ұсталған адамдарды еш тергеусіз ұсталған орнында атып тастау бұйрылды. Бұйрыққа Ақмола қаласының атқарушы комитеттің төрағасы Коротков пен Ақмола гарнизонының басшысы Маркин-Вяльцев қол қойған (ММ 96 қ., 1 т., 23 іс, 657 п.).

Кеңес билігі ауқатты халық өкілдерін пролетариаттың «таптық жауы» ретінде көргені белгілі жайт еді. Қауіп олардың мүлкіне ғана емес, тіпті өміріне де төнген еді. Сондықтан олардың Кеңес билігіне қарсылық көрсетуі түсінікті. Кеңестер уез халқының арасында колхоздарды ұйымдастыруды қолға алған кезде ауқатты адамдардың қарсылығына ұшырап отырған. Осындай топтың бірі – Кирилл, Степан, Агапий, Константин деген ағайынды Гаращенколар болған. Олар «осы қиналғанымыз жетер» деп халықты колхоздарға кірмеуге шақырған. Кеңес билігіне деген мұндай қарсылық та большевиктер тарапынан жазаланып отырды (ММ 106 қ., 1 т., 13 іс, 69 п.).

1925 жылдың 1 желтоқсанында Бесінші өлкелік партия конференциясының шешімі бойынша қазақ кедейлерінің ортасында байларға қарсы әрекет ететін қоғамдық ұйымды құру қолға алынды. Бұл қоғамдық

ұйым Қосшы Одағы деген атқа ие болды. Қосшы Одағының Ақмола уезіндегі бюросы 1926 жылдың 23 сәуірінде ұйымдастырылды. Бюроның құрамына Ақмола уезінің атқарушы комитетінің атынан Қоянбаев, Жалпыодақтық Коммунистік партияның уез комитетінен Данияров, Мыңбаев, жер мен орман жұмысшыларының одағынан Хасенов және уездік шаруалар комитетінен Алақүшіков кірді (ММ 124 қ., 1 т., 2 іс, 23 п.).

Халық шаруашылығын колхоздарға біріктіру қарапайым халықтың да наразылығын туғызып отырды. Кедейлер олардан мал-мүлктің бәрібір күшпен тартып алынатынына көздері жеткен соң, барлығын сата бастаған. Мәселен, Маринка ауылдық кеңестің төрағасы Кобзарь өзінің мал-мүлкін сатып жіберген. Бұл жайлы білген ауыл шаруаларының барлығы өздерінің малын сата бастаған. Осының салдарынан келесі жылы шаруашылыққа пайдаланатын мал қалмай, егін жерінің жыртылмай қалу қаупі туындаған (ММ 106 қ., 1 т., 13 іс, 68 п.).

Ақмола округындағы байлардың мүлкін тәркілеу мәселесі жайлы деректерге назар аударатын болсақ, 1928 жылдың 5 қыркүйегінде «Советская Степь» газетінде жарық көрген Қазақ Орталық атқару комитеті (КЦИК) мен ҚазақАКСР-інің Халық Комиссарлары Кеңесінің (СНК) 1928 жылдың 27 тамызында жарияланған декретіне сай байлар мен кулактардың мал-мүлкін тәркілеу жөнінде әрекеттер қолға алына бастады (ММ 106 қ., 1 т., 85 іс, 114 п.).

1928 жылдың 26 қыркүйегінде Ақмола қаласында округтың Кеңестің атқарушы комитетінің президиумы қаулы шығарды. Бұл қаулы бойынша хандар мен сұлтандардың, билер мен болыс басқарушыларының ұрпақтары және атағы мен ықпалы жоғары болған ірі байлар, сонымен бірге қазақ ауылдарының кеңестенуі (советизация) мен мәдени-экономикалық дамуына кедергі жасап, антикеңестік бағытта әрекет еткен адамдарды мал-мүлкін тәркілеп, округтан тыс жерге жер аудару жүргізіле бастады (ММ 106 қ., 1 т., 85 іс, 195 п.).

Байлардың мүлкі тартып алынғаннан кейін, оларды отбасымен бірге күштеп басқа жерлерге көшіру жүргізілді. Ақмола округында мүлкі тәркіленіп, көшірілуге тиіс болған байлар мен олардың отбасы мүшелері

жайлы деректерге назар аударсақ, округ бойынша 52 адам бай ретінде анықталған екен. Бұл елу екі адамның барлығы мүлкінен айырылғаннан кейін, өздерінің отбасы мүшелерімен бірге Гурьев қаласына (қазіргі Атырау қаласы) көшірілуге тиіс болды (ММ 106 қ., 1 т., 85 іс, 114 п.).

Кеңес билігінің тарапынан бай болып танылған адамдар бұл жағдаймен келіспейтіндігін айтып, Ақмола округының прокуратурасына арыздарын жазмен болды. Олар өздерінің бай ретінде танылуға ешқандай негіз жоқтығына заң жүзінде дәлелдеуге тырысып бақты. Алайда олардың арызы ескерусіз қалып отырған. Округтік прокурор Құлымбетовтың Әкімшілік бөлімінің бастығына жазған жедел хатында: «жер аударылуға тиісті байларды Гурьев қаласына жөнелтілу үшін күзетуші жасақты ұйымдастыру Сізге міндеттеледі», – деп жазған (ММ 106 қ., 1 т., 85 іс, 178 п.).

Округтік прокурор Құлымбетовтің тарапынан осыған ұқсас нұсқаулықтар жиі беріліп тұрды. Бай болып танылған адамдар малынан айырылса да, туған жерінен кеткісі келмеген. Алайда кеңес билігінің өкілдері тарапынан оларға қарсы күш қолданылып, жер аударылды.

Кеңес билігінің өкілдері тарапынан өз билігін пайдаланып, халыққа қысым көрсетіп отырған. Мәселен, «Новая Степь» газетінде бұл жайлы бірнеше мәліметтер жарық көріп тұрған. Сондай оқиғалардың бірі Софиевка селосында орын алды. Бұл жерге келген Ключник деген халық тергеушісі ауыл тұрғындарын балағаттап, «барлық оңбағандарды ату қажет» деп көзіне іліккендердің бәріне жәбір көрсеткен (ММ 106 қ., 1 т., 13 іс, 67 п.).

Бірінші дүниежүзілік соғыс пен одан кейін орын алған революциялық қозғалыстар мен азамат соғысы өлкенің шаруашылығын мүшкіл жағдайға әкелді. Ақмола уезінде қазақтар мен орыстар қоныстанған аймақтар осының зардаптарын ұзақ уақыт өз бастарынан кешіп келді. Мал шаруашылығы мен егін шаруашылығы үлкен шығындарға ұшырап, халықтың аштыққа ұшырауына әкелді. Оның үстіне Ақмола уезінде 1923 пен 1924 жылдарда егіннің дұрыс өспеуі жағдайды тіптен қиындатып жіберді. Осының салдарынан аштыққа ұшыраған халық саны деңгейі артумен ғана болды. Үкіметке өз мұқтаждықтарын

айтып, аштық қауіпінен құтқару өтініштері жиілеген кез осы еді (ММ 93 қ., 1 т., 16 іс, 14 п.).

Жалпы аштық жағдайы бұл кезде Қазақстанның біршама жерін қамтыған еді. Малынан айырылып, өлім қауіпі туған халық аман қалу үшін қалаларға қарай жол бастаған. Осындай халық аштыққа ұшыраған жерлердің бірі Ақмола уезінің жері болды. Аштық қауіпінен құтылу үшін халық Ақмола қаласына ағылды. Алайда большевиктер аштыққа ұшыраған халыққа толыққанды көмек көрсете алмаған.

Ашыққан халыққа көмек көрсету үшін кеңестер діни қызметкерлердің көмегіне де жүгінген. 1921 жылдың 15 қарашасында Ақмола губерниясының Ашыққан халыққа көмек көрсетудің төтенше комиссиясы Ақмола округының қазысы Мағди Мақуловқа хат жолдаған. Бұл хатта Мағди Мақуловтың ашыққан халыққа көмек көрсету үшін округтың қазақтары арасында жәрдем жинауға шақыру айтылды. Сонымен қатар, Ақмола қаласының имамына ашыққандарға көмек ретінде қайыр садақ жинауға жәрдемдесу жөнінде айтылды (ММ 112 қ., 1 т., 2 іс, 166 п.).

1922 жылдың 26 ақпанында Орталық атқарушы комитеттің қаулысында ашыққан шаруалардың пайдасына шіркеудің мүлкін тәркілеу және есепке алу қолға алынды. Осы мақсатпен Ақмола уезінің атқарушы комитетінің жанынан арнайы комиссия құрылды. Комиссияның құрамына Уездік атқарушы комитеттің, Ашыққандарға көмек көрсету комитетінің, қаржы бөлімінің және діндарлар тобы – шіркеу кеңесінің өкілдері кірді. Комиссия Ақмола қаласы мен уездің ауылдарындағы мешіттер, шіркеулер, синагогалар мен өзге де құлшылық орындарын және дін қызметкерлерінің мүлкіндегі барлық бағалы заттарды есепке алып, тәркілеп отырды. Тәркілеудің басты мақсаты жоғарыда көрсетілген аштыққа ұшыраған халыққа көмек көрсету деп түсіндірілді (ММ 112 қ., 1 т., 2 іс, 49 п.).

Тақырыпқа қатысты деректермен жұмыс кезінде кеңестердің билікке келген алғашқы жылдарында іс қағаздарды жүргізу кезінде біршама қиындықтардың болғаны байқалады. Ресми іс қағаздарды жүргізу үшін қарапайым қағаздың өзі тапшы болған. Осыған байланысты большевиктер империялық кезеңдегі бланктер мен патша шенеуніктерінің қызметтік

қағаздарын пайдаланған. Біздің тарапымыздан деректерді қарастыру кезінде XX ғасырдың 20-жылдарындағы большевиктердің ресми қағаздарында олардың қызметі мен коммунизм идеясына қатысты мәліметтер берілсе, парақтың екінші жағында «Милостивый Государь Император...» сөздерінен басталған патша заманының құжатын көруге болады. Қағаздың бетінде осындай кереғарлық орын алып отырған. Қағаз түгілі, халық өміріне қажетті көптеген тауарлардың жоқшылығы большевиктер тарапынан мойындалып, мұның бәріне «спекулянттар», «арамза байлар» кінәлі деп айыпталды (ММ 106 қ., 1 т., 13 іс, 69 п.).

Іс-қағаздарды жүргізудегі үлкен мәселе – қазақ тіліндегі құжат айналымының мүлдем болмауы еді. Бұл жергілікті қазақ халқына жаңа қаулы мен декреттер турасында хабардар болуға мүмкіндік бермеді. Қазақстан Орталық атқару комитетіне (КазЦИК) жазылған

хаттардың арасында ауыл қазағының қандай заң-ережелердің шығып жатқанынан бейхабар екендігі және оның басты себебі Ақмола ауданының атқару комитетінің жұмысы 100 % орыс тілінде ғана жүргізілетіндігі деп көрсетілген (5 қ., 21 т., 47 іс.). Бұл өз кезегінде Орталық және жергілікті атқару комитеттерінің заңдары мен ережелерін білмегендіктен оны орындамағаны немесе бұзғаны үшін жазалануына алып келетіні сөзсіз еді.

Ақмола жерінде большевиктердің билігі күшпен орнатылды. Сондай-ақ, билікке келгеннен кейін де олар «халық жауларымен» күресті іздіксіз жүргізумен болды. Бұл мақаламызда біз Ақмола жеріндегі қуғын-сүргіннің 1917 жылдан 1930 жылға дейінгі қуғын-сүргін саясатын қарастыруға тырыстық. Бұл жөнінде әлі де зерттеу жұмысын жүргізу қажет. Ақтаңдақ қалпында қалып отырған мәселелер жетерлік.

Әдебиеттер

1. Байтурсынов А. Революция и киргизы // Жизнь национальностей, 1919, 3 августа. – С.20-37.
2. Нұр-Сұлтан қаласының Мемлекеттік мұрағаты 362 қ., 4 т., 8 іс.
3. Нұр-Сұлтан қ. ММ 362 қ., 4 т., 9 іс.
4. Нұр-Сұлтан қ. ММ 362 қ., 1 т., 232 іс.
5. Нұр-Сұлтан қ. ММ 93 қ., 2 т., 8 іс.
6. Нұр-Сұлтан қ. ММ 362 қ., 1 т., 25 іс.
7. Нұр-Сұлтан қ. ММ 96 қ., 1 т., 8 іс.
8. Нұр-Сұлтан қ. ММ 116 қ., 1 т., 20 іс.
9. Нұр-Сұлтан қ. ММ 96 қ., 1 т., 20 іс.
10. Нұр-Сұлтан қ. ММ 96 қ., 1 т., 25 іс.
11. Нұр-Сұлтан қ. ММ 96 қ., 1 т., 52 іс.
12. Нұр-Сұлтан қ. ММ 96 қ., 1 т., 26 іс.
13. Нұр-Сұлтан қ. ММ 96 қ., 1 т., 45 іс.
14. Нұр-Сұлтан қ. ММ 96 қ., 1 т., 23 іс.
15. Нұр-Сұлтан қ. ММ 106 қ., 1 т., 13 іс.
16. Нұр-Сұлтан қ. ММ 124 қ., 1 т., 2 іс.
17. Нұр-Сұлтан қ. ММ 106 қ., 1 т., 85 іс.
18. Нұр-Сұлтан қ. ММ 93 қ., 1 т., 16 іс.
19. Нұр-Сұлтан қ. ММ 112 қ., 1 т., 2 іс.
20. ҚР Орталық мемлекеттік мұрағаты (ОММ) 5 қ., 21 т., 47 іс.

References

1. Baitýrsynov A. Revolúsiya ı kirgızı // Jızn nasonalnostei, 1919, 3 avgýsta. – S.20-37.
2. Nur-Sultan qalasynyń Memlekettik muraǵaty 362 q., 4 t., 8 is.
3. Nur-Sultan q. MM 362 q., 4 t., 9 is.
4. Nur-Sultan q. MM 362 q., 1 t., 232 is.
5. Nur-Sultan q. MM 93 q., 2 t., 8 is.
6. Nur-Sultan q. MM 362 q., 1 t., 25 is.
7. Nur-Sultan q. MM 96 q., 1 t., 8 is.
8. Nur-Sultan q. MM 116 q., 1 t., 20 is.
9. Nur-Sultan q. MM 96 q., 1 t., 20 is.
10. Nur-Sultan q. MM 96 q., 1 t., 25 is.
11. Nur-Sultan q. MM 96 q., 1 t., 52 is.
12. Nur-Sultan q. MM 96 q., 1 t., 26 is.
13. Nur-Sultan q. MM 96 q., 1 t., 45 is.
14. Nur-Sultan q. MM 96 q., 1 t., 23 is.
15. Nur-Sultan q. MM 106 q., 1 t., 13 is.
16. Nur-Sultan q. MM 124 q., 1 t., 2 is.
17. Nur-Sultan q. MM 106 q., 1 t., 85 is.
18. Nur-Sultan q. MM 93 q., 1 t., 16 is.
19. Nur-Sultan q. MM 112 q., 1 t., 2 is.
20. QR Ortalyq memlekettik muraǵaty (OMM) 5 q., 21 t., 47 is.



Актайлак Б.Б.

Институт истории государства
г. Нур-Султан, Казахстан
e-mail: jastaban1992@gmail.com

ИЗ ИСТОРИИ РЕПРЕССИВНОЙ ПОЛИТИКИ В АКМОЛЕ

В статье рассматривается установление советской власти в Акмолинском регионе и борьба советской власти с противниками. Хронология темы охватывает период с 1917 по 1930 годы. Борьба красных и белых за власть в Акмолинском крае принесла местному населению много бед. Противники широко использовали методы террора. Для достижения своих требований и удовлетворения потребностей применялась беспощадная карательная политика по отношению к народу.

Большевики не прекращали политику репрессий даже после установления их власти. Проводились мероприятия по выявлению и наказанию бывших сторонников белогвардейцев. Теперь большевики стали выявлять контрреволюционный умысел среди населения. Несогласие с любым решением Советов приводило к обвинениям таким как «контра», «сторонник старого порядка» и т.д. Нередки случаи злоупотребления властью со стороны большевиков на местах. Это вызвало заслуженное и ожидаемое недовольство населения. Коллективизация и голод, имевшие место в стране, принесли в жертву множество жизней. Советские власти не могли предложить решения, которые могли бы оказать реальную помощь населению в такой кризисный момент.

Ключевые слова: Акмола, большевики, коммунисты, террор, красные и белые, конфискация.

Aktailak B.B.

Institute of History of the State
Nur-Sultan, Kazakhstan
e-mail: jastaban1992@gmail.com

FROM THE HISTORY OF REPRESSIVE POLICY IN AKMOLA

The article discusses the establishment of Soviet power in the Akmola region and their struggle with their opponents. The chronology of the theme covers the period from 1917 to 1930. The struggle of the Reds and Whites for power in the Akmola region brought many troubles to the local population. Opponents widely used methods of terror. To achieve their demands and meet their needs, a merciless punitive policy was applied towards the people.

The Bolsheviks did not stop the policy of repression even after the establishment of their power. Measures were taken to identify and punish former supporters of the Whites. Now the Bolsheviks began to reveal counter-revolutionary intent among the population. Disagreement with any decision of the Soviets led to accusations as «contra», «supporter of the old order», etc. There are frequent cases of abuse of power by the Bolsheviks in the localities. This caused a well-deserved and expected discontent of the population. The collectivization and famine that took place in the country sacrificed many lives. The Soviet authorities could not offer solutions that could provide real assistance to the population at such a moment of crisis.

Keywords: Akmola, Bolsheviks, communists, terror, reds and whites, confiscation.

ИЗОБРАЗИТЕЛЬНОЕ ИСКУССТВО

<https://doi.org/10.47500/2022.v10.i2.09>

ГРНТИ: 18.11
УДК: 7.021

Танымова Е.А.

Национальный музей Республики Казахстан
г.Нур-Султан, Казахстан
e-mail: evatanymova@gmail.com

ТВОРЧЕСТВО КАЗАХСКИХ ХУДОЖНИКОВ АКТУАЛЬНОГО ИСКУССТВА В КОНТЕКСТЕ МИРОВОГО КУЛЬТУРНОГО НАСЛЕДИЯ

В статье рассказывается о процессе освоения казахскими художниками мировых художественных практик, об историческом формировании в Казахстане такого вида искусства, как контемпорари-арт. Контемпорари-арт в Казахстане активно развивается, следовательно, является целесообразным его осмысление на искусствоведческом уровне. Казахское актуальное искусство репрезентуется не только на отечественных, но и на мировых арт-площадках. Художники казахского современного искусства освещают актуальные культурные и социальные проблемы Независимого Казахстана, также рефлексировать на личные темы. Таким образом, творчество актуальных художников Казахстана является неотъемлемой частью мирового художественного процесса, что рассматривается в данной статье.

Ключевые слова: актуальное искусство, новые медиа, мировое арт-пространство, казахские художники, выставка, художественное произведение.

Введение

Изучение и исследование контемпорари-арт Казахстана, его роли, места и значения в контексте мирового культурного наследия – является актуальной задачей для современного отечественного искусствоведения. Проблематика современного искусства предполагает рассмотрение вопросов исторического развития контемпорари-арт, проявления закономерностей, возникновения новаторских идей, как в контексте казахстанского, так и мирового современного искусства.

Изучение контемпорари-арт Казахстана – является неотъемлемой частью современного художественного процесса – актуально потому, что позволяет расширить представление об искусстве Казахстана на мировой арт-площадке. Изучение национальной компоненты казахского контемпорари-арт в контексте мирового арт-сообщества, репрезентация современного искусства Казахстана на мировой арт-сцене, а также влияние актуальных мировых художественных процессов на современное искусство Казахстана на сегодняшний день имеют большое значение.

Основная часть

Несмотря на существование контемпорари-арт с 1950-х-1960-х годов, однозначного его определения не имеется. «Впервые слово «contemporary» («современное») по отношению к искусству употребила аналитик современного искусства Розалинда Краусс – крупнейшая фигура в американском искусствоведении, в своем труде о творчестве художника Дэвида Смита» (Краусс, 1971). Сегодня понятие контемпорари-арт мы понимаем как совокупность художественных практик, сложившихся во второй половине XX века.

В то же время существует такое понятие как «актуальное искусство», которое во многом схоже, но не тождественно по смыслу термину «современное искусство». Актуальное искусство – это искусство, актуализированное в контексте современных реалий. Под актуальным искусством подразумевается новаторское современное искусство (в плане идей и технических средств) (Гройс, 2006). Участники художественного процесса наделяли определение «актуальное искусство» смыслом, который в своё время приписывался авангардизму – радикальность, использование новых техник и приемов.

Авторы привлекали внимание публики нестандартными и смелыми художественными приемами. Они использовали новые формы самовыражения – перформанс, хэппенинг, видео-арт, инсталляции. Результаты художественных поисков часто были неожиданными. Реакция зрителей была неоднозначной, ведь действия художников были смелыми и нестандартными, которые шокировали неподготовленного зрителя. Авторы непривычных произведений обращались к истории, прошлому, делились личными переживаниями, но основной фокус художников контемпорари-арт всегда направлен на происходящее «здесь и сейчас». Художнику, использующему современные формы высказывания, как никогда нужна реакция зрителя, которую он получает в процессе выполнения акций и перформансов. Таким образом, художник-акционист моментально получает мнение о своем творчестве и делает свой проект существующим здесь и сейчас.

На арт-процесс большое влияние оказало развитие технологий: в 1960-х годах – видео и аудио, затем – компьютеры и в 1990-х годах – интернет. Глобальные изменения, происходящие и сегодня в мире, также оказывают огромное влияние на художественную среду. «Главными знаковыми событиями, определившими культурную парадигму сегодняшнего времени, можно назвать такие политические события, как Вторая мировая война и Террористический акт 11 сентября 2001 года» (Сорокина, 2016).

Сегодня мы понимаем, что в различных странах мира контемпорари-арт исчисляется и обозначается по-разному. В целом современное искусство не имеет четко установленных границ и терминологических определений. Тем не менее, начало этого направления датируют серединой XX века, а событийно связывают с окончанием Второй Мировой войны. С появлением контемпорари-арт развиваются новые институты, важные для искусства и культуры, а также новые техники художественной практики, кураторы и арт-критики, мегавыставки. Они актуализировали авангардные идеи, используя новые медиа, развивая радикальные идеи (Брендон, 2006). К тому же они трансформировали глобальные универсальные идеи в локальные новации. Исследуя творчество художников контемпорари-арт по всему миру, можно заметить их логичное локальное выражение, в то же время резонирующее глобальному пространству.

Несмотря на короткий период существования, контемпорари-арт Казахстана имеет свою историю. Процессы формирования актуального искусства в Казахстане начинаются ранее обретения республикой независимости в 1991 году.

Сформировавшийся на сегодняшний день казахский контемпорари-арт пережил немало трансформаций, влияние западной культуры. Процессы формирования казахского контемпорари-арт активно продолжаются. Художники стремятся отразить и интерпретировать жизнь своей страны, привлекая внимание общественности к актуальным социальным и культурным проблемам Независимого Казахстана. Также они обращаются к важным страницам недавней истории, рефлексируют на личные темы.

Проекты художников можно назвать весьма успешными, так как они вызывают реакцию и зарубежной, и отечественной публики.


Для глобального развития контемпорари-арт важное место занимают междисциплинарные исследования, культурные и интеллектуальные коммуникации, взаимодействие с опытом международных художественных практик. С приходом пандемии мы приняли новую реальность. Путешествия в цифровом пространстве дают нам возможность быть участником международных событий онлайн, но это, безусловно, не заменит физического присутствия.

Центрально-азиатское актуальное искусство притягательно и самобытно, чем вызван немалый интерес мирового арт-сообщества к казахскому современному искусству. Казахские художники представляют контемпорари-арт, обращенный на переосмысление национальной истории – в основном, в постколониальном ракурсе. Они обращаются к ранее закрытым для общественности темам, а также к актуальным проблемам современного общества – правам человека, экологии, гендерному неравенству.

Одним из первых художников, органично использующих и продвигающих новые формы в арт-среде Казахстана, является Молдакул Нарымбетов (1948-2012). Он является ключевой фигурой легендарной арт-группы из Шымкента «Кызыл Трактор», образовавшейся в начале 1990-х годов.

В состав группы входили художники Арыстанбек Шалбаев, Смаил Баялиев, Виталий Симаков, Саид Атабеков. Они использовали экологичные материалы – войлок, дерево, кожу. Авторы перевоплощались в шаманов и суфиев, играли на традиционных инструментах, которые часто сами и создавали – кобызы, бубны, барабаны и др. (Шаталова О., Гирик А. 2006 г.).

В 1970-х годах в Шымкент из Уфы приехал педагог и художник Виталий Симаков, в студии которого местным художникам было предложено изучать европейский модернизм и русский авангард. На основе студии была организована группа, которая сменила несколько названий – «группа СаА», «Шымкент-Трансавангард», «Структурная школа Си». В 1995 году было утверждено легендарное название «Кызыл Трактор», что ассоциируется с



*Рис. 1. Молдакул Нарымбетов.
«Жук Скарабей»*

*Fig. 1. Moldakul Narymbetov.
«Scarab beetle»*

трудовым энтузиазмом, трактор – это памятник индустриализации, мемориальный трактор, стоявший у шымкентского краеведческого музея (Шаталова О., Гирик А. 2006 г.).

Молдакул Нарымбетов создавал глубокие, смелые и концептуальные работы, созвучные нашему времени. Наряду с Рустамом Хальфиным и Сергеем Масловым, он один из первых на альтернативной художественной сцене обратился к экспериментальным практикам и новым художественным идеям. Художник был увлечен шаманскими ритуалами, обрядами очищения через контекст искусства, он часто использовал органические материалы, такие как войлок и камни.

Молдакул Нарымбетов широко известен как автор оригинальной техники создания скульптур с использованием старых автомобильных покрышек и шин, которые ему отдавали СТО, расположенные рядом

с его студией в Каменском плато в Алматы. Художник мастерски обрабатывал такой неподатливый материал, как резина, готовые объекты выглядели органичными, как если бы они были сделаны из пластичных материалов.

Одно из последних произведений Молдакула Нарымбетова «Жук Скарабей» (Рис. 1), в котором жук-скарабей катит по пыльной дороге огромный шар. В этом произведении олицетворяются извечные вопросы о судьбе и жизни. Художник показал нелегкий путь, но его герой, несмотря ни на что, продолжает идти.

Саид Атабеков – представитель старшего поколения казахских художников, демонстрирующих аутентичность своей земле и культуре, но в несколько другом варианте. Художник является одним из последователей группы Кызыл Трактор. Во многих произведениях Саида Атабекова явно читается иронический подтекст.

Несмотря на свойственную группе приверженность национальному менталитету, Атабеков всегда привносит в свои высказывания критический дискурс. В формальном отношении его видео-работы ярко выделяются из творчества группы, поскольку они пластически точно поддерживают концептуальное послание художника.

Его видео и фотообъект «Битва за квадрат» (Рис. 2) представляет казахскую национальную игру кокпар на уровне общечеловеческих эпических ценностей.

Снятые крупно, сверху, фрагментирующие кадры «битвы», напоминают о великих военных сражениях и образах легендарных героев непонятно какого эпоса и какой истории. Кадры длятся мучительно долго и со временем наводят на мысль об актуально-критическом прочтении действия, которое собирает до сотни всадников, борющихся за некий «квадрат». Атабеков на этот раз отказывается от



Рис. 2. Саид Атабеков. «Битва за квадрат», 2009 г.

Fig. 2. Said Atabekov. «The Battle for the Square», 2009

манипуляций с состариванием изображения, хотя оставляет его чёрно-белым, лишая, таким образом, реальной соотнесённости с красочными моментами жизни «здесь и сейчас» и выводя своё высказывание на архетипический уровень (Сабитов, 2001).

Художник Асхат Ахмедияров – значимая фигура казахстанского современного искусства. Независимый художник исследует экспансию глобального в национальное, взаимопроникновение Востока и Запада. Для изобретательного творчества Асхата Ахмедиярова характерно сочетание реалистичных и абстрактных форм. Инсталляция и перформанс, живопись, фотография и видео – всё это есть в его творчестве. Он натаптывает живописные полотна ногами и называет это «босоногой живописью». Его желание найти для себя наиболее удобную

форму самовыражения делает его свободным от любых рамок. В своих произведениях автор играет с двусмысленностью, устанавливает критическую дистанцию со зрителем. Для художника важны переживания, контакт с миром, его искусство тесно соприкасается с актуальными проблемами общества. Его творчество часто вызывает общественный резонанс своими неожиданными формами. Интересна инсталляция Асхата Ахмедиярова «Әженің көзі» (Рис. 3), которая впервые была представлена в Нур-Султане на водно-зеленом бульваре в рамках проекта «AstanaArtFest 2016», а после и на международной площадке проекта «Focus Kazakhstan».

Казан (большой варочный котел) – это священная посуда кочевников, которая является центральным предметом дома и ритуальным объектом в истории кочевников.



Рис. 3. Ахмедияров А. Инсталляция «Әженің көзі». Казаны. Нур-Султан, 2016 г.

Fig. 3. Akhmediyarov A. Installation «The eyes of your grandmother». Kazans. Nur-Sultan, 2016

Интересна идея возникновения этой работы, рассказанная художником: «Я часто наблюдал за своей женой во время приготовления ею блюд на кухне, размышляло ее преданности делу». Он посчитал примерное время, которое она проводила на кухне и получил 1 год и 85 дней. Это примерное время среднестатистической женщины Казахстана, проводимое на кухне.

В культуре казахского народа особое внимание уделяется приготовлению блюд национальной кухни. Это процесс, которым в Центральной Азии занимаются в основном женщины. Женщины получали от старшего поколения рецепты национальной кухни практически на генетическом уровне. Связано это не только с суровыми условиями жизни, но и с недавним прошлым, где большая часть населения была потеряна из-за голода и геноцида.

В Центральной Азии бабушки обычно отдают свои памятные вещи, например, ожерелья («алка») дочерям и внукам. Автор хотел передать эту традицию, но не в традиционном материале. Именно казан, покрытый сажей, символизирует всю любовь и тепло казахской женщины, напоминает обо всех трудностях, которые она проходит на протяжении жизни. Сложив два казана вместе, Ахмедияров получил цельную сферу, напоминающую звено бусин. У автора бусины не имеют привычного для них блеска, что и есть ключ глубинной идеи автора (каталог выставки Фокус Казахстан, Лондон «Постномадические горизонты», 2018).

Сегодня в актуальном искусстве Казахстана важнейшее место занимают женщины. Но так было не всегда. В советский период женщинам в целом приходилось бороться за то, чтобы их заметили. Патриархальный уклад жизни подразумевал женщин только как домохозяйек, жен, матерей, дочерей.

В крупных городах страны – Нур-Султане и Алматы мы наблюдаем открытые обсуждения равных прав женщин на работе, в семье и др. Впервые в истории Независимого Казахстана властями был разрешен женский марш за права женщин, организованный феминистической инициативной группой.

Сегодня женщина в искусстве не только героиня того или иного полотна, а весомая фигура в формировании истории искусства.

Крупная доля ярчайших произведений казахского контемпорари-арт выполнена женщинами. Женщины – кураторы создают качественные арт-проекты, женщины-художественные критики пишут очерки и статьи на актуальные темы.

Творчество художниц Казахстана не ограничено пределами страны. Казахские художницы репрезентуют актуальное искусство в арт-проектах мирового масштаба. Например, в 2018 году на международной арене был представлен казахстанский проект «Focus Kazakhstan». Зрители четырех стран (Южная Корея, США, Великобритания, Германия) смогли увидеть казахское изобразительное и актуальное искусство, начиная с 30-х годов XX века и до наших дней, что стало шагом в популяризации казахстанского искусства за рубежом.

Одна из четырех выставок проекта «Focus Kazakhstan» – международная выставка «Breadandroses» в Берлине. Это значимый проект, представляющий 4 поколения казахстанских женщин-художниц, показывающий исследование с 1945 года до момента проведения выставки – 2018 года. «Хлеб и розы» – лозунг, придуманный Розой Шнейдерман – активисткой за права женщин, лидером польско-американского профсоюзного движения. На знаменитой демонстрации в Лоуренсе (США) женщины-работницы распевали «Работницам нужен не только хлеб, но и розы», требуя, как и достойной оплаты труда, так и приемлемых условий работы (каталог выставки Focus Kazakhstan Berlin «Bread&roses», 2018).

Яркой представительницей казахского контемпорари-арт является художница Сауле Сулейменова-Базаргалиева. Ее работы хранятся в коллекциях как казахстанских, так и зарубежных арт-пространств. На международном проекте «Фокус Казахстан. Постномадические горизонты» была представлена работа художницы «Келін» (Рис. 4).

Работа выполнена в технике «целлофановой живописи», ставшей визитной карточкой художницы. Это полотно – результат коллективного проекта, который включает в себя сбор пластиковых пакетов. Люди приносили художнице пакеты, которые она превратила в материал для создания



Рис. 4. Сулейменова-Базарғалиева С. «Келін». 600см x400см. Пластиковые пакеты, поликарбонатный лист. 2015 г.

Fig. 4. Suleimenova-Bazargaliyeva S. «Kelin». 600cm x400cm. Plastic bags, polycarbonate sheet. 2015

художественных работ. Сулейменова-Базарғалиева С. попросила людей в социальной сети «Facebook» не выбрасывать пластиковые пакеты, а приносить их ей. Этим художница привлекает внимание к экологической проблеме и вносит свой вклад в сохранение экологии.

Для инсталляции подходили пакеты совершенно разного цвета, относящиеся к разным брендам, разных размеров и просто обычные мешки для мусора. Кроме того, автор пригласила добровольцев-волонтеров поработать вместе с ней. В августе 2015 г. она встретила с ними в пространстве галереи Art Point, которая была культурной социально-ориентированной платформой в то время

в Алматы. Кусочки красочных пластиковых пакетов были приклеены кремниевым клеем к покрытию из поликарбоната.

Идея художницы состояла в том, чтобы сделать крупный образ казахской невесты с помощью переработанных материалов, принесенных широкой публикой. Сам образ невесты основан на архивной фотографии, отобранной художницей. Художественное произведение для Сауле С. означает постоянное исследование автором времени, обращение к национальному с помощью современного художественного языка. Также автор вместе с широкой публикой осознанно совершают вклад в сохранение экологии, используя для создания работы не перерабатываемые пластиковые пакеты, загрязняющие окружающую среду (каталог выставки Фокус Казахстан, Лондон «Постномадические горизонты», 2018).

Когда работа «Келін» была закончена, ее вывесили на пешеходной улице в Алматы. Недалеко от работы Сулейменова-Базарғалиева С. поместила городскую мебель с искусственной травой, чтобы зритель мог на ней посидеть и наблюдать за полотном.

Заклучение

Сегодня контемпорари-арт Казахстана достаточно интересен для репрезентации на мировых арт-площадках. Авторы казахского контемпорари-арт представляют свою страну на международных выставках и участвуют в арт-проектах, например: на биеннале современного искусства в различных музеях мира, их работы выставляют в аукционных домах Christies и Sothebys. Учеба зарубежом, участие в международных проектах открывают казахстанским художникам новые возможности. Бывает и наоборот – смена места жительства художника меняет ареал его творческих поисков. Они участвуют в местных выставках и фестивалях, напрямую обмениваясь опытом на международном уровне. Одна из важнейших целей таких художников – сохранить национальную идентичность, поддерживая диалогическую взаимосвязь культур.

Казахское актуальное искусство, безусловно, притягательно и самобытно, чем вызван немалый интерес мирового арт-сообщества к казахскому контемпорари-



арт. Казахские художники представляют контемпорари-арт, обращенный на переосмысление национальной истории – в основном, в постколониальном ракурсе.

Международные выставки, которые презентуют искусство нашей страны, отражают общую картину развития казахского искусства в мировом масштабе. Насколько бы независимым себя не считал художник, он всегда является представителем культуры своего государства. Посредством современного искусства художники «рассказывают» всему миру о сегодняшней ситуации в отечественном искусстве и являются лицом своей страны. Они раскрывают важные глокальные темы, которые являются незаменимой частью развития глобального художественного процесса.

Проблемы мирового значения также интересуют казахских художников. В своих произведениях они поднимают такие вопросы,

как проблемы разумного потребления в экологии, политические события, постколониальный дискурс, гендерное неравенство и др.

Несмотря на то, что удачных и сильных международных проектов не так много, можно утверждать, что казахстанский контемпорари-арт уже подключен и стал участником мирового художественного процесса. Казахские художники на современном художественном языке рассказывают мировому арт-сообществу об актуальных проблемах современного Казахстана.

Сегодня можно уверенно утверждать, что процессы формирования казахского контемпорари-арт активно продолжаются, современное искусство востребовано и заняло определенную и значимую нишу в жизни страны и мирового пространства и вносит ценный вклад в культурное наследие нашей страны.

Литература

1. Краусс Р. Скульптура Дэвида Смита. Кембридж, Массачусетс: MIT Press, 1971.
2. Гройс Б. Топология современного искусства // Художественный журнал. 2006. № 61/62. URL: <http://xz.gif.ru/numbers/61-62/topologiya/>
3. Сорокина Ю. Диссертация «Современное искусство Казахстана и Центральной Азии как потенциальное культурное наследие». Защищена 29.11.16. КазНАИ им. Т.К. Жургенова. Алматы, 2016 – 161 с.
4. Брендон Т. ART TODAY. Актуальное искусство 1970 – 2005/ пер. с англ. Э. Д. Меленевской; - М.: СЛОВО/SLOVO, 2006. 256 с.
5. Шаталова О., Гирик А. Полутороглазый стрелец: партия на кобызе. Заметки о творчестве художественной группы «Кызыл Трактор». Журнал «Тамыр» № 18, апрель-июнь 2006 г.
6. Сабитов А. Пионеры казахстанского видеоарта // В сб. «Художественная жизнь Казахстана». Алматы, 2001.
7. Каталог выставки Фокус Казахстан, Лондон «Постномадические горизонты», 2018.
8. Каталог выставки Фокус Казахстан, Берлин «Хлеб и розы», 2018.
9. История казахского искусства. В 3-ех томах. Том 3: Искусство Казахстана нового и новейшего времени. – Алматы, 2009.

References

1. Kraýss R. Skýlptýra Devida Smíta. Kembridj, Massachýsets [The Sculpture of David Smith. Cambridge, Massachusetts]. MIT Press, 1971.
2. Grois B. Topologiasovremennogoi skýsstva[Topology of contemporary art] // Hýdojestvennyijýrnal. 2006. № 61/62. URL: <http://xz.gif.ru/numbers/61-62/topologiya/>
3. Sorokinalý. Disertasia «Sovremennoe iskýsstvoKazahstanaiSentralnoiAzıkakpotensialnoekúltýrnoenasledie» [Contemporary art of Kazakhstan and Central Asia as a potential

cultural heritage] Zhashishena 29.11.16. KazNAIm. T.K. Jýrgenova. Almaty, 2016 – 161 s.

4. Brendon T. ART TODAY. Aktýalnoeiskýsstvo [ART TODAY. Contemporary art] 1970 – 2005/ per. s angl. E. D. Melenevskoi; - M.: SLOVO/SLOVO, 2006. 256 s.

5. Shatalova O., Girik A. Polýtoroglazýi streles: partia na kobyze. Zametki o tvorchestve hýdojestvennoi grýppy «Kyzyl Traktor» [Oneandahalf-eyed archer: game on kobyz. Notes on the work of the artistic group «Kyzyl Tractor»]. Jýrnal «Tamyr» № 18, aprel-ýn 2006 g.

6. Sabitov A. Pionery kazahstanskogo

videoarta [Pioneers of Kazakhstan video art]. // V sb. «Hýdojestvennaia jizn Kazahstana». Almaty, 2001.

7. Katalog vystavki Fokýs Kazahstan, London «Postnomadicheskie gorizonty» [Postnomadic mind], 2018.

8. KatalogvystavkiFokýsKazahstan, Berlin «Hlebirozy» [Bread & roses], 2018.

9. Istoriakazahskogoiskýsstva. V 3-eh tomah. Tom 3: IskýsstvoKazahstananovogoioveishegovremeni [History of Kazakh art. In 3 volumes. Volume 3: Art of Kazakhstan of modern and modern times]. – Almaty, 2009.

Танымова Е.А.

Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан
e-mail: evatanymova@gmail.com

ӘЛЕМДІК МӘДЕНИ МҰРА КОНТЕКСТІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН ЗАМАНАУИ ӨНЕР СУРЕТШІЛЕРІНІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Мақалада қазақ суретшілерінің әлемдік деңгейдегі көркемдік тәжірибесінің даму процесі мен қазіргі заманауи өнер түрінің тарихи қалыптасуы жайлы баяндалады. Бүгінгі күнде Қазақстандағы заманауи өнердің қарқынды дамуына байланысты, оны өнертанушылық тұрғыдан түсіну қажеттілігі артуда. Қазіргі таңдағы қазақ заманауи өнері отандық ғана емес, сонымен қатар әлемдік өнер ареналарында да жарық көруде. Ақтуалды өнер суретшілері Тәуелсіз Қазақстанның мәдени және әлеуметтік тұрғыдағы өзекті мәселелерін ашып көрсете отырып, түрлі тақырыптарда ой қозғайды. Мақалада Қазақстанның заманауи суретшілерінің шығармашылығы дүниежүзілік көркемдік процестің құрамдас бөлігі ретінде сипатталған.

Түйін сөздер: заманауи өнер, жаңа медиа, арт-процесс, жаһандық өнер кеңістігі, қазақ суретшілері, көрме, өнер туындысы.

Tanymova Y.A.

National Museum of the Republic of Kazakhstan
Nur-Sultan, Kazakhstan
e-mail: evatanymova@gmail.com

CREATIVITY OF KAZAKH ARTISTS OF CONTEMPORARY ART IN THE CONTEXT OF WORLD CULTURAL HERITAGE

The article tells about the process of mastering the world artistic practices by kazakh artists, about the historical formation in Kazakhstan of such a type of art as contemporary art. Contemporary art in Kazakhstan is actively developing, therefore, it is expedient to comprehend it at the art criticism level. Kazakh contemporary art is represented not only on domestic, but also on world art platforms. Artists of kazakh contemporary art highlight the current cultural and social problems of Independent Kazakhstan, and also reflect on personal topics. Thus, the work of contemporary artists of Kazakhstan is an integral part of the world-wide artistic process, which is described in more detail in this article.

Keywords: contemporary art, new media, art process, global art space, kazakh artists, exhibition, work of art.



Гиззатов С.М.

Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан
e-mail: sayalbek@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ МУЗЕЙІ МЕН ҚЫТАЙ ЕЛІ АРАСЫНДАҒЫ МӘДЕНИ БАЙЛАНЫСТАР

Музей ісін дамытуда халықаралық қатынастардың маңызы өте зор. Баспаға ұсынылып отырған мақалада ҚР Ұлттық музейінің Қытай елімен арадағы мәдени байланыстары қарастырылған. Автор Қазақстан мен Қытай елдерінің тарихын ежелгі кезеңнен бастап сипаттап, қазіргі кезеңдегі мәдени байланыстарға тереңірек тоқталады. Сонымен қатар қазақ және қытай халықтарының дәстүрлі дүниетанымының ортақ тұстарын ашып көрсетеді.

Ғылыми-зерттеу жұмысында ҚР Ұлттық музейінің Қытай елімен арадағы әріптестігі және оның негізгі бағыттары туралы маңызды деректер берілген. Атқарылған жұмыстарды және олардың негізгі нәтижелерін сипаттауда нақты мәліметтер пайдаланылған.

Түйін сөздер: Қазақстан, Қытай, мәдени байланыс, музей, меморандум, халықаралық қатынас, көрме.

Қазақстан өз егемендігін жариялап, Тәуелсіздікке қол жеткізген соң әлем елдерімен қарым-қатынас орната бастады. 1992 жылы 3 қаңтарда Қытай Халық Республикасымен ресми түрде дипломатиялық қарым-қатынас орнап, осы жылдың ақпан айында Алматыда Қытай елшілігі, Пекинде Қазақстан елшілігі ашылды. Кейін 1994 жылы 26 сәуірде екі ел арасындағы шекара анықталып, тиісті құжаттарға қол қойылды. Осылайша Қытай Халық Республикасымен ынтымақтастық орнату еліміздің сыртқы саясатының басым бағыттарының біріне айналды (Шаймерденова, 2011: 63).

Алайда Қытай мен Қазақстанның өзара қарым-қатынас тарихы ежелгі кезеңнен бастау

алады. Қос елдің Жібек жолы өркениетін насихаттаудағы орны ерекше. Екі азиялық өркениетті ел әртүрлі кезеңдерде қайталанбас тарих пен ерекше мәдениетті қалыптастыра алды.

Қытайдан Еуропаға дейін созылып жатқан Ұлы Жібек жолы бойын жайлаған түркі халықтары қалалық мәдениетті дамытып, трансконтиненталдық сауда магистралін жетілдіріп, оның қауіпсіздігін қамтамасыз етіп қана қоймай, Ұлы Жібек жолының қуатты саяси, экономикалық және мәдени орталықтарына айналды. Тарихи деректерде Ұлы Жібек жолының қазақстандық бөлігінің аса маңызды тармақтары саналған Отырар, Түркістан, Испиджаб, Суяб, Сауран, Тараз

және тағы басқа қалалардың атаулары жиі аталады. Өз кезегінде бұл қалалар Өзбекстан, Тәжікстан, Түркіменстан, Иран, Әзірбайжан, Грузия және өзге де көршілес мемлекеттердің даму тарихына елеулі ықпал еткен болатын.

Көне дереккөздер ежелгі түркілердің Қытай мәдениетіне ерекше ықпал еткендігін көрсетеді. Қытай дәстүрлі мәдениетіндегі түркі өркениетінің іздері түркізмдерден, яғни қытай тіліне енген түркі сөздерінен, ғаламның, жер мен көктің жаралуы жөніндегі аңыз-әңгімелерден анық байқалады (Мәсімханұлы, 2012: 8-12). Сонымен қатар қытайлар мен түркі мәдениетінің өзара байланысын Қарлұқ Кегменер ақын Үлгеұлы (760-IX ғасырдың басы), Қаңлы Бұқым ақын Қайранбайұлы (1254-1300), Қарлұқ Найжан ақын (1309-1368) секілді Қытай елінде өмір сүрген түркі ақындарының шығармашылығынан анық көреміз (Мәсімханұлы, 2012: 42-50).

Мемлекетаралық сауданың қауіпсіздігі мен қаржысын қамтамасыз еткен Алтын Орда мемлекеті де өз заманында Ұлы Жібек жолының Қытай шекарасынан Жерорта теңізіне дейінгі үлкен бөлігін бақылауға алды. Қазақ хандығы тұсында ел билеушілері Қытаймен байланысты күшейтіп, өзара хат алмасып тұрды. Бұған қытайлық мұрағаттардан табылған Абылай хан, Уәли сұлтан, Әбілмәмбет хан, Әбілпейіз сұлтан, Болат хан секілді мемлекет қайраткерлерінің жазған хаттары дәлел болады.

Өркениеттік дамудың қазіргі кезеңінде елдер арасындағы қарым-қатынасты мәдени байланыстарсыз елестету мүмкін емес. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасында мәдени-гуманитарлық және басқа да салалардағы өзара тиімді қатынастар жолға қойылып, тұрақты дамып келе жатыр.

Шығыс өркениетінің белді өкілдері саналатын Қытай мен Қазақстанның мәдени дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары бір-біріне жақын келеді. Мысалы, үлкендерді құрметтеу, кішілерге қамқорлық жасау, ұлттық мерекелерге деген сүйіспеншілік, маңызды тарихи оқиғаларды еске алу, басқа халықтар мен олардың мәдениеттеріне құрметпен қарау және тағы басқа ұғымдар қазақ пен қытай халықтары үшін қастерлі болып табылады. Қазақ халқы өз атамекеніне қатысты «Ұлы Дала» деген атауды қолданса, Қытайды бүкіл әлем «Аспан асты елі» деп атайды. Сондықтан

өз елін таныстыру тұрғысынан алғанда да қос халықтың дүниетанымының бір-біріне жақын келетіндігін байқаймыз.

Шығыс өркениеттері арасындағы байланысты нығайтатын маңызды дүниелер – бұл өзара қатынастардың үздіксіз дамуы, өзара сыйластық және ұлттық даму стратегияларын үйлестіру. Бұған экономика, энергетика, қауіпсіздік, көлік, мәдениет және басқа да маңызды салалардағы ынтымақтастық жобалары мысал бола алады. Тіпті табиғи ресурстардың өзі Қазақстан мен Қытай арасындағы мемлекетаралық интеграцияда маңызды рөл атқарады. Қазақстан еуразиялық көлік торабының географиялық артықшылықтарына ие болып, Еуропа мен Азия арасында жаһандық көлік артерияларын қалыптастыра отырып, Қытай капиталы мен технологиялық инвестицияларының маңызды объектісі болып табылады.

Біз ортақ мемлекеттік шекарасы 1700 километрге жуық жақын көршілер ретінде елдеріміздің өркендеуіне тек өзара әріптестік және ұлттық мүдделерді ескеру негізінде ғана кепілдік беруге болатынын түсінеміз.

Қазақстан мен Қытай елдерінің екі жақты мәдени байланыстары музей саласындағы әріптестіктен де анық көрінеді. Осы орайда соңғы жылдары әртүрлі елдердің музейлері арасында диалог пен ынтымақтастықтың артып келетіндігін атап өткен жөн. Өйткені кез-келген елдің мәдени-өркениеттік дамуының ең маңызды міндеті – ғасырлар бойы мемлекет құрушы халықтың ата-бабалары жасаған тарихи-мәдени құндылықтар жүйесін, мәдени ерекшелігін сақтау болмақ.

Мәдени мұра тарихи перспектива тұрғысынан алғанда кез келген елдің мемлекеттік саясатының негізі болып табылады. Сондықтан әрбір мемлекет тарихи-мәдени мұраны сақтау, насихаттау, қалпына келтіру және пайдалану бойынша әлеуметтік жады институттарының тұтас жүйесін құруға ұмтылады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі ашылған күннен бастап ғылыми-зерттеу, мәдени білім беру ісіне көп көңіл бөліп келеді. Қазіргі таңда музей тарих, музей ісі, технологиялық жаңару, цифрландыру, археология және тағы басқа салалар бойынша халықаралық ғылыми қоғамдастыққа кірігу стратегиясына көшті.


Бұл маңызды стратегияны жүзеге асыруда шетелдермен, соның ішінде Қытай Халық Республикасымен тиімді байланыс орнату өте маңызды болмақ. Мысалы, ҚР Ұлттық музейі Қытайдың мәдени ұйымдарымен көптеген маңызды іс-шаралар өткізді.

Атап айтқанда:

1. Қытай Халық Республикасының бірқатар мәдениет және білім беру мекемелерімен өзара ынтымақтастық туралы меморандумдар жасалды. Олардың ішінде Тан әулетінің ежелгі Батыс базарының Сиань музейі (2015), Қытай Халық Республикасының Шанхай музейі (2017), Солтүстік-батыс политехникалық университеті (2018) бар. Бұл меморандумдар негізінде кейін екіжақты кездесулер, бірлескен көрмелер, біліктілікті арттыру курстары сияқты маңызды

іс-шаралар ұйымдастырылды. Мысалы, 2015 жылы қыркүйек айында Қазақстанға «Жібек жолы бойындағы сурет және бейнелеу өнері бағдарламасы» аясында Қытай Халық Республикасының суретшілер делегациясы келді. Бұл делегацияға танымал қытай суретшісі Сюй Чжуаньо жетекшілік еткен болатын (Сатубалдин, 2018: 89).

2. Музей экспозициясына Қазақстан мен Қытай елдерінің ортақ мәдениетіне қатысты жәдігерлер қойылды. Мысалы, бір жағында руна, екінші бөлігінде қытай жазулары бар көне түркілік әйгілі Күлтегін ескерткіші. Бұл ескерткіш өркениеттер арасындағы саяси, экономикалық және гуманитарлық қарым-қатынастардың маңыздылығын айғақтайтын бірегей артефактілердің бірі болып табылады.



Сур. 1. Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің «Ежелгі түркі өркениеті» залындағы Күлтегін ескерткіші



Fig. 1. Monument to Kulteigin in the Hall of the National Museum of the Republic of Kazakhstan «Ancient Turkic civilization».



Сур. 2. Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінде ұйымдастырылған «Император Цинь Шихуандидің терракоталық әскері» көрмесі.

Fig. 2. Exhibition «Terracotta army of Emperor Qin Shihuandi» organized in the National Museum of the Republic of Kazakhstan.

Күлтегін Шығыс Түркі қағанатының саяси және әскери қайраткері, түркі халқының әскери қолбасшысы болған. Тарихи деректерде 731 жылы Күлтегіннің қайтыс болғандығы, кейін Тан мемлекетінің императоры Тан Сюанцзунның көңіл айту хатын (қазанама) жазып, түркі еліне арнайы делегация аттандырғаны туралы мәліметтер кездеседі. Білге қаған: «Не бір айтар сөзім болса мәңгі тасқа ұрдым. Мұны біліңдер ... мен мәңгі тас тіктім. Табғаш қағаннан бедерші (мүсінші) келтірттім. Бедерлеттім. Менің сөзімді сындырмады (қайтармады). Табғаш қаған орда бедершісін жіберді. Оларға айшықтатып (сурет сыздырып), барық тұрғыздырттым. Тас қалаттым. Көңілдегі сөзімді жазғыздым», – дейді (Сартқожаұлы, 2003: 179). Қытай императоры жіберген шеберлер алты айдан соң ескерткішті бітіріп, 732 жылы 19 қазан күні Күлтегінге арнап ас беріліп, маңызды мәдени

кешен ресми түрде ашылады. Салтанатты шараға қытайлық елші Луи Сян да арнайы келіп қатысқан. Бұл өз кезегінде түркі мен қытай халықтарының арасында өзара достық қарым-қатынастың болғандығын дәлелдейді.

Сонымен қатар, ҚР Ұлттық музейінде Ұлы Жібек жолының ежелгі қалалары – Сайрам, Яссы, Отырар, Тараз және т.б. жерлерден табылған қыш және шыны құмыралар сияқты қытай мәдениетінің бірегей археологиялық олжалары қойылған.

ҚР Ұлттық музейі қорының толығына Қытай елі де атсалысып келеді. 2016 жылы қараша айында ел Тәуелсіздігінің 25 жылдық мерекесіне орай Қытай Халық Республикасының Елшілігі император Цинь Шихуандидің қола күймесінің көшірмесін сыйға тартты.

3. Екі елдің тарихы мен мәдениетін насихаттау мақсатында көптеген көрмелер



ұйымдастырылды. 2014 жылы шілде айында ҚР Ұлттық музейі ашылған соң халықаралық деңгейдегі шараларды өткізуге басымдық берілген болатын. Соның ішінде Қытай Халық Республикасымен бірлескен шараларға ерекше назар аударылды. Нәтижесінде 2014 жылы қыркүйек айында Қытай фарфорына арналған көрме мен қытай экологиялық мәдениетіне қатысты фотокөрме ашылды.

Бұл мәдени әріптестік уақыт өте келе күшейіп, әлемдік маңызы бар шаралар аясында бірлескен жобалар жүзеге асырыла бастады. Мысалы, 2017 жылдың маусым айында ҚР Ұлттық музейінде «ЭКСПО-2017: Болашақ энергиясы» халықаралық мамандандырылған көрмесі кезінде «Император Цинь Шихуандидің терракоталық әскері» көрмесінің ашылуы өтті.

Бүгінде әлемдік тарих пен мәдениетте «Терракота әскерінің» орны бөлек. Қытайдың Сиань қаласындағы император

Цинь Шихуандидің кесенесінің жанындағы қорымнан 8 099 қытай жауынгері мен олардың жылқыларының күйдірілген саздан жасалған мүсіндері табылған болатын. Император бұл мүсіндердің оған келесі өмірде қызмет ететіндігіне сенген. Осы орайда ежелгі сақтар мен қытайлықтардың мына өмірден кейінгі тіршілікке сену философиясының ұқсастығын анық байқаймыз.

Елордада өткен «Император Цинь Шихуандидің терракоталық әскері» көрмесі барысында халық назарына әскерлердің мүсіндері, қару-жарақтар, жабынқыштар, ыдыс-аяқтар, алтын және күміс әшекейлер секілді 50-ге жуық археологиялық жәдігерлер ұсынылды (Қытайдың Терракота әскері. KazInform). Аталмыш көрме үш ай бойы жұмыс жасап, оны 50 мыңнан астам ел тұрғындары тамашалады.

Өз кезегінде 2018 жылдың шілде айында ҚР Ұлттық музейі халықаралық «Алтын адамның» әлем музейлеріне шеруі» жобасы аясында Шэньси провинциясының тарихи музейінде «Ұлы Дала мұрасы: зергерлік өнер жауһарлары» атты бірегей көрмені ашты (Нүсіпбекұлы Р. KazInform). Бұл көрмені өткізу үшін Қытайдың таңдалуы кездейсоқ емес. Біріншіден, Қазақстан мен Қытай саясатты, экономиканы, мәдениетті және тағы басқаларды дамыту саласында өзара қолдау көрсететін стратегиялық әріптестер болып табылады. Екіншіден, Қытай өте бай тарихы мен мәдениеті бар, халық саны көп дамыған елдер қатарына жатады.

Халықаралық «Алтын адамның» әлем музейлеріне шеруі» көрме жобасының басым міндеттерінің бірі шетелдік аудиторияны Қазақстанның тарихымен және мәдениетімен таныстыру болса, басты экспонаты ретінде Қазақстан Тәуелсіздігінің негізгі нышанына айналған Есік қорғанынан табылған «АЛТЫН АДАМ» ұсынылды. Көрме барысында Қытай тұрғындарының шетелдік мәдениетке деген үлкен қызығушылығы байқалды. 2018 жылдың 20 шілдесі мен 20 қыркүйегі аралығында өткен көрмені күніне орташа есеппен 12 000 адам тамашалады (Қытайда «Алтын адамды». Қазалы газеті).

Осы орайда «**АЛТЫН АДАМНЫҢ**» ӘЛЕМ МУЗЕЙЛЕРІНЕ ШЕРУІ» жобасының Қытай елінен бөлек Ресей, Түркия, Оңтүстік Корея, Солтүстік Македония, Үндістан, Өзбекстан,



Сур. 3. «Алтын адамның» әлем музейлеріне шеруі» жобасы аясында Қытай еліндегі «Ұлы Дала мұрасы: зергерлік өнер жауһарлары» көрмесінің ашылуы.

Fig. 3. Opening of the exhibition «Heritage of the Great Steppe: masterpieces of jewelry art «in China within the framework of the project» parade of the Golden Man in the museums of the world».

Греция, Малайзия сияқты 12 елдің ең ірі ұлттық музейлерінде жүзеге асырылғандығын атап өткен жөн. 2020 жылы аталмыш жоба еліміздегі «Халық сүйіктісі-2020» сыйлығының «Жыл жобасы» номинациясы бойынша жеңімпаз атанды.

4. Тәжірибе алмасуды кеңейту мақсатында оқыту семинарлары, біліктілікті арттыру курстары өткізілді. Мысалы, 2018 жылы Қазақстандағы Қытай елшілігі мен ҚХР Мәдениет министрлігі Қазақстанның музей саласының қызметкерлері үшін музей ісі саласында оқыту семинарын ұйымдастырды. Аталған семинарға Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің 15 қызметкері қатысты. Семинар аясында қатысушылар музей саласындағы теориялық және практикалық білімдермен алмасып, Пекин, Чанчун және Харбин қалалары музейлерінің қызметімен танысты (Ибраева, 2018: 18-25).

5. Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) ресми тілі саналатын қытай тілінде экскурсия жүргізу ісі қолға алынды. ҚР Ұлттық

музейі еліміздің алдыңғы қатарлы мәдени мекемесі ретінде жылына көптеген шетелдік қонақтарды қабылдайды. Өйткені қазақ халқының тарихы мен мәдениетіне қызығушы шетелдік меймандардың қатары қалың. Музейге 2019 жылы 26 509 шетелдік азамат келсе, 2020 жылы 3 731 мейман, 2021 жылы 6 942 мейман экскурсия жасады. Әлемді жайлаған коронавирус індеті Қазақстанға келуші туристер санының азаюына әкелгендіктен бұл үрдіс ҚР Ұлттық музейіне келуші шетелдік меймандардың санына да күрт әсер етті. Дегенмен қазіргі таңда шетелдік қонақтардың сұранысына қарай қытай тілінде экскурсия жұмыстары жүргізіліп келеді.

Тұтастай алғанда іске асырылған бірлескен жобалар мен іс-шаралар мәдениет саласындағы ынтымақтастықты кеңейтіп, тарихи-мәдени мұраны насихаттауға, білім мен тәжірибе алмасуға ықпал етті. Сол арқылы мәдениетаралық коммуникациялардың, оның ішінде біздің елдердегі музей ісінің дамуына серпін берді.



Сур. 4. Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі мамандарының Қытай елінде біліктілікті арттыру курсынан өту барысы.

Fig. 4. The course of advanced training of specialists of the National Museum of the Republic of Kazakhstan in China.

Қазақстан мен Қытай алдағы уақытта да мәдениет саласындағы қарым-қатынасты арттыруға ұмтылуы тиіс. Қос ел арасындағы мәдениетаралық диалогты дамытудың басты құралы ретінде бірлескен музей көрмелерін, фестивальдерді, тіл білімі конкурстарын, ғылыми зерттеулерді, материалдық мұраны қалпына келтіру жөніндегі жобаларды және тағы басқаларын атауға болады. Мысалы, қазіргі таңда Қазақстанда Конфуцийдің 5 институты жұмыс істейді. Сондай-ақ Қытай Халық Республикасында Қазақстанның 11 мыңнан астам азаматы білім алуда. 2015 жылдан бастап Қытайдың Пекин, Шанхай, Далянь және Сиань қалаларындағы жоғары оқу орындарында «Қазақстан орталықтары»

және қазақ тілі кафедралары жұмыс істеп келеді. Қытайда Пекин, Сиань және Шанхай шет тілдер университеттерінде «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша студенттерді қабылдау жүзеге асырылды.

Қазақстан мен Қытайдың халықаралық қатынастар жүйесіндегі ой-пікірлері мүдделері өзара ұқсас болып келеді. Сондықтан екі мемлекеттің Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ), Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы (ШҰҰ), Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары кеңесі (АӨСШК) сияқты әртүрлі халықаралық алаңдардағы ұстанымдары бір-бірімен үйлесім тауып қана қоймай, жаһандық бейбітшілік пен тұрақтылықты нығайтуға маңызды үлес қосады.

Әдебиеттер

1. Шаймерденова Ғ.Қ. Қазақстан және шектес мемлекеттер (Жалпы елтанулық шолу): Оқу құралы. – Алматы: ҚР ҰҚК Шекара академиясы. 2011. – 209 б.
2. Мәсімханұлы Д. Еуразиялық өркениет – ежелгі түркі және қытай елінің рухани қарым-қатынасы. Ғылыми зерттеулер. – Астана: «Фолиант», 2012. – 480 б.
3. Сатубалдин А. Активные культурные отношения – залог успешного развития // Мәдени мұра. 2018. №4 (79).
4. Сартқожаұлы Қ. Орхон мұралары. – I т. – Астана, 2003. – 392 б.
5. Қытайдың Терракота әскері Астанаға әкелінді // KazInform халықаралық ақпарат агенттігі. 2017 жыл, 9 маусым. https://www.inform.kz/kz/kytadydyn-terrakota-askeri-astanaga-akelindi_a3034676
6. Нүсіпбекұлы Р. Қытайда «Алтын адам» көрсетілді. // KazInform халықаралық ақпарат агенттігі. 2018 жыл, 22 мамыр. https://www.inform.kz/kz/kytayda-altyn-adam-korsetildi_a3260792
7. Қытайда «Алтын адамды» күніне 12 000 адам тамашалайды // Қазалы аудандық қоғамдық-саяси газет, 2018 жыл, 5 қыркүйек. <https://qazaly.kz/kogam/5219-ytayda-altyn-adamdy-knne-12-my-adam-tamashalaydy.html>
8. Ибраева Г. «Аспан асты елінің» таңғажайыптары // Мәдени мұра. 2018. №5 (80).

References

1. Shaimerdenova G.K. Qazaqstan zhane shektes memleketter (Zhalpy eltanulyk sholu): Oqu quraly. – Almaty: QR UQK Shekara akademyasy. 2011. – 209 b.
2. Masimhanuly D. Euraziyaliq orkeniet – ezhelgy turki zhane kitay elinin ruhany karym-katynasy. Gilimy zertteuler. – Astana: «Foliant», 2012 – 480 b.
3. Satubaldyn A. Aktivniye kulturniye otnosheniya – zalog uspeshnogo razvitiya // Madeny mura. 2018. №4 (79).
4. Sartkozhauly Q. Orhon muralary. – I t. – Astana, 2003. – 392 b.
5. Kitaydin Terrakota askeri Astanaga akelindi. // KazInform halykaralik aqparat agenttigi. 2017 zhyl, 9 mausym. https://www.inform.kz/kz/kytadydyn-terrakota-askeri-astanaga-akelindi_a3034676
6. Nusipbekuly R. Kitayda «Altyn adam» korsetildi. // KazInform halykaralik aqparat agenttigi. 2018 zhyl, 22 mamyr. https://www.inform.kz/kz/kytayda-altyn-adam-korsetildi_a3260792
7. Kitayda «Altyn adamdy»kunine 12 000 adam tamashalaydi. // Kazaly audandyq qogamdyq-sayasy gazet, 2018 zhyl, 5 qyrkuyek. <https://qazaly.kz/kogam/5219-ytayda-altyn-adamdy-knne-12-my-adam-tamashalaydy.html>
8. Ibrayeva G. «Aspan asty elinin» tangazhayiptary // Madeny mura. 2018. №5 (80).



Гиззатов С.М.

Национальный музей Республики Казахстан
г. Нур-Султан, Казахстан
e-mail: sayalbek@mail.ru

Gizzatov S.M.

National Museum of the Republic of Kazakhstan
Nur-Sultan, Kazakhstan
e-mail: sayalbek@mail.ru

КУЛЬТУРНЫЕ СВЯЗИ МЕЖДУ НАЦИОНАЛЬНЫМ МУЗЕЕМ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН И КИТАЕМ

Большое значение в развитии музейного дела имеют международные отношения. В предлагаемой статье рассматриваются культурные связи Национального музея РК с Китаем. Автор описывает историю Казахстана и Китая с древнейших времен и углубляется в культурные связи современного периода. Он также раскрывает общие черты традиционного мировоззрения казахского и китайского народов.

В научно-исследовательской работе представлены важные данные о сотрудничестве Национального музея РК с Китаем и его основных направлениях. При описании выполненных работ и их основных результатов использованы фактические данные.

Ключевые слова: Казахстан, Китай, культурные связи, музей, меморандум, международные отношения, выставка.

CULTURAL RELATIONS BETWEEN THE NATIONAL MUSEUM OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN AND CHINA

International relations are of great importance in the development of museum business. The proposed article examines the cultural ties of the National Museum of the Republic of Kazakhstan with China. The author describes the history of Kazakhstan and China since ancient times and delves into the cultural ties of the modern period. He also reveals the common features of the traditional worldview of the Kazakh and Chinese peoples.

The research paper presents important data on the cooperation of the National Museum of the Republic of Kazakhstan with China and its main directions. Specific data are used in the description of the work performed and their main results.

Keywords: Kazakhstan, China, cultural relations, museum, memorandum, international relations, exhibition.

FTAMP: 13.51.09
ӘОК: 069.8

Елеусізова Қ.Ж.
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
Ақтөбе қ., Қазақстан
e-mail: kukash.96@mail.ru

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ӨЛКЕТАНУ МУЗЕЙЛЕРІНІҢ ҚАЗІРГІ ЭТНОМӘДЕНИЕТКЕ ЫҚПАЛЫ

Мақалада Ақтөбе облысы тарихи өлкетану музейлері қорындағы жергілікті қазақтардың материалдық мәдениет үлгілерінің сақталуы қарастырылған. Қазақ халқының материалдық мәдениетін зерттеудің бірден-бір объектісі жергілікті тарихи өлкетану музейлері екені белгілі. Бұл тарихи өлкетану музейлердегі қазақтың дәстүрлі мәдениетіне қатысты материалдардың ғылым үшін маңызды екенін көрсетеді. Сонымен қатар, кейбір материалдық мәдениет үлгілерінің халық арасында сақталмауы этнограф, музеолог, өлкетанушыларды тікелей музей қорымен жұмыс жасауға жетелейді. Бұл орайда еліміздегі ҚР МОМ, ҚР Ұлттық музейлері сияқты ірі музейлердің әрбір қорына арналған каталогтары жарық көрген. Алайда жергілікті жерлердегі шағын өлкетану музейлерінің коллекциялары мен қор материалдары осы күнге дейін толық ғылыми айналымға енген. Ең алдымен тарихи өлкетану музейлерінің қор материалдарын жергілікті халықтың тарихы мен мәдениетін айшықтауда басты нысан ретінде қарастырған жөн.

Түйін сөздер: экспозиция, музей, қолөнер, этнография, салт-дәстүр, әдет-ғұрып.

Кіріспе

2020 жылдың 1 қазан – 15 қараша аралығында Ақтөбе облысы территориясында кешенді этнографиялық экспедиция жұмысы жүргізілді. Экспедициялық жұмысты Ақтөбе облысы әкімшілігінің қолдауымен Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Этнология және антропология бөлімі ұйымдастырды. Кешенді экспедиция негізінен Солтүстік Үстірттегі Доңызтау ауданының тарихи және мәдени

ескерткіштерін, халықтық архитектурасын және өңірлердегі музейлерді зерттеуге бағытталды. Экспедиция құрамы кәсіби этнографтар, этноархеологтар, өлкетанушылар және музейтанушылардан құралды. Далалық зерттеу жұмыстары Ақтөбе облысының Байғанин, Темір, Мұғалжар, Шалқар және т.б. аудандарын қамтыды.

Ақтөбе облысында жүргізілген кешенді этнографиялық экспедициялық жұмыстардың негізгі мақсаты – жергілікті халықтың этномәдениеті мен мәдени мұрасын зерделеу

болып табылды. Сонымен қатар, аудандық өлкетанулық музейлердегі жергілікті халықтың мәдениеті мен дәстүрлі шаруашылық түрлері мен кәсібіне, салт-дәстүріне байланысты материалдар жинақтау болды.

Жергілікті музейлердің қорларында қазақ халқының ұлттық құндылығына қатысты көптеген материалдар сақталған. Соның ішінде – қазақ халқының «ұлттық қолөнері» болып табылатындары көп. Дәстүрлі қолөнер туралы сөз болғанда ұлттық киімдер де шет қалмайды. Себебі, ұлттық киімдер де ұлттық қолөнердің бір бөлшегі. «Ең әдемі киім – ұлтыңның киімі» деген ұлағатты сөз бар. Қазақ халқының ұлттық киімдері еш халықтан кем емес екені анық.

Негізгі бөлім

Ақтөбе облысына жүргізілген этнографиялық зерттеу жұмыстары барысында қазақтың әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері әлі де жалғасын тауып келе жатқандығы байқалды. Солардың қатарында дәстүрлі қазақ киімдеріне қатысты материалдық емес мәдени мұраның әлі де ел ішінде сақталғаны көрінді. Бұл киім тігу ісіндегі ежелден бері пайдаланылып келе жатқан материалдардың жергілікті әдіспен аң, мал терілерінен өңделуі болып табылады.

Жалпы, қазақтарда салтанаттық киім мен күнделікті киім-кешектің пішімінде айырмашылық бола бермейді. Салтанаттық киімнің бітімі сыпайылау, тігісі жатық, зерлі, оқалы, кестелі, басына киетіндері көтеріңкі, аяқ киімдері шоңқима, биік өкшелі, түрлі-түсті қайыспен, таспамен өрнектелген, зерлі жіптермен кестеленген болып келеді. Күнделікті киімге шекпен тоқымасы, қолда бар мата, бөз, кенеп, шыт, сәтен, сеңсең терісі, көн секілді қарапайым материалдар жаратылса, салтанаттық киім-кешекке барқыт, масаты, мәуіті, шұға, жібек, қырмызы, мақпал кездемелері, сусар, кәмшат, құндыз терілері, бұлан немесе бұғы күдерісі, жылқы шегірені пайдаланылған (Қазақ халқының..., 2011: 197).

Қазақи киімде негізгі сырт киімдерге – шапан, күпі, тон, ішік, шекпен, кебенек және т.б. жатады. Ішіне түйенің жабағы жүнін салып, бидай шүберекке сырып, сыртына берік қоңыр түсті матадан тігілетін киімнің бірі – күпі. Қажетті бұйымдар мен тігілуі оңай болғандықтан, мұны бұрынғы қазақтардың бәрі де киген. Киімнің бұл түрі көктем мен

күзде киіледі. Қадыр Мырза Әлидің Абайға арналған өлеңінде: «Күпі киген кемеңгер өзің ғана», – дейтін жолы болса, Мұқағали Мақатаев: «Күпі киген қазақтың қара өлеңін» деп жазған. Осындай күпінің бірі Ақтөбе облысы Шалқар аудандық тарихи-өлкетану музейінің экспозициясынан орын алған. Ауыл тұрғыны Бекмағамбетов Қанаштың XIX ғасырда ауыл шаруашылығымен айналысқанда киген күпісі. Түйе жүнінен жасалып, түлкі терісімен астарланған. Атадан мұра ретінде сақтап отырған құнды жәдігерін музейге Қанаштың ұрпақтары тапсырған (АӨЖМ, Шалқар ауданы, 2020).

Көшпелі қазақтар ішкі-сыртқы киімдерінің бәрін жүріп-тұруға, көшіп-қонуға ыңғайлы етіп ықшамдап тіккен. Ауа райының қолайсыз жағдайлары да ескерілген. Мұндай киімді киген адамға қатты аяз немесе күннің аптап ыстығы, өңменіңнен өтетін суық жел, құрғақшылық ешқандай қауіп төндірмеген. Себебі киімдер төзімді, ыңғайлы, қарапайым және әсем болған (Қазақстан ұлттық энциклопедиясы, 1998).

Ал ерлердің сырт киімдері түймесіз, көбінде тек белбеумен ғана оң жаққа қарай қаусырылған. Мысал ретінде Темір аудандық музейінде орналасқан шекпенге тоқталсақ болады (сур.1). Тек қана түйе жүнінен тоқылатын жаздық сырт киім шекпенді тігу үшін жүнді иіріп, оны өрмекпен тоқып, шапан үлгісінде пішкен. Оған қалың матадан тік жаға салынып, жеңінің жиектері өрнектермен көмкерілген. Белбеуі үш түрлі түспен (қызыл күрең, ашық көк, қоңырқай) өрілген (АӨЖМ, Темір ауданы, 2020). Осыған байланысты Ақтөбе облысы Байғанин ауданының тұрғыны дәстүрлі киім тігу шебері Қуанғалиева Ақбибі Ұзақбайқызымен сұхбаттасып, одан дәстүрлі киім туралы мәлімет алынды. Ол өзінің келіндеріне арнап заман талабына сай шапан, жакет (сур.2), камзол, ал ер адамдарға арнап тіккен шапан, шекпенін көрсетіп, тігілу технологиясы жайында әңгіме етті. Оның мәліметтеріне қарағанда, шекпен тек қана түйе жүнінен тоқылады. Күзеп алынған түйе жүнін шаң-тозаңынан арылтып, одан соң қолмен майдалап түтеді де, шүйке жасайды. Шүйкеленген жүнді ұршықпен иіреді. Шекпен тоқитын жіп өте жіңішке болады. Иірілген жіпті екі ағаштың арасынан ыспалап өткізіп, оның буылтықтарын кетіріп қайта өңдейді. Шекпен де терме бау тоқитын өрмекпен



Сур. 1. Шекпен,
Темір аудандық
музейі.

Fig. 1. Shekpen,
Temir District
Museum.



Сур. 2. Қуанғалиева
Ақбибінің келіндеріне
тіккен жакеті.

Fig. 2. Jacket for
bridesmaids made by
Kuungalieva Akbibi.

тоқылады. Тоқылып болған кездемені кәдімгі матадан киім пішкендей етіп өлшеп, шекпен пішеді. Шекпенді жазда киеді. Оған қара барқыттан не болмаса басқа тыстық матадан қаптал жаға (дөңгелек жалпақ жаға) салып, етек-жеңін сондай матамен көмкеріп әдіптейді. Шекпеннің ең әдемі түрін «шидем шекпен» дейді. Шидем шекпен тайлақтың жүнінен тоқылады. Тайлақтың жүні әрі майда, әрі жеңіл болатындықтан, одан тоқыған шекпен де әдемі болып шығады. Шекпен су өткізбейді. Сондықтан ол әрі сулық, әрі жайшылықта кие беруге жарамды бесаспап киім. Су тиген сайын шекпен матасы ширығып қалыңдай түседі. Шекпеннің тағы бір артықшылығы ол таза түйе жүнінен тоқылғандықтан аса мықты болады, ұзақ киіледі (АЕАЖМ, Қуанғалиева, 2020).

Аяқкиім түрлері олардың жасалған материалына, тұтынушысының жасы мен жынысына, әлеуметтік жағдайына

байланысты жасалады. Жалпы қазақтың ұлттық аяқ киімдеріне: байпақ, кебіс, мәсі, етік, шоңқайма және т.б. жатады. Осындай аяқкиім коллекциясы Шалқар аудандық тарихи-өлкетану музейінде өте көп кездеседі. Соның бірі кебіске тоқталсам, мәсінің сыртынан киюге арналып, былғарыдан тігілген аяқ киім. Қоңырқай келген. Өкшесіне бірнеше қабат ұлтан салып шегелеп, тұмсығы домаланған. Табанын айналдыра екі қатар мық шегемен бекітілген. 1950–1955 жж. аудан тұрғыны Мұңайтбасова Жұмабике пайдаланған. Оның немересі Темірхан музейге сыйға берген (АӨЖМ, Байғанин ауданы, 2020). (Сур.3).

Ұлттық аяқ киімдердің әрқайсысының өзіне тән тігілу ерекшелігі мен жасалу жолы бар. Осы жайында Жарқамыс ауылының белгілі шебері Қали Ахметовтың баласы Қалиев Өмірбек етіктің жасалу технологиясынан мағлұмат берді. «Саптама етік – қазақтың



МӘДЕНИ МҰРА

ұлттық қысқы аяқ киімдерінің бірі. Оны ерлер киеді, кең қонышы тізені жауып тұрады. Ал жасалу жолы ұлтанды кесіп дайындап, ағаш шеге пайдаланады. Ағашты пештің үстіне кептіріп, ромбик қылып темір шегеге ұқсатып шабады. Аяққа ызғар болмас үшін темір шегені жолатпайды. Құрыммен (былғарының жіңішке түрі) мәсі тіксе, былғарымен саптама



Сур. 3. Кебіс. Шалқар аудандық тарихи-өлкетану музейі.

Fig. 3. Kebis. Shalkar District Museum of local lore.



Сур. 4. Байганин ауданы, Жарқамыс ауылдық округіндегі мектеп музейінде сақталған саптама етік.

Fig. 4. Nozzle boots stored in the school Museum of Zharkamys rural district, Baiganin district.

етік тігеді. Шешеміз ішіндегі астарын ақ матадан тігіп беріп отырған. Ал мәсінің жиегін іс машинамен тіккен. Саптама етіктің іші киізден жасалады, ал мәсіге астар салады. Ағаш шегенің ағашы қайыңнан жасалады. Ағаш шегені қаққанда екі жолақты етіп қағып шығады. Ылғалданған сайын ағаш ісініп мықты болып шығады. Көбіне саптама етікті қойшылар киген. Басы сүйір, үзеңгіге кіргенде ары қарай өтіп кетпейді, қауіпсіз. Қойшылар бір саптама етікті бір үлкен ісек қойға бағалап, тігіп берген» (АЕАЖМ, Қалиев, 2020). (Сур.4).

Ертеректе қазақ етіктері түзу табан етіп тігіліп, оң аяқ пен сол аяққа бірдей киіле беретін. Яғни, қазақ халқы күнделікті тұрмыс-тіршілігіне ыңғайлы аяқ киім киген. Етікті оң мен сол аяққа бейімдеп, қисық табан етіп тігу кейін пайда болған.

Ақтөбе облысының көптеген аудандарында киімнің түпкілікті өзгеріп кеткеніне қарамастан, дәстүрлі қазақ ұлттық киімінің көптеген элементтері әлі де сақталған. Атап айту керек, өңірде дәстүрлі киімді толықтай топтамасымен тек қана егде жастағы әйелдер киеді. Адамның киіміне қарап әлеуметтік деңгейін, жас ерекшелігін байқауға болады. Аталған өңірде дәстүрлі киімдерді тігуде үй жануарларынан алынған тері мен жүн өнімдері қолданылды. Сонымен қатар, фабрикалық маталардан да дәстүрлі пішімді сақтай отырып тігілген. Және де өңірдегі қазақтар қазіргі таңдағы еуропалық үлгідегі күнделікті және мерекелік киімдеріне дәстүрлі элементтерді үйлестіріп киюге тырысады.

Қазақ қолөнерінің көркемдік ерекшелігінің негізі болып киіз басу өнері саналады. Жүннен әртүрлі киіз басып, киіз үйге туырлық, үзік, тұңлік, дөдеге және тұрмысқа қажетті еденге төсейтін текемет, сырмақтар, тұсқа ілінетін тұскиіздер мен қап түрлерін жасаған. Киізден жасалған бұйымдар қазіргі заманда халықтың генетикалық мәдени қарым-қатынасындағы байланысты көрсететін дерек ретінде қабылданады. Ақтөбе облысы Байғанин аудандық музейі қорында киізден жасалынған бұйымдар – қайталанбас өнер туындысы ғана емес, әлі сыры ашылмаған, толығынан зерттелмеген асыл мұра. Мұнда текемет, тұскиіз, алаша, сырмақ, кілемше секілді құнды жәдігерлер коллекциясы киіз үй төрінен орын алған. Соның бірі ауданның қолөнер шебері Нұрымбетова Райханның

Fig. 5. Carpet with the image of T. Zharmaganbetov. Master: Raikhan Nurymbetova.

Киізден жасалған бұйымдардың ішінде өзінің қанық, ашық түсімен оялы сырмақтар ерекше көз тартады. Музей қорындағы сырмақ топтамасы қазақ халқының ертеден келе жатқан киіз басу тәсілінің бар сырын кеңінен меңгеріп, сырмақ басудағы көркемдік

Қызыл, сары, жасыл түсті иірілген жүн жіптерден алаша **жүз теру** тәсілімен тоқылған. 18 қатар жалпақ жолақтардан құрастырылып тігілген. Алашаның екі жаны ақшыл жасыл түсті иірілген жүн жіптермен көмкеріліп жиектелген. Алаша Дияр ауылы тұрғыны Шүренбаева Жамилияның қолынан шыққан (АЕАЖМ, Шүренғалиева, 2020). (Сур. 6).

2/2022

Ыстық буымен балбырап шидің үстінде көлденең жатқан киізді қатарласа отырған киізшілер өздеріне қарай жұлқа тартып алып, білегімен ұрып, аяққа салып басады. Неғұрлым адам көп болса, соғұрлым демде басылады. Білектеліп болған киізді ұзыннан екі қабаттап бүктеп, оның екі басын бір-біріне түйістіре жіппен көктеп, қарпу әдісін пайдаланып, киіздің ұзындығын шығарады. Киіз басудың кәнігі шебері болған Жанбөпе Сырғабекқызы киіз басудың дәстүрлі технологиясы сабау, шабақтау, булау, ырғау, білектеу, қарпу секілді әдістерінің барлығын көрсетті (сур. 7).

Біз көрген Жанбөпе әжейдің отбасы – қаймағы бұзылмай, қазақилықтың иісі аңқыған, ене мен келіннің әдемі үндестігі, жеңге мен қайынсіңлінің сырлы сыйластығы орнаған киелі шаңырақ. Ұлтымыздың ұлттық өнері мен тәлім-тәрбиесін насихаттайтын осындай отбасы барда, салт-дәстүріміздің де ескірмейтіні хақ.

Атадан балаға ауысып, уақыт өткен сайын құндылығы арта беретін қолөнер бұйымдарының мәңгілік өлмес озық үлгілерін дүниеге әкелген, оны біздің дәуірімізге ұштастырған шеберлер Ақтөбе облысында көптеп саналады. Ағаштан түйін түйетін шеберлер Басшин Қарамұқан, Қамысбаев



Сур. 6. Алаша, шебері Шүренғалиева Жамилия. | Fig. 6. Alsha, Master Shurengalieva Zhamilya.



Сур. 7. Жанбөпе әжейдің туындысы.

Fig. 7. Derivative of grandmother Zhanbope.



Сур. 8. Хасенов Құтым жасаған өнер туындылары Байғанин аудандық музейі экспозициясында.

Fig. 8. Works of art created by Khasenov Kutym are in the exposition of the Baiganin District Museum.



Сур. 9. Темір сыбызғы. Байғанин аудандық музейі.

Fig. 9. Iron Blade. Baiganin District Museum.

Шырынның жасаған домбыралары мен басқа да музыкалық аспаптары кезінде таптырмас дүниелердің бірі болды. Шеберлердің осы дәстүрін Байғаниндік бесаспап шебер Хасенов Құтым одан әрі жалғастырып қана қоймай, жетілдіріп дамыта түскен. Бүгінде жасы жетпісті алқымдаған атамыз ұсталықты жастайынан бастаған. Ұсталық болғанда да, жай бір дүние емес – қазақтың қара домбырасын жасаудың нағыз шебері. Домбыра жасау үшін қажетті ағаш түрлерін таңдап, оның дыбысын, саздылығын, сәні мен мәніне үйлестіре жасай білетін ол өзі дайындаған бұйымдарын VI Республикалық «Үкілі домбыра» байқауына ұсынып, II орын жүлдегері атанған. Сонымен қатар Нұрсұлтан қаласының 10 жылдық тойында, «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесі кезінде Құтым ата жасаған домбыралар шетелдіктерге сый ретінде ұсынылған. Шебердің айтуына қарағанда, домбыраны кез келген ағаштан жасамайды екен. Қажетті материалдарды іздеп, қымбаттығына қарамай сатып әкеледі. Әрине, жол шығыны, материал құны аз қаржы емес. Солай болса да, өзінің табиғат сыйлаған дарынын көрсету үшін осының бәріне тәуекел етіп келген. Байғанин аудандық музейінде Хасенов Құтым жасаған туындыларына арнайы экспозиция бөлінген (АӨЖМ, Байғанин ауданы, 2020). (Сур. 8).

Осы музей қорындағы музыкалық аспап – сыбызғының тарихы қызық. Музейде тұрған темір сыбызғы төрт ойықты, түтіктің бір басы сәл жіңішкелеу. Ұзақ уақыт бойы қолданбағандықтан болу керек, ақшыл түсі қарая бастапты. Сыбызғының иесі Боқанов Қайдас 1898 жылы Ақтөбенің Ебейті жерінде туған. Жастайынан нар қамысынан сыбызғы жасап тартып машықтаныпты. Бір кластық та білімі жоқ, бірақ тұлабойы тұнған талант сыбызғышы Қайдас қарт сегіз қырлы бір сырлы болған. Сыбызғыны жанына серік еткен ол түнде қой күзетіп отырып сыбызғысын сызылтып тартқанда, бүкіл ауыл тыңдайды екен. Қайдас қарт 1975 жылы дүниеден өткенде ұрпақтары көненің көзін көз қарашығындай сақтап қалған (АӨЖМ, Байғанин ауданы, 2020). (Сур. 9).

Ақтөбе облысы он саусағынан өнер тамған небір ұсталар мен шеберлерге өте бай елді мекен. Тағы бір себебі қазақтың ететін өнердің бірі – ұсталық десек, осы бір қасиетті өнерді жанына серік еткен Айдос Мұратов

Шалқар ауданы тұрғыны. Қолөнерлікті әкеден мұра етіп алған Айдос ақсақал өз өнерін ағаш етік тігумен бастаған. «Балам бұл тіршілігіңді қой, оданда молдаға барып, арабша оқу, жазу үйреніп дәріс ал, балам» деген әкесінің бұл сөзін жерге тастамай әке тілін алып молдаға барып, бір жылдай дәріс алған. Келесі жылы молдалықты қойып, тағы да қолөнермен айналысуға бел байлайды. Енді ол ағаштан, тастан, сүйектен бұйымдар жасауға кіріседі. Ағаштан үй жиһаздарын жасаумен айналысқан. Айдос ата жасаған сықырлауық есік, ер-тұрман, адалбақан, ағаш кереует, сандық, асадал сынды құнды этнографиялық мұралар Шалқар аудандық тарихи-өлкетану музейі экспозициясында қойылған. Ал, шебердің қайыспен қаптап, сүйекпен жиектеп көмкеріп

жасалған ер-тұрманын баласы Ілиясқа арнаған екен. Ал, асадалды қолөнер шебері Айдос Мұратов өзі тұтынған. Кейіннен оны немересі Ерболат Мұратов музейге тапсырды. Айдос Мұратовтың қол табы қалған бұйымдар 30 жыл бойы музейдің көркін кіргізіп тұр (АӨЖМ, Шалқар ауданы, 2020). (Сур. 10).

Ертедегі ұсталар пайдаланған құрал-саймандарды бүгінде тек музей экспозициясынан кездестіреміз. Әйтсе де, біз осы қалыптасқан ұғымға кереғар жайттың орын алғанына куә болдым. Темір аудандық музейіндегі көптеген жәдігерлерді аралай жүріп, сол өңірде өмір сүрген зергер, ұсталардың құрал-сайманына көзім түсті. Кезінде шебердің қолынан түспеген сом балға мен қысқыш, көмір оятын балға, шаппа шот,



Сур. 10. Айдос Мұратовтың жасаған туындылары. Шалқар аудандық тарихи-өлкетану музейі.



Fig. 10. Derivative of Aidos Muratov. Shalkar District Museum of local lore.



Сур. 11. Ұсталардың құрал-саймандары,
Темір аудандық музейі

Fig. 11. Blacksmith's tools,
Temir District Museum.

жоңғы, бұрғы, кирка, үрлеуіш пен қалақ, тістеуіш пен шымшуырлар қаз-қатар тізіліп тұр (сур. 11). Бұл құралдар музей қорына этнографиялық экспедициялар барысында жинақталған, сондай-ақ жекелеген адамдардың музейге сыйға тартуы барысында толығып отырған.

Осы құралдардың жанында ескірген көрік қойылыпты. Көне мұраларды сақтап, жаңа буынға насихаттап отырған мәдени орталықта сақталған көріктердің бірі аудан тұрғыны Турдамен Қобыланның пайдаланған көрігі (сур. 12). Бұрынғы кездері көрікті бойында қасиеті бар адамдар ұстаған. Оны жоғары ұстап қастерлейтін болған. Көріктің кереметтілігі сондай, ауру адамдарды емдеп жазған. Сонымен бірге көрікті ерте заманда зергерлік бұйым жасау кезінде металлды қыздыру үшін үрлеп тұратын құрал ретінде пайдаланған. Ұста, зергерлер пайдаланған бұл бұйымның көлемі мен қолдану тәсілдеріне қарай бірнеше түрі болған. Олар – қол көрік, мес көрік, қос көрік, жел көрік. Қазір ол кәсіппен айналысушылар жоқтың қасы (АӨЖМ, Мұғалжар ауданы, 2020).

Қорытынды

Ақтөбе облысы қазақтарының әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерінде әлі де жалғасын тауып отырған дәстүрлі мәдениет элементтері бар. Оны жергілікті тарихи-өлкетанулық



Сур. 12. Көрік.
Темір аудандық
музейі.

Fig. 12. Blacksmith
bellows. Temir District
Museum.

музейлердің коллекцияларынан көруге болады. Бұған жоғарыда жазылған мәлімет арқау бола алады. Сонымен қатар жергілікті жерлерде дәстүрлердің жаңадан жаңғырғаны да, өзгеріске ұшырағаны да кездеседі. Өзіндік ерекшеліктері де жеткілікті екендігіне экспедиция барысында көз жеткіздік. Ақтөбе облысы қазақтарының материалдық мәдениетін аймақтық тарихи-өлкетанулық музейлер тұрғысынан талдау қазіргі этнолог, музеолог мамандардың басты мәселесі болуы тиіс. Келешекте бұл мәселе жан-жақты зерделенеді деген сенімдеміз.

Әдебиеттер

1. АӨЖМ. Шалқар аудандық тарихи-өлкетану музейі материалдары. Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы. 2020 жыл.
2. АӨЖМ. Темір аудандық музейі материалдары. Ақтөбе облысы, Темір ауданы. 2020 жыл.
3. АӨЖМ. Байғанин аудандық музейі материалдары. Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы. 2020 жыл.
4. АӨЖМ. Мұғалжар аудандық музейі материалдары. Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы. 2020 жыл.
5. Қазақ кілемдері мен тоқыма бұйымдары Қазақстан Республикасы Мемлекеттік музейі коллекциясынан. (Ғылыми каталог. Казахские ковры и ковровые изделия из коллекции Центрального Государственного музея Республики Казахстан. Научный). Ғылыми ред. және жоба жетекшісі Нұрсан Әлімбаев. – Алматы: ICOS, 2012. – 384 б.
6. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» 1998. – 470 б.
7. Қазақ халқының ұлттық киімдері. Национальная одежда казахского народа. National dothes of Kazakh people. /Құраст. Б. Хинаят. А. Сужикова. – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2011. – 384 б.
8. Автордың ел арасынан жинаған материалдары (АЕАЖМ). Сырғабекова Жанбөпе. 1938 ж.т. Қолөнер шебері. Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Аққкемер ауылы, 2020 ж.
9. (АЕАЖМ). Шүренғалиева Жәмиля. 1938 ж.т. Қолөнер шебері. Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Дияр ауылы, 2020 ж.
10. (АЕАЖМ). Нұрымбетова Райхан. 1952 ж.т. Қолөнер шебері. Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, 2020 ж.
11. (АЕАЖМ). Елбайқызы Күлзира. 1958 ж.т. Қолөнер шебері. Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Оймауыт ауылы, 2020 ж.
12. (АЕАЖМ). Қалиев Өмірбек. 1962 ж.т. жаста. Етікші. Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Жарқамыс ауылы, 2020 ж.
13. (АЕАЖМ). Қуанғалиева Ақбибі. 1963 ж.т. Ісмер. Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, 2020 ж.

References

1. АӨЖМ. Shalqar aýdandyq tarıhı-ólketanıń mýzei materialdary. Aqtóbe oblysy, Shalqar aýdany. 2020 jyl.
2. АӨЖМ. Temir aýdandyq mýzei materialdary. Aqtóbe oblysy, Temir aýdany. 2020 jyl.
3. АӨЖМ. Baıǵanın aýdandyq mýzei materialdary. Aqtóbe oblysy, Baıǵanın aýdany. 2020 jyl.
4. АӨЖМ. Muǵaljar aýdandyq mýzei materialdary. Aqtóbe oblysy, Muǵaljar aýdany. 2020 jyl.
5. Qazaq kilemderi men toqyma buıymdary Qazaqstan Respyblikasy Memlekettik mýzei koleksiasynan. (Ǵylymı katalog. Kazahskie kovry ı kovrovye izdelia iz kolleksii Sentralnogo Gosýdarstvennogo mýzeia Respyblikı Kazahstan. Naıchnyı). Ǵylymı red. jáne joba jetekshisi Nursan Álimbaı. – Almaty: ICOS, 2012. – 384 b.
6. Qazaqstan ulttyq ensiklopediasy. – Almaty: «Qazaq ensiklopediasy», 1998. – 470 b.
7. Qazaq halqynyń ulttyq kiimderi. Nasionalnaia odejda kazahskogo naroda. National dothes of Kazakh people. /Qurast. B. Hinaiat. A. Sýjkova. – Almaty: Almatykitap baspasy, 2011. – 384 b.
8. Avtordyń el arasynan jınaǵan materialdary (AEAJM). Syrǵabekova Janbópe. 1938 j.t. Qolónér sheberi. Aqtóbe oblysy, Muǵaljar aýdany, Aqqkemer áyly, 2020 j.
9. (AEAJM). Shúrenǵalievá Jámilá. 1938 j.t. Qolónér sheberi. Aqtóbe oblysy, Baıǵanın aýdany, Dıar áyly, 2020 j.
10. (AEAJM). Nurymbetova Raihan. 1952 j.t. Qolónér sheberi. Aqtóbe oblysy, Baıǵanın aýdany, 2020 j.
11. (AEAJM). Elbaıqyzy Kúlzıra. 1958 j.t. Qolónér sheberi. Aqtóbe oblysy, Baıǵanın aýdany, Oımaıyt áyly, 2020 j.
12. (AEAJM). Qaliev Ómirbek. 1962 j.t. jasta. Etikshi. Aqtóbe oblysy, Baıǵanın aýdany, Jarqamys áyly, 2020 j.
13. (AEAJM). Qýanǵalievá Aqbibi. 1963 j.t. Ísmer. Aqtóbe oblysy, Baıǵanın aýdany, 2020 j.

Елеусизова К.Ж.

Актюбинский региональный университет
им. К. Жубанова
г. Актобе, Казахстан
e-mail: *kukash.96@mail.ru*

Eleusizova K.Zh.

K.Zhubanov Aktobe Regional University
Aktobe, Kazakhstan
e-mail: *kukash.96@mail.ru*

ВЛИЯНИЕ КРАЕВЕДЧЕСКИХ МУЗЕЕВ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ НА СОВРЕМЕННУЮ ЭТНОКУЛЬТУРУ

В статье предусмотрено сохранение образцов материальной культуры местных казахов в фондах историко-краеведческих музеев Актюбинской области. Известно, что единственным объектом изучения материальной культуры казахского народа являются краеведческие музеи. Это показывает, что материалы, связанные с традиционной казахской культурой в краеведческих музеях, важны для науки. Кроме того, отсутствие сохранности некоторых образцов материальной культуры у населения вынуждает этнографов, музейщиков, краеведов работать непосредственно с музейным фондом. При этом изданы каталоги по каждому фонду крупнейших музеев страны, таких как Государственный музей РК, Национальный музей РК. Однако коллекции и фондовые материалы малых краеведческих музеев на местах до сих пор не вошли в полный научный оборот. Прежде всего материалы фондов историко-краеведческих музеев следует рассматривать как главный объект в отражении истории и культуры местного населения.

Ключевые слова: *экспозиция, музей, ремесла, этнография, обычаи, традиции.*

INFLUENCE OF LOCAL HISTORY MUSEUMS OF AKTOBE REGION ON MODERN ETHNOCULTURE

The article provides for the preservation of samples of the material culture of local Kazakhs in the funds of local history museums of the Aktobe region. It is known that the only object of study of the material culture of the Kazakh people are local history museums. This shows that materials related to traditional Kazakh culture in local history museums are important for science. In addition, the lack of preservation of some samples of material culture among the population forces ethnographers, museum workers, and local historians to work directly with the museum fund. At the same time, catalogs were published for each fund of the largest museums in the country, such as the State Museum of the Republic of Kazakhstan, the National Museum of the Republic of Kazakhstan. However, the collections and stock materials of local history museums are not yet in full scientific circulation. First of all, the materials of the funds of local history museums should be considered as the main object in clarifying the history and culture of the local population.

Keywords: *exposition, museum, crafts, ethnography, customs, traditions.*

ӘОК 94:008(574)

***Сайлау А.¹, Әубәкір Г.²**

¹Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі

²Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің Ақмешіт филиалы

Қызылорда қ., Қазақстан

*e-mail: askhat.saylau@mail.ru

СЫР БОЙЫНДАҒЫ БАТЫРЛАР МҰРАСЫ

Мақалада «Ұлттық рухани жаңғыру» жобасы аясында Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі, Ақмешіт филиалы мен «Qyzylorda» телеарнасы бірлескен ғылыми-зерттеу жобасы туралы айтылады. Белгісіз болып келген, қазақ тарихында өзіндік орны бар Сыр бойынан шыққан даңқты батырлар Төлекқожа Қылышқожаұлының (1713 – 1798 жж.) қылышы (осы уақытқа дейін Өзбекстанның Ташкент қаласының жанындағы Янгиюль ауылында сақталып, жақында елімізге әкелінген), Жанқожа Нұрмұхаммедұлының (1774-1860 жж.) (генерал-губернатор В.А. Перовский сыйға берген) қаруы, жорық кезінде тұмарындай сақтаған «Нұрнама» кітабы, жорық кезінде от жағатын шақпақ тасы, Бұқарбай Естекбайұлының (1812-1898 жж.) қылышы (ұрпақтарының қолында сақталған), батырдың есімі жазылған күміс мөрі және тудың шашағы, Қайқы Ұзақұлының (1845-1918 жж.) мылтығы және күміс белдігі туралы құнды тарихи деректер қамтылған. Тарихи-танымдық бағыттағы «Құнды жәдігер» жобасы бойынша бұл жәдігерлер музей қызметкерлері тарапынан зерттеліп, алдағы уақытта ғылыми айналымға енетін болады.

Түйін сөздер: музей, қылыш, мылтық, мөр, белдік.

Кіріспе

«Ұлттық рухани жаңғыру» жобасы аясында Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі (Ақмешіт филиалы) және «Qyzylorda» телеарнасы бірлескен «Құнды жәдігер» жобасы аясында әулие-әнбие, ахун-ишандармен қатар қазақ тарихында азаттық күресі жолында өзіндік орны бар батырлар институтының өкілдері болып табылатын XVIII ғасырда жоңғар шапқыншылығына қарсы күрескен Төлекқожа батыр Қылышқожаұлы (1716-1798 жж.), XIX ғасырда Ресей

империясы, Қоқан және Хиуа хандықтарына қарсы Сыр бойы қазақтарының көтерілісін басқарып, Кенесары хан Қасымұлының қазақ даласындағы ұлт-азаттық көтерілісіне қолдау көрсеткен Жанқожа батыр Нұрмұхаммедұлы (1774-1860 жж.), Бұқарбай батыр Естекбайұлы (1812-1898 жж.), XIX ғасырдың II жартысында Сыр бойында аса беделді болған Қайқы батыр Ұзақұлының (1845-1918 жж.) өмірі мен қызметі және пайдаланған заттарын зерттеп, зерделеу арқылы тарихи-танымдық материалдар ел назарына ұсынылды.

Төлекқожа батырдың қылышы

Төлекқожа батыр Қылышқожаұлы XVIII ғасырда жоңғар шапқыншылығына қарсы атақты Абылай ханның ту ұстаған батырларының бірі болған. Қожа Ахмет Яссауидің туған ағасы Хазіреті Шайықтың ұрпағы саналады. Батыр өз уақытында Аққорған қаласын қорғаушы ретінде ерен ерлігімен көзге түсіп, мыңбасы ретінде талай қиян-кескі соғыс жорықтарына қатысып, тапқырлығымен танылған. 1757 жылғы Жоңғар қақпасындағы соңғы шайқасқа дейінгі ірі жеңістердің барлығында Қабанбай, Алтыбай, Ақтанберді, Есенбет, Жәнібек, Малайсары, т.б. батырлармен бірге Сыр өлкесінен шыққан Төлек батыр да ерлік көрсеткен. Жазушы Жолдасбай Тұлыбайұлының 1987 жылы жарық көрген «Тамыз таңы» атты романында Хангелді батырдың ұлы Райымбек батыр және Төлек батырдың ерлігі жайлы әңгімелейді. Ел аузындағы деректерде Төлек батыр ат үстіндегі соғыс өнерін жоғары меңгергендіктен сауытты көп пайдаланбаған көрінеді. Ат үстінде бірде оң жағына, сол жағына, бірде бауырына өтіп, соғыс қаруларын аса ептілікпен қорғана отырып жұмсаған.

Ел аузында Төлекқожа батыр жайлы мынадай аңыз сақталған. Бірде Аққорған қаласы жоңғарлардың қоршауында қалады. Үш қатар судан өтіп, биік дуалды қорғанға жетемін дегенше қазақтар жаудың біраз сарбаздарын жайратады. Күн ыстық, жоңғарлар кешкі салқынмен соғысайық деп, өз-өздерімен келіседі де, қалың сексеуілді көлеңкелеп дем алады. Сол уақытты пайдаланып Төлекқожа батырдың нұсқауымен Жақып батырды бір шанаш оқ-дәрімен қоса жиденің ұзын-ұзын қабығын дайындап, қорғаннан жіппен төмен түсіреді. Құпия жолмен судан өтіп, қалың сексеуілді паналап шанаштағы оқ-дәріні жиде қабығына себелеп от қояды да өзі қашып келіп қорғанға кіреді. Алдын-ала жиденің шайыры мен қабығын оқ-дәрімен араластырып, дайындалған отты шарды, тасатқыш құралға салып атып, жанып жатқан сексеуілдің арасынан жарылыс жасайды. Аяқ астынан үргін-сүргінге ұшыраған, аттарынан айырылып жаяу қалған жоңғарларды Төлекқожа бастаған сарбаздар қырғынға ұшыратады. Екінші жағынан Жақып батыр сарбаздары жоңғарлармен соғысып, екі мыңға жуығын Сырдарияға тоғытып, аттарын,

күш-көліктерін олжаға алған. Қазір сол қанды шайқас болған жер Арасат құмы деп аталады.

XVIII ғ. 70-жылдары Абылай хан бастаған батырлар мен сарбаздар қалмақтарды Балқаш көлінен өткізіп салып, екі жақ соғыспауға келісім жасаған қағазына 14 адамның бірі болып Төлек батырдың да қол қойғаны жайлы айтылады (Шалапов, 2019: 176).

1798 жылы дүниеден өтіп, Жаңақорған өңірінде Аққорғанда жерленген. Қазіргі уақытта батырдың мұрасы ретінде қылышы сақталған (Сур. 1). Жәдігерді батырдың ұрпағы саналатын Ташкенттің Янгиюль ауылының тұрғыны Шаймардан Ысқақов Пахраддин Садықовқа аманат етіп тапсырған. Кейін музейге Мадиярхан Тұрсынқожаұлы сыйға берген. Жәдігердің ұзындығы – 62,5 см, жүзінің ені – 4 см, сабының ұзындығы – 14 см, жүзінің ортасына арнайы дола ойығы салынған. Кейін сабы қайта жаңғыртылған (Жаңақорған аудандық тарихи-өлкетану музейі қоры, 2021: 18).



Сур.1. Төлекқожа батыр қылышы. XVIII ғ.

Fig.1. Tolekkozha batyr's sword. XIII century.

Жанқожа батыр мұрасы

Жоба барысында XIX ғасырда Ресей империясы, Қоқан және Хиуа хандықтарына қарсы Сыр өңіріндегі ұлт-азаттық көтерілістің жетекшісі Жанқожа батыр Нұрмұхаммедұлының мұрасы зерттелді.

Жанқожа батыр XVIII ғасырдың соңында өткен қазақ-қарақалпақ қақтығысына, XIX ғасырдың өн бойындағы Хиуа хандығының озбырлығына қарсы соғыстарға Кенесары ханның Сыр бойы мен Созақ өлкесін қоқандықтардан азат ету жорықтарына қатысты. Басқыншыларға қарсы ымырасыз күрес жүргізген жаужүрек батыр солардың көбін өзі басқарып, қолбасшылық дарынымен көзге түсті. Халық арасында «Ел қорғаны ер Жәкең» атанған Жанқожа батыр өмірінің соңында Ресей отаршылдарының зорлығына қарсы азаттықтың ақ туын көтеріп, Сыр бойының малшы-дихандарын бастап, айтулы батырларымен – қандыкөйлек жолдастарымен бірге мұздай қаруланған орыс әскеріне қарсы жорыққа шықты. Көзі тірісінде-ақ аты бүкіл Шекті руларының ұранына айналған Жанқожа батыр Сыр өңіріне ерекше қадірлі болды.

Жанқожа батырдың ауылы жазда Қарақұмды, қыста Ырғызды жайлайды. Қоқан хандығының озбырлығы салдарынан Созақ бекінісінде орналасқан әкімдерінің жергілікті халыққа салынатын алым-салықтан тыс көрсеткен зорлық зомбылықтарының күшеюі қазақтардың бас біріктіріп, бұл қамалға шабуыл жасауына себепкер болды. Орыс офицері И.В. Аничковтың мәліметі бойынша, Қоқан әкімі Дәурен Созақ қаласының бектері Отыншы, Сушымен бірігіп Сарман биді өлтіреді. Созақта тұратын Құрман би араша түсуді өтініп, Жанқожаға арнайы хабар жібереді. Жанқожа елден қол жинап, Созаққа жорыққа аттанып, жолда Жаңақорған, Жөлек бекіністеріндегі қоқандықтарды қуады. 1830 жылдың күзінде көтерілісшілер Созақ бекінісін қоршауға алып, көмекке келген қоқандық Таған палуанды жекпе-жекте қолға түсіреді. Содан кейін Жанқожа жасақтары бекіністің дарбазасын бұзып кіріп, Созақты басып алады. Есесіне қоқан бектері Отыншы мен Сушыны қолға түсіріп, баласын өлтіргені үшін Құрман биге тапсырады. Кейбір деректерде Жанқожа батыр Қоқан хандығының Шымқорған, Қосқорған, Күмісқорған тәрізді бекіністерін

